



5 ЖЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП **2022**

Мазмұны

Кіріспе сөз 2

1 АХҚО — 5 жылдық жетістіктер 6

АХҚО туралы 8
АХҚО дамуының негізгі кезеңдері 12
Бағалау мен танылу 17

2 АХҚО — бизнес үшін тартылыс нүктесі 28

Инвестициялық шолу 30
Өңірлік интеграция 32
Экожүйенің артықшылықтары 36
Бизнестің өсуіне мүмкіндіктер 38

3 АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы 40

АХҚО инвестициялық хаб ретінде 44
АХҚО өңірлік қаржы орталығы ретінде 48

4 АХҚО экожүйесінің өсуі 56

Реттеуші режим 58
Құқықтық режим 74
Сауда инфрақұрылымы 84
Орнықты даму 93
Инновациялар мен технологиялар 102
Адами капиталды дамыту 112

5 Корпоративтік басқару 114

АХҚО корпоративтік басқару қағидаттары 116
Корпоративтік құрылым 117
Тәуекел менеджменті және ішкі аудит 119
Этикалық мәдениет 120

6 Қосымша 122

АХҚО-да бизнес ашу 124
АХҚО-ның құқықтық және реттеуші базасы 125
АХҚО кешені 126
АХҚО байланыс деректері 127

Глоссарий 128



КІРІСПЕ СӨЗ



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасының
Президенті

«Қазақстан нарықтық, еркін әрі бәсекеге қабілетті экономиканы қарқынды ілгерілетуге бағытталған дамудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр. Мұндай жағдайда шетелдік инвесторлар мен сауда серіктестерінің сенімін сақтап қалу және нығайту біздің басты басымдығымыз болып қала береді. Осыған байланысты **инвестициялардың сенімділігі мен қауіпсіздігінің кепілі ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін** барынша пайдаланған жөн».

2022 жылғы 27 маусым

«**Әділ әрі бейтарап сот жүйесі** ғана қуатты экономика мен лайықты бизнес-климат құрудың негізі – инвесторлардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың басты кепілі дәл осы болуға тиіс. Инвестициялық дауларды шешу тұрғысында және АХҚО-ның тәуелсіз соты мен Халықаралық төрелік орталығының әлеуетін толық пайдалануға шақырамын».

2022 жылғы 22 ақпан

«Шетел капиталы үшін бәсекелестік артқан кезде әрбір капитал иесімен тікелей жұмыс істеуге баса мән беру қажет. Әр инвесторға арналған жекелеген қолдау шаралары қолға алынуы керек. Сол шараларды басымдылығына және тұтас экономикаға тигізетін нақты әсеріне қарай қабылдаған жөн.

Осы маңызды жұмыс барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі басымдығы бар салалардағы стратегиялық инвесторлар үшін бүкіл инвестициялық заңнаманың тұрақтылық режимін қамтамасыз етуі тиіс.

Инвестициялар тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін белсенді пайдалануды жандандыру керек. Бұл мемлекеттік активтерді алдағы жекешелендіру барысында аса маңызды болмақ.

Сонымен қатар бизнестегі дау-дамайларды шешу кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен АХҚО төрелігін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет».

2020 жылғы 11 мамыр





РЕНАТ БЕКТҰРОВ

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысы*

2018 жылы ресми қызметі басталған сәттен бері АХҚО Қазақстан экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу, бағалы қағаздар нарығын дамыту, қаржы қызметтері секторының деңгейін арттыру және жаңа компанияларды оқшауландыру, сондай-ақ АХҚО-ның жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде танылуы жөніндегі орталықтың міндеттеріне қол жеткізу үшін берік іргетас қалауда елеулі табысқа қол жеткізді.

Осы жылдар ішінде әлемдік қоғамдастықтың жоғары сеніміне ие болған АХҚО юрисдикциясы, сондай-ақ 35 түрлі қаржылық қызметті ұсынуға арналған реттеуші орта жаңадан құрылды. Нарықтың жаһандық қатысушыларымен интеграцияланған бағалы қағаздар биржасы, сондай-ақ қаржылық қызметтер саласындағы кәсіптік оқыту академиясы құрылды. Бүгінгі таңда АХҚО-да әлемнің 70-тен астам елінен 1 700-ден астам компания тіркелген, 1 600-ден астам сот дауы шешілді. Бес жылғы қызмет ішінде АХҚО алаңы арқылы шамамен 8 млрд АҚШ доллары, оның ішінде портфельдік инвестициялар (акциялар нарығы – \$356 млн, борыштық нарық – \$2,4 млрд), акционерлік капиталға \$1,6 млрд сомасына инвестициялар және \$3,6 млрд мөлшерінде тікелей инвестициялар тартылды. Кәсіби өсу академиясында 16 000-нан астам адам оқудан өтті. Қол жеткізілген нәтижелер әлемдік қоғамдастық үшін Қазақстанның инвестициялық тартымды бағыт ретінде танымалдығын арттыруға мүмкіндік берді, бұған оның Қаржы орталықтарының жаһандық индексіндегі жоғары позициялары дәлел бола алады. АХҚО-ның алғашқы Басқарушысы доктор Қайрат Келімбетовтің қаржы орталығын құру және дамыту бойынша белгіленген нәтижелерге қол жеткізудегі сүбелі үлесін жоғары бағалаймын.

Кейінгі бес жылда АХҚО өзі үшін Қазақстанның экономикалық дамуы мен өсуіне жәрдемдесу және қолдау көрсету мақсатында құрылған платформаларды тиімді пайдалана отырып, өз дамуының нысанасын айқындады.

Соңғы бес жылда барлығымыз жергілікті және жаһандық деңгейде экономикалық және инвестициялық нарық конъюнктурасының өзгерісіне куә болдық. Экономикалық турбуленттілік пен геосаяси шиеленіс инвесторларға таңдауды барынша мұқият жасауға себеп болды. Қазақстанда болған саяси өзгерістерге және минералды ресурстар, инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі, сондай-ақ жас және саны өсіп келе жатқан жұмысшы халық сияқты елдің инвестициялық негіздеріне оң баға берілгеніне қарамастан, инвесторлар әлі де инвестициялық мүмкіндіктерді іздеу проблемасымен бетпе-бет келуде. Осыған байланысты, тәуекелі ең төмен және ұқсас мүмкіндіктерге қолжетімділігі жеңілдетілген анағұрлым бәсекеге қабілетті жаһандық инвестициялық нарық жағдайында біздің еліміз инвестициялар тарту бойынша өзінің күш-жігерін айтарлықтай жандандыруы қажет.

2023–2024 ЖЫЛДАР ПЕРСПЕКТИВАСЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Бұл тұрғыда АХҚО қолайлы ортасы, кәсіби командасы, сондай-ақ жеке және жария нарықта инвестициялар тарта алатын сауда алаңы бар өзінің юрисдикциясының арқасында елге инвестициялардың тартылуына және олардың өсуіне жәрдемдесу үшін барлық мүмкіндіктерге ие. АХҚО-ның даму стратегиясын іске асырудың жаңа тәсілдері тікелей шетелдік инвестициялар ағынына, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы арқылы акционерлік және борыштық капиталдың өсуіне жәрдемдесу арқылы елдің экономикалық өсуін қолдауға бағытталатын болады. Осыған байланысты, алдағы жылы орталықтың қызметі келесі бағыттарға арналатын болады:

ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

- Өнімдер мен мәмілелер орталығының мамандары қолдау көрсететін клиенттер топтарымен өзара әрекеттесудің дифференциалданған тәсілін жасау.
- Қазақстан үшін неғұрлым маңызды не олқылықтары бар деп айқындалған, инвесторлар үшін басым географиялық өңірлерді, секторлар мен сегменттерді ескере отырып, инвестицияларға жәрдемдесу.
- Тәуекел үшін елдік сыйлықақыны төмендету немесе тиісті ынталандыруды енгізу арқылы инвестициялық тартымдылықты арттыру саясатындағы өзгеріс.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ӨСУІН ЖЕДЕЛДЕТУ

- Компаниялар листингіне және жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді дамытуға жәрдемдесу, халықаралық қор басқарушыларының қатысуын кеңейту және АХҚО-да тіркелген қорларды басқару индустриясын дамыту.
- Бағалы қағаздар нарығын толыққанды дамыту үшін қажетті инфрақұрылым мен қызметтердегі олқылықтарды жою, атап айтқанда, қорлар мен активтерді басқару индустриясының өсуін қолдау мақсатында қорларды басқарудың жаһандық платформасының болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ көміртегі бірліктері саудасының нарығын дамыту.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Қаржы қызметтері нарығын жандандыру мақсатында АХҚО акциялар, борыштық міндеттемелер, көміртегі шығарындылары, қорлар және активтерді басқару нарықтарының өсуіне бағытталған құқықтық және реттеуші ортаны одан әрі дамытуға баса назар аударады. Сондай-ақ орталық алаңына осы өнімдерді

ұсынатын жаңа отандық және шетелдік компанияларды белсенді тартуға күш-жігер жұмсалатын болады.

АХҚО жаһандық нарықтардағы өзгерістерді қадағалап отырады және тиісінше, қорларды басқару қағидаларына немесе санкциялық тәуекелдерге қатысты өзінің құқықтық және реттеуші базасын жетілдіретін болады.

ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

Инновациялар АХҚО-ның орталықты дамыту тәсілдерінде де, қаржылық қызметтер секторын дамытуда да айрықша ерекшелігі болып қала бермек. Сонымен бірге АХҚО өзінің A-Pro тренингтік академиясы арқылы қаржы қызметтері секторындағы қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға жәрдемдесуді жалғастырады. Қаржы қызметтері саласындағы инновациялар экожүйеге қатысушылар үшін де, АХҚО үшін де ықтимал тәуекелдердің салдарын жұмсартуды ескере отырып, цифрлық активтер экожүйесін дамытуға бағытталатын болады.

БІРЫҒАЙ АХҚО

2023 жылдың наурыз айында қабылданған АХҚО-ның жаңа ұйымдық құрылымы, оның операциялық моделі және корпоративтік мәдениеті стратегиялық бастамаларды іске асырудың негізгі факторы болды. Инвестицияларды тарту жөніндегі орталықтың күш-жігерін қолдау үшін клиенттермен жұмыс істеу, өнімдер және секторлар бойынша негізгі бөлімшелер құрылды.

Алдағы жоспарларда АХҚО бірыңғай маркетингтік стратегиясы және клиентке бағдарланудың, тиімділіктің және нәтижеге бағдарланудың, айқындылық пен инновацияларға ашықтықтың жоғары деңгейі бар барынша интеграцияланған операциялық модель аясындағы жұмысқа баса назар аударатын болады.

* Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы Жарлығымен лауазымға тағайындалды.



 Authority

 ARF

01. АХҚО — 5 жылдық жетістіктер



АХҚО ТУРАЛЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) – бизнесті жүргізу, жергілікті және шетелдік инвестицияларды тарту үшін сенімді инфрақұрылым мен юрисдикцияны, бірегей өнімдер мен қызметтерді қамтамасыз ететін Қазақстан экономикасындағы және одан тыс жерлердегі қаржылық инновациялардың драйвері.

ПАЙЫМ



Қазақстан экономикасын одан әрі өсіру үшін ел экономикасындағы инвестициялар мен қаржылық инновацияларға арналған драйвер және негізгі хаб болу.

МИССИЯ



Инвестициялау және бизнес жүргізу үшін бірегей инфрақұрылымды, сенімді юрисдикцияны, тәуелсіз сот пен төрелік қызметтерді ұсыну, сондай-ақ инновацияларды қолдау және қаржы өнімдері мен қызметтері саласындағы әлеуетті дамыту есебінен Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына ықпал ету.

МІНДЕТТЕР



1. қаржы қызметтері саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу;
2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту және оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету;
3. Қазақстан Республикасында сақтандыру, банк қызметтері, исламдық қаржыландыру, қаржы технологиялары, цифрлық активтер, электрондық коммерция және инновациялық жобалар нарығын дамыту;
4. үздік халықаралық тәжірибелер негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту;
5. қаржы орталығы ретінде халықаралық тұрғыда танылу.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес 2015 жылы Қазақстан астанасында қаржы саласындағы ерекше құқықтық режимі бар «Астана» халықаралық қаржы орталығы құрылды. АХҚО-ның ресми ашылуы 2018 жылы қаржы орталығының инфрақұрылымын қалыптастыру аяқталған, орталықтың негізгі органдары мен ұйымдары құрылған, сондай-ақ АХҚО алаңында алғашқы тіркелген қатысушылардың қызметін бастау үшін қажетті құқықтық және реттеуші база қабылданған кезде өтті.

АХҚО өзіне Нью-Йорк, Лондон, Гонконг, Сингапур және Дубай сияқты әлемнің жетекші қаржы орталықтарының озық тәжірибелерін қабылдап алды. Посткеңестік кеңістікте алғаш рет АХҚО алаңында Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, заңнамасына және прецеденттеріне негізделген **жалпы құқық жүйесі** енгізілді.

Сенімді құқықтық және реттеушілік базаны қамтамасыз ету аясында халықаралық стандарттар мен жетекші практикаларға негізделген, әлемдік инвестициялық қоғамдастыққа жақсы таныс әрі түсінікті **АХҚО-ның 80-нен астам жалпы қолданылатын және қаржылық реттеуге қатысты актісі** қабылданды.

Бүгінгі таңда қаржы орталығының алаңы капиталға қолжетімділікті және әртүрлі қаржылық қызметтер мен инвестициялау құралдарының кең спектрін, сондай-ақ АХҚО қатысушылары санының қарқынды өсуіне ықпал ететін қолайлы салық, визалық және еңбек режимдерін ұсынады.

Әлемнің **70 елінен 1 700-ден астам резидент**, олардың ішінде жетекші халықаралық инвестициялық институттар, қаржы корпорациялары, банктер АХҚО экокүйесінің артықшылықтары мен бірегейлігін бағалап үлгерді.

Түрлі қызметтерді ұсыну және бизнес жүргізу үшін қалыптасқан жағдайлар Астана қаласының **жетекші өңірлік қаржы орталығы және инвестициялық хаб** – әлемнің түкпір-түкпіріндегі инвесторлар мен нарық қатысушылары үшін басты бағыт ретінде қалыптасып, танылуына ықпал етті.

АХҚО мен Астана қаласы жаһандық инвесторлар үшін қаржылық және кәсіптік қызметтер мен инвестициялар объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін «бірыңғай терезенің», сондай-ақ өңір елдерінің бизнесі үшін халықаралық нарықтарға шығу үшін байланыстырушы «көпір» қызметін атқарады. Жалпы құқыққа негізделген АХҚО құқықтық базасы мен юрисдикциясы халықаралық компанияларға түсінікті әрі таныс.



БІРЕГЕЙ ЭКОЖҮЙЕ ЖӘНЕ СЕНІМДІ ИНСТИТУТТАР

АХҚО экожүйесінің негізін «АХҚО туралы» Конституциялық заңда айқындалған АХҚО органдары, сондай-ақ АХҚО қызметінің стратегиялық бағыттарын дамытуға ықпал ететін бірқатар негізгі ұйымдар құрайды:



АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын ең жоғарғы орган. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ның жетекші халықаралық қаржылық қызметтер орталығы ретінде қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

АХҚО органдарының, оның ішінде олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен, институттармен, заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ басқа да мекемелермен өзара іс-қимылы кезінде үйлестірілген жұмыс істеуі мақсаттары үшін арнайы әкімшілік-басқару функциялары мен өкімдік өкілеттіктері бар лауазымды тұлға.

АХҚО ОРГАНДАРЫ

Authority

АХҚО әкімшілігі орталықтың даму стратегиясын әзірлеуге және қаржылық қызметтерді реттеуге қатысы жоқ мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге жауапты орган. Орталықтың әлемдік нарықтармен интеграциясы аясында АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен, институттармен және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатады.

AFSA

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті қаржылық және нарықтық қызметтің барлық түрлерінің, қосалқы қызметтердің интеграцияланған реттеушісі, сондай-ақ орталықтың қатысушыларын тіркейді. Комитеттің миссиясы – АХҚО аясында қаржы жүйесінің, капитал нарығының әділ және ашық жұмысын қамтамасыз ету.

Court

АХҚО соты орталықтың аясындағы коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы. Сот жалпы құқық саласындағы 9 жоғары білікті судьядан және коммерциялық дауларды шешу кезінде айрықша юрисдикцияға ие (қылмыстық немесе әкімшілік даулар бойынша юрисдикциясы жоқ) Тіркеушіден тұрады.

IAC

Халықаралық төрелік орталығы АХҚО аясында азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін халықаралық жоғары стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот талқылауына тәуелсіз балама ұсынады. ХТО алқасына 41 беделді халықаралық төреші мен медиатор кіреді.

АХҚО ҰЙЫМДАРЫ

AIEX

АХҚО биржасы (Astana International Exchange) жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке бизнестің өсуін қаржыландыру және тұтас экономиканың дамуы үшін платформа құру арқылы Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі интеграцияланған және белсенді капитал нарығын дамыту мақсатында құрылған.

GFC

Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) жасыл және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторларға стратегиялық консультациялар беру арқылы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірі экономикасының орнықты даму жобаларына инвестициялар тарту мақсатында құрылған.

Tech

АХҚО Тех Хабы АХҚО-ның негізгі бизнес-бағыттарында табысқа жетуін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ Қазақстанның инновациялық технологиялар саласында өңірлік көшбасшы болып қалыптасуына жәрдемдесу үшін қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, финтех-компанияларды және инвесторларды біріктіретін экожүйені дамыту мақсатын көздейді.

BSPD

Үзіліссіз кәсіби даму бюросы АХҚО экожүйесінде және одан тысқары жерлерде үзіліссіз даму, кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және қолдау, қолжетімді сараптама және нарық мамандарының ашық диалогы үшін цифрлық білім беру платформаларын құру арқылы адами капиталды дамытуға жәрдемдеседі.

АХҚО ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

I КЕЗЕҢ — АХҚО-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ (2015—2017 ЖЫЛДАР)

2015

МАМЫР

– ҚР Президентінің «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 19 мамырдағы Жарлығына қол қойылды

ЖЕЛТОҚСАН

– «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 7 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы қабылданды

– АХҚО әкімшілігі құрылды

– ҚР Президентінің «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығына қол қойылды

– ҚР Президентінің «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағының шекарасын айқындау туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығына қол қойылды

2016

МАМЫР

– АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ның даму стратегиясын және АХҚО органдарының құрылымын қабылдады

– 2016 жылғы Астана экономикалық форумы аясында «Экономикалық өсудің халықаралық тәжірибесі: АХҚО-ны дамытуға арналған тетіктер мен құралдар» панельдік сессиясы өткізілді

– ҚР Президентінің төрағалығымен Шетелдік инвесторлар кеңесінің АХҚО қалыптасуы мен дамуына арналған 29-шы пленарлық отырысы өткізілді

2017

ҚАҢТАР

– АХҚО-да қаржылық қызметтерді және олармен байланысты қызметті тәуелсіз реттеуші орган ретінде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) құрылды

АҚПАН

– АХҚО Құқықтық-консультативтік кеңесі құрылды.

НАУРЫЗ

– Қазақстан Республикасының Конституциясы Астана қаласының шегінде қаржы саласында ерекше құқықтық режим белгіленетіні туралы нормамен толықтырылды

– АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы құрылды

ҚАЗАН

– АХҚО Экспат орталығы құрылды

ҚАРАША

– АХҚО биржасы (AIX) құрылды

– АХҚО-ның жасыл қаржы жөніндегі тұжырымдамасы мен стратегиясы қабылданды

– АХҚО-ның Қаржы технологиялары жөніндегі халықаралық сараптамалық кеңесі құрылды

ЖЕЛТОҚСАН

– АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы құрылды

– Шанхай қор биржасы мен Nasdaq АХҚО биржасының стратегиялық серіктестері атанды

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Ислам қаржысы қызметтері жөніндегі кеңестің (IFSB) және Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудиторлық ұйымының (AAOIFI) толыққанды мүшесі болды

– АХҚО-ның жалпы қолданылатын және қаржылық реттеу актілері қабылданды

2018

ҚАҢТАР

– АХҚО қызметі ресми түрде іске қосылды

АҚПАН

– АХҚО Ислам банктері мен қаржы институттарының (CIBAFI) Бас кеңесінің мүшесі болды

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Қытайдың бағалы қағаздарды реттеу комиссиясымен (CSRC) өзара түсіністік туралы алғашқы меморандумға қол қойды

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Әбу-Даби нарық реттеушісімен FinTech аясындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

– АХҚО биржасы жасыл және ислам қаржысы құралдарын шығару жөніндегі ережелерді қоса алғанда, Ережелер Жинағын қабылдады

НАУРЫЗ

– АХҚО Ислам қаржысы жөніндегі консультативтік кеңесі құрылды

– Seedstars халықаралық серіктеспен бірлесіп FinTechStars Acceleration халықаралық бағдарламасы іске қосылды

СӘУІР

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) құрамына қауымдастырылған мүше ретінде кірді

МАУСЫМ

– АХҚО Жасыл қаржы орталығы және АХҚО Жасыл қаржы жөніндегі консультативтік кеңесі құрылды

ШІЛДЕ

– Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен АХҚО ресми түрде ашылды

– АХҚО алаңында Astana Finance Days 1-ші форумы өтті

– АХҚО Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының (WAIFS) негізін қалаушы-мүшесі болды

ҚЫРКҮЙЕК

– АХҚО Ислам қаржысы жаһандық сыйлығының (GIFA 2018) аясында үш марапатқа ие болды

ҚАЗАН

– АХҚО IOSCO қолдауымен жыл сайынғы Халықаралық инвесторлар апталығын (WIW) алғаш рет өткізді

– Goldman Sachs инвестициялық банкі АХҚО биржасының серіктесі атанды

ҚАРАША

– АХҚО биржасында сауда-саттық ресми іске қосылды – «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының IPO-сы өтті

– АХҚО биржасы Еуроазиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) мүшесі болды

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Халықаралық сақтандыру қадағалау органдары қауымдастығының (IAIS) құрамына қабылданды

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (BCBS) өңірлік тобы саналатын Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдарының (BSCEE) тобына кірді

– Қытайдың Жібек Жолы Қоры АХҚО биржасының серіктесі атанды

ЖЕЛТОҚСАН

– АХҚО Биржасында «Белдеу және Жол» нарығының арнайы биржалық секторы құрылды

2019

ҚАҢТАР

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті әлемдік реттеушілер тобымен бірлесіп Қаржылық инновациялардың жаһандық желісін (GFIN) іске қосты

АҚПАН

– АХҚО биржасы Ұлыбританияның Корольдік салық және кеден қызметінен (HMRC) «танылған қор биржасы» мәртебесін алды

– АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы электрондық сот төрелігінің жаңа жүйесі eJustice-ti іске қосты

НАУРЫЗ

– АХҚО юрисдикциясында «Қазақстандық инвестициялық даму қоры» тікелей инвестициялар қоры және оның активтерін инвестициялық басқаратын Басқарушы компания құрылды

– Астана қаласы Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне (GFCI 25) 102-ден 51-орынға көтеріліп, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірі рейтингінде 1-орынға ие болды

СӘУІР

– АХҚО-да Заң қызметін құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі консультативтік топ құрылды

– АХҚО биржасында алғашқы шетелдік эмитент – «Полиметалл» тау-кен компаниясының листингі өтті

– АХҚО Финтех хабы құрылды

МАУСЫМ

– АХҚО Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі орталық кеңесі (Шариғат кеңесі) құрылды

ШІЛДЕ

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO MMoU) консультациялар, ынтымақтастық және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қойды

– АХҚО алаңында Astana Finance Days 2-ші форумы өтті

ТАМЫЗ

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Сақтандыру реттеушілерінің Азия форумының мүшесі болды

ҚЫРКҮЙЕК

– АХҚО сотының бірінші төрағасы Лорд Вульфтың «АХҚО соты: қазіргі сәті мен болашағы» атты кітабының ресми тұсаукесері өтті

2020**АҚПАН**

– «Шеврон» және «Теңізшевройл» компаниялары Қазақстандағы дауларды шешу орны ретінде АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығын таңдады

НАУРЫЗ

– АХҚО биржасында Катар Халықаралық ислам банкінің ислам бағалы қағаздарының (сукук) алғашқы кросс-листингі өтті

– АХҚО биржасында Қазақстанда юаньмен номинацияланған алғашқы облигациялардың листингі өтті

СӘУІР

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті COVID-19 жаһандық пандемиясының сын-қатерлеріне жауап ретінде қаржы нарығын қолдау шараларын ұсынды

МАМЫР

– Заң технологияларын дамыту жөніндегі консультативтік кеңес құрылды

ШІЛДЕ

– АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ны дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа стратегиясын қабылдады

– Astana Finance Days 3-ші форумы өтті

– АХҚО биржасы Өңірлік акциялар нарығының сегментін (REMS) іске қосты

– АХҚО орталық қатысушыларына арналған eResidence онлайн платформасын іске қосты

ТАМЫЗ

– «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АХҚО биржасында алғашқы жасыл облигацияларды орналастырды

– АХҚО биржасы FTSE Frontier Index Series талаптарына сай келетін сауда алаңы болып танылды

ҚЫРКҮЙЕК

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті сақтандыру компанияларын трансшекаралық қадағалау саласындағы жаһандық келісімнің (IAIS MMoU) 75-ші қатысушысы болды

– ХТО-ның Төрелік және дауларды баламалы шешу 2020 саммиті өткізілді

– АХҚО биржасы өзінің сауда инфрақұрылымын (Nasdaq сауда жүйесі) Amazon Web Services бұлтты шешіміне көшірген әлемдегі алғашқы биржа болды

ҚАЗАН

– Лондон қор биржасында және АХҚО биржасында Kaspi.kz финтех-компаниясының IPO-сы өтті

ҚАРАША

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысты IOSCO өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумына (IOSCO EMMoU) қол қойды

ЖЕЛТОҚСАН

– АХҚО Экспат орталығы көрсеткен қызметтер саны 10 000-ға жетті

– АХҚО биржасы бөлшек инвесторларына арналған Tabys App мобильді қосымшаны іске қосты

– АХҚО биржасында Ислам даму банкінің исламдық бағалы қағаздарының (жасыл сукук, орнықты сукук және дәстүрлі сукук) кросс-листингі өтті

– Ислам даму банкінің техникалық көмегімен (гранты) Қазақстанда Ислам қаржысын дамытудың 2025 жылға дейінгі Жол картасы әзірленді

2021**ҚАҢТАР**

– АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдары тобында (BSCEE) 2021 жылғы төрағалықты қабылдады

СӘУІР

– Қазақстан астанасы алғаш рет Жаһандық жасыл қаржы индексіне (GGFI 7) кіріп, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде 1-орынды және әлемдік рейтингте 57-орынды иеленді

МАМЫР

– АХҚО Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) Орталық Азиядағы «Белдеу және Жол» бастамасы үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңесіне айналды

– АХҚО комитеті төрағалық етуші ұйым құқығында Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдары тобының 33-ші жыл сайынғы конференциясын өткізді

ШІЛДЕ

– АХҚО алаңында Дүниежүзілік экономикалық форум Төртінші өнеркәсіптік революциясының (4ӨР) Қазақстандағы Үлестес орталығы ресми ашылды

– АХҚО Тех Хабы Mastercard және Интернет-бастамаларды дамыту қорымен серіктестікте Қазақстандағы банктер үшін алғашқы финтех-акселераторды іске қосты

– Astana Finance Days 4-ші форумы өтті

– АХҚО биржасы AIX Qazaq Index – Қазақстанмен байланысты компаниялар акцияларының көрсеткіштерін өлшейтін индексті іске қосты

ҚЫРКҮЙЕК

– АХҚО биржасы Дүниежүзілік биржалар федерациясының толыққанды мүшесі атанды

ҚАЗАН

– АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен Қазақстанда алғашқы жасыл несие мақұлданды

– АХҚО алаңында 1000-шы қатысушы тіркелді

ҚАРАША

– Қазақстан Ұлттық Банкі, ҚНРДА және АХҚО комитеті бірлесіп Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізіліп жатқан валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларына қол қойды

– АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен АХҚО биржасында Еуразиялық даму банкінің әлеуметтік облигацияларының дебюттік шығарылымы өтті

– АХҚО биржасында «Самұрық-Энерго» ұлттық компаниясының жасыл облигацияларының ірі шығарылымы өтті

ЖЕЛТОҚСАН

– АХҚО биржасы жаңа өнім – акциялардың тікелей листингін ұсынды

– АХҚО комитеті Орталық Азияның қаржы реттеушілерінің қатысуымен жоғары деңгейдегі алғашқы отырысты өткізді, оның қорытындысы бойынша өңірдегі реттеу саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме қабылданды

2022

ҚАҢТАР

– Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы (ICMA) АХҚО Жасыл қаржы орталығын орнықты облигациялар шығарылымдарының верификаторларының тізіліміне енгізді

– АХҚО биржасының Орталық депозитарийі (AIX CSD) мен Euroclear Bank кеңейтілген есептер сервисін іске қосты

АҚПАН

– АХҚО Жасыл қаржы орталығы Лондон қор биржасының орнықты облигациялар нарығының облигациялары үшін сыртқы шолуды ұсына алады

МАМЫР

– Қазақстан астанасы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде көшбасшылықты сақтай отырып, Жасыл қаржы жаһандық индексінің топ-50 қатарына кірді

– АХҚО Жасыл қаржы орталығы серіктестермен бірлесіп Қырғызстанда GFC Bishkek еншілес компаниясын ашты

– АХҚО-ның «Заң қызметтері туралы» актісі қабылданды және АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу кеңесі құрылды

МАУСЫМ

– Astana Finance Days мерейтойлық 5-ші форумы өтті

– АХҚО-да тіркелген қазақстандық банктер мен криптобиржалардың өзара іс-қимылы бойынша пилоттық жоба іске қосылды

– Ірі қытай компанияларының көрсеткіштерін көрсететін биржалық ноталар АХҚО биржасында листингтелді

– Шариғат талаптарына сәйкес келетін алғашқы биржалық ноталар АХҚО биржасында листингтелді

– АХҚО «Белдеу және Жол» (BRI) бастамасы бойынша Инвестициялық кеңес құрылғанын хабарлады

ШІЛДЕ

– АХҚО Жасыл қаржы орталығы жасыл қаржыландыру стандарттарын айқындайтын халықаралық ұйым – Climate Bonds Initiative-тің аккредиттелген верификаторлары тізіліміне енгізілді

ТАМЫЗ

– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) АХҚО-ның салық режимін салықтық ашықтықтың жаһандық стандарттарына сай келеді деп таныды

ҚЫРКҮЙЕК

– АХҚО базасында Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы ресми іске қосылды

– АХҚО алаңында Қазақстан Республикасының Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың (АЖ/ТҚКІ) ұлттық жүйесін өзара бағалау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы өтті

ҚАЗАН

– АХҚО IOSCO қолдауымен «Орнықты инвестициялау» тақырыбында Халықаралық инвесторлар апталығын өткізді

ҚАРАША

– АХҚО биржасында шетелдік жылжымайтын мүлік нарығының көрсеткіштерін қадағалайтын биржалық ноталар листингтен өтті

– АХҚО Орталық Азияның қаржы реттеушілері арасындағы ынтымақтастық бойынша жоғары деңгейдегі жыл сайынғы кездесу өткізді

– «Азия банкі» ЖАҚ АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен Қырғызстанның алғашқы гендерлік облигацияларын шығарды

ЖЕЛТОҚСАН

– АХҚО биржасында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының IPO-сы өтті

– АХҚО Жасыл қаржы орталығының қатысуымен ЕАЭО Модельдік таксономиясы (жасыл жобалар өлшемшарттары) әзірленді

БАҒАЛАУ МЕН ТАНЫЛУ

Алғашқы бес жылдағы қызметінің қорытындылары АХҚО-ның халықаралық қаржы орталығы ретінде толыққанды қалыптасқанын айғақтайды – ол әлемнің қаржы аренасында танылды, оның жұмысының нәтижелерін әлемдік қаржы және инвестициялық қоғамдастық жоғары бағалап отыр.

Рекордтық қысқа мерзімде АХҚО Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінің қаржы орталықтары арасында көшбасшылық позицияны, сондай-ақ Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне (GFCI) жоғары орынды иеленді, бұл нәтиже қолайлы бизнес-ахуалды және шетелдік инвесторлар тарапынан жоғары сенімді айғақтайды.

Қаржы орталығының қалыптасуы Covid-19 пандемиясынан туындаған әлемдік нарықтардағы жоғары турбуленттілік кезеңіне, салдырынан дамушы нарықтардан капитал кете бастаған өңірдегі күрделі геосаяси жағдайға тұспа-тұс келгеніне қарамастан, АХҚО Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азияның кең өңіріндегі барлық елдер, ЕАЭО, сондай-ақ «Белдеу және Жол» бастамасына қатысатын елдер үшін қаржы қызметтерін дамыту және инвестициялар тарту бойынша тиімді платформаға айнала алды.

Бірегей артықшылықтарымыз бен юрисдикциямызды пайдалана отырып, біз дамудың барлық салаларында прогреске қол жеткіздік. Бүгінгі таңда АХҚО – бұл ұлттық және жеке компаниялардың ірі IPO-ларын өткізуге, мемлекеттік және корпоративтік облигациялар шығаруға, сондай-ақ елдік және өңірлік ауқымдағы ірі инвестициялық мәмілелерді құрылымдауға және қаржыландыруға арналған платформа.


Қазақстан Республикасы Үкіметінің белсенді қолдауымен қаржы орталығы іске қосылған сәттен бастап Қазақстанға **7,9 млрд АҚШ долларынан** астам сомаға портфельдік және тікелей инвестициялар тартқан алаңға айналды, жаһандық корпорациялардан бастап жергілікті стартаптарға дейін **әлемнің 70 елінен 1 700-ден астам компания** АХҚО-ның қатысушысы атанды.

АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы инвесторлардың сенімін нығайтуда, өңірдегі азаматтық және коммерциялық дауларды тиімді шешуде іргелі рөл атқаруды жалғастыруда. Бұл институттар дамудың осы кезеңінде қаржы орталығы үшін сот

және төрелік істердің бұрын-соңды болмаған санын қарады. АХҚО-ның қаржы реттеушісі реттеудің жоғары стандарттарын енгізе алғаны халықаралық деңгейде атап өтілді, ал АХҚО биржасы инвестициялау құралдарының кең спектрін ұсынатын әлемдік деңгейдегі тиімді қор алаңына айналды.

Бүгінде орталықтың Қазақстанның экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі туралы сеніммен айтуға болады. Біз әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды, жаһандық қауымдастық мойындаған құқықтық және реттеуші базаны, сондай-ақ елдің экономикалық басымдықтарын, қаржы институттары мен бизнес-қоғамдастықты дамытуды қолдайтын қолайлы ортаны құрдық.

Сонымен бірге АХҚО мұнымен тоқтап қалмақ емес, жаңа құралдарды әзірлеуде, әртүрлі елдердегі халықаралық әріптестермен және кәсіби қауымдастықтармен байланыс орнатуда, реттеушілік қызметті жетілдіруде, ел экономикасына ірі инвесторларды тартуда, өңірлік интеграция аясында жаңа идеяларды ұсынуда. АХҚО экожүйесінің қатысушыларына стратегиялық қолдау көрсетуді жалғастыра отырып, біз Қазақстан мен бүкіл өңір экономикасының одан әрі тұрақты өсуіне жәрдемдесу үшін бар күшімізді салатын боламыз. Ұзақ мерзімді жоспарда АХҚО әлемнің отыз жетекші қаржы орталықтарының қатарына кіруді көздеп отыр.



5 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР


АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ САНЫ

> 1 700

АХҚО қатысушылары

2018 жылы АХҚО-ның ресми қызметі басталғаннан бері тіркелген қатысушылардың саны бірнеше есе өсіп, әлемнің қаржы орталықтары арасында қалыптасудың бастапқы кезеңі үшін рекордтық көрсеткішті құрады. 565 (+49%) жаңа қатысушы АХҚО экожүйесіне 2022 жылы қосылды.


АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ



АХҚО экожүйесі арқылы тартылған инвестициялар

Соңғы бес жылда АХҚО алаңы арқылы тартылған портфельдік инвестициялардың көлемі 2,7 млрд АҚШ долларын, ал АХҚО қатысушыларының инвестицияларының көлемі – 5,2 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте 2022 жылы тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 1,7 млрд АҚШ долларына (+27%) жетті.

АХҚО ЭКОЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, \$ МЛРД



АХҚО АЛАҢЫ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ

> \$7,9


АХҚО соты мен ХТО-ның кейстері

АХҚО соты мен ХТО қызметі басталғаннан бері 59 сот және 1 585 төрелік және медиативтік істер қарауға қабылданды – бұл өздерінің қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде дауларды шешу институттары үшін бұрын-соңды болмаған көрсеткіштер. АХҚО соты мен ХТО 2022 жылы 697 (+75%) жаңа істі қабылдады. Барлық сот және төрелік шешімдер Қазақстан Республикасының аумағында 100% орындалды.

АХҚО СОТЫ МЕН ХТО ҚАРАУҒА ҚАБЫЛДАҒАН СОТ, ТӨРЕЛІК ЖӘНЕ МЕДИАТИВТІК ІСТЕР САНЫ

1 644

КЕЙСТЕРДІҢ ЖЫЛДАР БОЙЫНША ДИНАМИКАСЫ




АХҚО соты мен ХТО туралы ескертпесі бар келісімшарттар

АХҚО соты мен ХТО-ны дауларды шешу үшін нөмір бірінші таңдау ретінде мойындайтын компаниялардың саны озық қарқынмен өсуде. Олардың ішінде Қазақстанның өнеркәсіп саласының, квазимемлекеттік және жеке сектор компанияларының көшбасшылары бар. Тек 2022 жылы олардың саны 31%-ға өсті.

АХҚО СОТЫ МЕН ХТО ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК ЕСКЕРТПЕСІ БАР ІСКЕРЛІК КЕЛІСІМШАРТТАР САНЫ

> 7 500

СОТ ПЕН ХТО ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ БАР КЕЛІСІМШАРТТАР



FINTECH LAB-ТА
ЛИЦЕНЗИЯ АЛҒАН
КОМПАНИЯЛАР

43

FinTech Lab-та лицензия саны

FinTech Lab реттеуші құм алаңы өздерінің инновациялық қаржылық өнімдері мен қызметтерін жеңілдетілген реттеу режимінде сынақтан өткізу үшін әлемнің түкпір-түкпірінен келген новаторлар үшін танымал платформаға айналды. Осы жылдар ішінде реттеуші құм алаңда қызмет жүргізуге өтінім берген компаниялардың жалпы саны 290-нан астам компанияны құрады.

АХҚО Экспат орталығының қызметтер саны

Шетелдік инвесторлар мен сарапшыларға АХҚО Экспат орталығының «бір терезесі» арқылы көрсетілетін қызметтер саны жыл сайын өсуде. Оларға мемлекеттік және түрлі мемлекеттік емес қызметтердің 500-ден астам түрін алуға жәрдем көрсетіледі.

АХҚО ЭКСПАТ
ОРТАЛЫҒЫ
КӨРСЕТКЕН
ҚЫЗМЕТТЕР

21 000

АХҚО қаржы секторы активтерінің көлемі

АХҚО қаржы секторы компанияларының активтеріне инвестициялық, сақтандыру және банк секторлары кіреді..

АХҚО ҚАРЖЫ
СЕКТОРЫ АКТИВТЕРІНІҢ
КӨЛЕМІ

\$884
МЛН

АХҚО-НЫҢ ҚАЙТА
ДАЯРЛАҒАН КАДРЛАРЫ

>16 500

АХҚО-ның Үзіліссіз кәсіби даму бюросы

Кәсіби сертификаттау және цифрлық білім беру нарығында көшбасшы саналатын АХҚО-ның Үзіліссіз кәсіби даму бюросы саланың кадрлық әлеуетін кеңейту және халықаралық деңгейдегі кәсіби мамандар пулын қалыптастыру үшін үздік әлемдік тәжірибелерді пайдаланады

АХҚО ЭКОЖҮЙЕСІНЕН
САЛЫҚ
АУДАРЫМДАРЫНЫҢ
КӨЛЕМІ

₸50
МЛРД

АХҚО экожүйесінен салық аударымдарының көлемі

Орталық қатысушыларының іскерлік белсенділігінің өсуі аясында АХҚО экожүйесі қатысушыларынан республикалық бюджетке түсетін жиынтық тікелей салық төлемдері жоғары мәнге жетті, бұл ретте 2022 жыл төленген салықтар көлемі бойынша рекордтық (25 млрд теңге) болды.

АХҚО экожүйесінде құрылған жаңа жұмыс орындар саны

Негізі қаланғаннан бері АХҚО кәсіби адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөлді.

+6 500

ЖАҢА ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫ

АХҚО-НЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ТАНЫЛУУЫ

1-ші ▶ **ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН 1-ШІ ЮРИСДИКЦИЯ**

АХҚО Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, заңнамасы мен прецеденттеріне, сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген арнайы құқықтық режимді ұсынады. АХҚО сотын, Халықаралық төрелік орталығын, АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетін, АХҚО биржасын, сондай-ақ АХҚО қатысушыларын қоса алғанда, АХҚО-ның барлық органдары мен ұйымдары өз қызметінде жалпы құқыққа негізделген құқықтық режимді қолданады.

1-ші ▶ **ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕУРОПА, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ КАВКАЗ ӨҢІРІНДЕГІ 1-ШІ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУШІ**

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO EMMoU) құқық қолдану және бағалы қағаздар туралы заңдар мен ережелерді тиісті түрде сақтау саласында трансшекаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Консультациялар мен ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумға (IOSCO EMMoU) қол қойған өңірдегі алғашқы реттеуші болды.

1-ші ▶ **ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ 1-ШІ РЕТТЕУШІ ҚҰМ АЛАҢЫ**

АХҚО-да АХҚО комитетінің жеңілдетілген реттеу режимінде қаржы технологиялары саласындағы инновациялық өнімдер мен сервистерді сынақтан өткізуге арналған өңірдегі жалғыз FinTech Lab реттеуші құм алаңы іске қосылды. Алаң тұтынушыға ұлттық заңнамамен реттелмейтін инновациялық цифрлық қаржы өнімдері мен қызметтерін ұсынатын стартап-жобалар үшін танымал болды. Сәтті сынақтан кейін компаниялар ашық нарықта қызмет жүргізуге АХҚО комитетінің лицензиясын ала алады.

1-ші ▶ **ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ РЕТТЕУ РЕЖИМІН ОРНАТҚАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ 1-ШІ АЛАҢ**

Кешенді цифрлық экосүйені заңнамалық деңгейде дамыту аясында АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетіне қаржы орталығының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалюталарды) шығару, орналастыру және айналысқа жіберу шарттарының тәртібін белгілеу жөнінде құқықтық өкілеттіктер берілді. Бұл ретте майнингті қоспағанда, ҚР аумағында (АХҚО аумағынан басқа) қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналымы мен шығарылуына тыйым салынады.

1-ші ▶ **ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ТМД ӨҢІРІНДЕГІ ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫНА АРНАЛҒАН 1-ШІ ПЛАТФОРМА**

АХҚО ислам қаржысы нарығын дамыту, орталық алаңында әлемнің жетекші ислам қаржысы институттарын орнықтыру үшін қолайлы жағдайлар ұсынады. Қолайлы реттеуші база мен сауда инфрақұрылымы ислам банкингі, исламдық «терезе» арқылы қызметтер көрсету, исламдық қаржыландыру, сақтандыру, исламдық қорларды басқару, исламдық сукуқты қоса алғанда, бағалы қағаздарды шығару сияқты ислам қаржысы операцияларының кең ауқымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1-ші ▶ **ҚАЗАҚСТАНДА, ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ЖӘНЕ ЕАЭО ӨҢІРІНДЕГІ ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ДАМУ ТҮҒА АРНАЛҒАН 1-ШІ ПЛАТФОРМА**

Жасыл қаржы орталығы мемлекеттік, қаржы институттары мен компанияларға стратегиялық шешімдер ұсына отырып, тұрақты қаржыландыруды ілгерілету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. ЖҚО жасыл, әлеуметтік және анағұрлым кең спектрдегі облигацияларды шығаруды қоса алғанда, жасыл және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалануға көмектеседі. ЖҚО-ның қолдауымен Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығының жалпы көлемі 400 млн АҚШ долларынан (шамамен 180 млрд теңге) асты.

АХҚО-ның жетекші халықаралық қауымдастықтардың, бірлестіктер мен жаһандық индекстердің мүшесі атануы, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі беделді наградаларды иеленуі – АХҚО қызметінің жоғары бағасының айғағы болды.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫ (IOSCO)



АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті 2018 жылы Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымына (International Organization of Securities Commissions, IOSCO) қауымдастырылған мүше ретінде қабылданды. Кейінірек АХҚО комитеті консультацияларға, ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты халықаралық танылған көпжақты өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойды (IOSCO MMoU, EMMoU). Келісімдер халықаралық трансшекаралық ынтымақтастық пен реттеуші органдар арасында бағалы қағаздар жөнінде ақпарат алмасудың жаһандық негізін құрайды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (IAIS)




2020 жылы АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдары қауымдастығының өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумына (IAIS MMoU) қол қойды. Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум сақтандыру реттеушілері арасындағы сақтандыру компанияларының ынтымақтастығын, ақпарат алмасуын және қадағалауын қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылы әзірленді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЛЬЯНСЫ (WAIFC)



АХҚО 2018 жылы құрылған Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының негізін қалаушы-мүшесі болды. Бұл қауымдастық әлемнің төрт континентінің 19 жетекші халықаралық қаржы орталығының мүддесін білдіреді, олардың ынтымақтастығы мен озық тәжірибе алмасуына жәрдемдеседі. Бірлестіктің бақылаушылары – өздерінің қаржы орталықтарын дамытып, ілгерілетумен айналысатын мемлекеттік ұйымдар, қауымдастықтар және ұқсас институттар.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БИРЖАЛАР ФЕДЕРАЦИЯСЫ (WFE)



2021 жылы АХҚО биржасы әлемнің әртүрлі елдерінен федерацияның толыққанды мүшелері – 70-ке жуық биржаны қоса алғанда, нарықтық инфрақұрылымның 250-ден астам қатысушысын біріктіретін биржалар мен клирингтік орталықтардың жаһандық салалық қауымдастығына толыққанды мүше ретінде қабылданды. Ұйымның мақсаты – әділ, ашық, тұрақты және тиімді бағалы қағаздар нарығын қолдау және дамытуға жәрдемдесу.

Financial Centres for Sustainability FC4S

2017 жылдан бастап АХҚО 39 мүшеден тұратын орнықты қаржы орталықтарының халықаралық желісінің негізін қалаушы болды. Желінің жұмысы БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына және Париж келісіміне жедел қол жеткізуге, құралдардың кең спектрін ұсыну арқылы орнықты қаржыландыруды дамытуға, сондай-ақ осы саладағы саясатты әзірлеу, ілгерілету мәселелері бойынша жергілікті ұйымдармен және серіктестермен өзара іс-қимылға бағытталған.

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (GFCI)

2018 жылдан бастап Астана қаласы/АХҚО Дүниежүзілік банк, БҰҰ, ЭИДҰ, Economist Intelligence Unit және т.б. сияқты ұйымдардың 150-ден астам макроэкономикалық көрсеткіштерін қамтитын сараптамалық бағалау және аспаптық факторлар негізінде орталықтардың жұмысын бағалайтын қаржы орталықтарының беделді жаһандық индексіне кіреді. Ел мен қаланың бәсекеге қабілеттік көрсеткіштері іскерлік орта, адами капитал, инфрақұрылым, қаржы секторы, бедел сияқты бес бағыт бойынша зерттеледі. 2019 жылы АХҚО алғаш рет әлемнің 100 қаржы орталығының ішінен 51-орынға көтерілді, сондай-ақ Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірі елдері арасында көшбасшы орынға ие болды.

ИСЛАМ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕЛДІК ИНДЕКС (GIFR)**ИСЛАМ ЭКОНОМИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕЛДІК ИНДЕКС (GIEI)**

GIEI

АХҚО-ның ислам қаржысы индустриясын дамытып, ілгерілетуге бағытталған бастамалары Қазақстанға тарихта алғаш рет осы саладағы беделді жаһандық рейтингтерге кіруге мүмкіндік берді. Ислам қаржысы жөніндегі жаһандық есепке сәйкес, Қазақстан Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, Қытай және т.б. елдерден озып, индексте 18-орынды, сондай-ақ Ислам экономикасы жөніндегі жаһандық есепке сәйкес 14-орынды иеленеді. Бұл индекстер ислам экономикасы секторларының, ислам банк секторы индустриясының, қаржылық реттеудің даму деңгейін бағалайды.

ЖАҒАНДЫҚ ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ИНДЕКСІ (GGFI)

АХҚО алғаш рет 2021 жылы Жаһандық жасыл қаржы индексіне енгізіліп, әлемдік рейтингте 57-орынға ие болды және Прага, Варшава мен Ыстамбұл сияқты қалалардан озып, бүгінгі күнге дейін сақтап келе жатқан Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде көшбасшы орынға ие болды. Индекс орнықты дамуды қамтамасыз ететін қаржы жүйесін құрудағы әлемдік қаржы орталықтарының ілгерілеуін көрсетеді және дамудың әлеуметтік және экологиялық аспектілерін бағалайды.

ЖАҒАНДЫҚ ФИНТЕХ ИНДЕКС (GFI)

2021 жылы Қазақстан алғаш рет жаһандық финтех индексіне еніп, Азия-Тынық мұхиты өңірі елдері арасында 13-орынды және жаһандық деңгейде 66-орынды иеленді, бұл нәтижеге соның ішінде АХҚО-ның өз алаңында финтех-экожүйені дамытудағы күш-жігерінің арқасында қол жетті. Бұл рейтинг елдерді жергілікті инфрақұрылымның дамуы, қолайлы реттеуші ортаның болуы, нарықтағы финтех-компаниялардың саны мен деңгейі тұрғысынан бағалайды.

FINANCIAL TIMES STOCK EXCHANGE INDEX (FTSE)

2020 жылы Лондон қор биржасының (LSEG) еншілес компаниясы FTSE Russell АХҚО биржасын FTSE Frontier «шекаралық нарықтар» индекстері сериясының негізгі ережелеріне сәйкес келетін сауда алаңы ретінде таныды. АХҚО биржасының FTSE Frontier Index тізіміне қосылуы Қазақстанды «қайталама дамушы нарықтар» (Secondary Emerging Market) тізіміне енгізу жөніндегі елдің орта мерзімді мақсатына қол жеткізуге қызмет етеді. 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның FTSE Frontier Index «шекаралық нарықтар» индексіндегі үлесі 3,18% (\$3,2 млрд) құрады.

НАГРАДАЛАР

- АХҚО өңірдегі исламдық қаржыландыруды дамытуға қосқан үлесі үшін Global Islamic Finance Awards (GIFA) үш беделді марапатына ие болды.
- АХҚО «Asiamoney New Silk Road Finance Awards» номинациясында жеңіске жетті және «Белдеу және Жол» бастамасы аясында үздік жоба ретінде танылды.

**ИДЕЯЛАРМЕН ӨЗАРА АЛМАСУҒА АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМАЛАР**

АХҚО бес жыл бойы салалық сараптама орталығы ретінде стратегиялық әріптестердің, жетекші халықаралық сарапшылардың, жаһандық даму институттарының, мемлекеттік биліктің, бизнес құрылымдардың, кәсіби және ғылыми қоғамдастық өкілдерінің, сондай-ақ АХҚО экожүйесінің тікелей қатысушыларының қатысуымен қазіргі заманның өзекті тақырыптары бойынша ірі өңірлік конференциялар мен іс-шараларды өткізу алаңына айналуға. Бұл конференциялар экономика, бизнес, қаржы, инновациялар мен технологиялар жөнінде өзекті мәселелердің жай-күйі мен даму перспективаларын талқылау, тәжірибе мен сараптамалық пікір алмасуға арналған тиімді диалог алаңдары ретінде қызмет етеді.

ASTANA FINANCE DAYS

Astana Finance Days ірі өңірлік қаржы конференциясы АХҚО-ның 2018 жылдан бергі жыл сайынғы флагмандық іс-шарасы саналады. Осы жылдар ішінде конференция өз алаңына әлемнің 100 елінен 20 мыңнан астам қатысушыны, оның ішінде мемлекет және халықаралық ұйымдар басшыларын, беделді сыйлықтардың лауреаттарын, шетелдік саясаткерлерді, ғылыми орталар мен талдау орталықтарының, бизнес-қоғамдастықтардың сарапшыларын және т.б. тартты.

AFD аясында негізгі панельдік пікірталастар өтеді, жаңа өнімдер, қызметтер мен инновациялық шешімдер іске қосылады, көрмелер мен форумдар өткізіледі. Өткен жылдар ішінде экономикалық даму, орнықтылық, әлеуметтік жауапкершілік, заңның үстемдігі, цифрландыру, инновациялар және т.б. қатысты қазіргі заманның жаһандық және өңірлік ауқымдағы өзекті сын-тегеуріндері конференцияның тақырыптарына айналды.

Жыл сайынғы негізде AFD аясында АХҚО және тұтастай Қазақстан экономикасын дамытудың негізгі бағыттарын қамтитын мынадай форумдар мен конференциялар өткізіледі:

- Капитал нарықтары форумы
- Құқықтық конференция
- Реттеу форумы
- Жасыл өсу форумы
- Қаржы және технологиялар форумы

WORLD INVESTORS WEEK

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті жыл сайын Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) қолдауымен Халықаралық инвесторлар апталығын өткізеді. IOSCO мүшелері 115-тен астам юрисдикциядағы әлемдік бағалы қағаздар нарығының 95%-дан астамын реттейді. Бұл іс-шараны әлемнің 100-ден астам елінің қаржы реттеушілері халыққа қаржылық сауаттылық негіздері, дұрыс инвестициялау, тұтынушыларды қорғау мәселелері бойынша хабардарлықты арттыру және инвестициялау тәуекелдері туралы ақпарат беру мақсатында өткізеді.

Бес жыл ішінде іс-шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен және әлемнің 30-дан астам елінен 18 мыңнан астам делегат қатысты, инвестициялау негіздеріне, жасыл және орнықты қаржыға, ESG, исламдық қаржыландыруға, цифрлық активтерге инвестициялауға, АЖ/ТҚҚІ қағидаттарына және т.б. арналған түрлі форумдар аясында 30-дан астам сессия өткізілді. АХҚО сарапшылары, сондай-ақ қаржы нарықтары саласындағы отандық және шетелдік мамандар іс-шаралардың спикерлері болды.

>20 000

2018 жылдан бастап әлемнің 100 елінен 20 мыңнан астам адам қатысты

>18 000

2018 жылдан бастап әлемнің 30 елінен 18 мыңнан астам адам қатысты

АХҚО-НЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫ ЭКОЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУЫ



АХҚО өзінің әріптестерінің жаһандық желісін тұрақты негізде кеңейтіп келеді, қазіргі уақытта олардың саны әлемнің 25 елінен 80-нен астам ұйым мен бірлестікті құрайды, олардың ішінде ұлттық және халықаралық реттеушілер, қаржылық даму институттары, қаржы орталықтары, халықаралық қауымдастықтар, қор биржалары, трансұлттық корпорациялар, инвестициялық банктер, аудиторлық және консалтингтік топтар бар. Мұндай әріптестік өзара тиімді ынтымақтастықты, озық тәжірибемен, ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді және өңір мен бүкіл әлемнің қаржы нарықтарының орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында реттеудің үздік стандарттары мен тәжірибелерін қолдауға көмектеседі.





02. АХҚО – бизнес үшін тартылыс нүктесі

C 3.1
IPC Court & IAC

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШОЛУ

Қазақстан шетелдік инвесторлар үшін тұрақты әрі сенімді серіктес болып қала отыр. Ұлттық экономика өңірдегі шиеленісті геосаяси жағдайға қарамастан өзінің тұрақтылығын жоғалтпады, ал ел Үкіметі шетелдік капиталды қолдау мен тарту шараларын үнемі жетілдіріп жатыр.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап инвестициялар тарту – Қазақстанның экономикалық дамуы мен өсуінің басым және негізгі факторларының бірі саналады. Ресми статистикаға сәйкес, барлық жылдар ішінде **Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) көлемі 120-дан астам елден шамамен 420 млрд АҚШ долларын** құрады, бұл Қазақстанның Орталық Азиядағы ең ірі экономика және ТШИ алушы ретіндегі мәртебесін (өңірге салынған барлық салымдардың 70%) растайды.

Соңғы онжылдықта инфрақұрылым, автомобиль жасау, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, құрылыс, көлік және логистика сияқты экономиканың өндіруші және шикізаттық емес секторларын дамытудың арқасында елге ТШИ көлемі салыстырмалы түрде тұрақты жоғары деңгейде қалды. Бүгінде елімізде шетелдік капитал қатысқан 50 мыңға жуық кәсіпорын тіркелген.

Сонымен қатар, 2022 жылы бүкіл әлем бойынша инвестициялық ахуал айтарлықтай өзгеріске ұшырады, өйткені геосаяси жағдай үш түрлі – азық-түлік, отын және қаржы дағдарыстарына әкелді¹, бұл жаһандық және өңірлік деңгейде инвестициялар көлеміне әсер етті.

Осыған қарамастан, Қазақстан шетелдік инвесторлар тарапынан тұрақты жоғары қызығушылықты сақтай отырып, шамамен 28 млрд АҚШ доллары ТШИ (2021 жылмен

салыстырғанда 18%-ға өскен) тарта алды. Бұл ретте республиканың шикізаттық емес секторына тікелей шетелдік инвестициялардың артуы үрдісі байқалады. Машина жасау, жаңартылатын энергетика, ТМК, металлургия, АӨК және т.б. салаларда шетелдік қатысумен 46 инвестициялық жобаны пайдалануға беру қамтамасыз етілді. Өз тарапынан Қазақстан фискалдық және фискалдық емес қолдау шараларын қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде жан-жақты жәрдемді ұсынады, елде 13 арнайы экономикалық және 36 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Қазақстан экономикасына салған инвестициялар көлемі ең көп топ-10 елдің тізімі іс жүзінде бұрынғы орындарда қалды.

Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Бельгия, Ресей, Оңтүстік Корея және Қытай сияқты жетекші елдердің үлесіне тартылған инвестициялардың жалпы көлемінің шамамен 80% тиесілі.

ҚР Үкіметінің жоспарларына сәйкес 2023 жылы шетелдік инвестициялардың көлемін ұлғайту міндеті тұр, ол үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Инвестициялық бағдарламалар арқылы экономиканы әртараптандыруға және бәсекелестікті дамытуға, заңның үстемдігін қамтамасыз ету арқылы инвестициялық ахуалды жақсартуға, ұлттық компанияларды жекешелендіру арқылы мемлекеттің қатысуын қысқартуға бағытталған тиімді макроэкономикалық саясат жүргізілуде. Сонымен бірге

инвесторларды мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіруге, жаңа салық саясатын енгізуге, преференциялар алуға, оның ішінде ірі стратегиялық жобаларды қолдауға арналған инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде жеңілдіктер алуға бағытталған жаңа тәсілдер қабылдануда.

Халықаралық рейтингтік агенттіктерге сәйкес ел экономикасының күшті фискалдық және сыртқы балансына байланысты **Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингі «тұрақты» болжамымен расталды.** Елдің несиелік қабілеттілігінің бұл көрсеткіші маңызды, өйткені ол мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын және қарыз алу құнын айқындайды. Қазақстан инвестициялық тартымды іскерлік ахуалы бар ТМД-дағы санаулы елдердің бірі екенін айт кету керек.

Инвестициялық эконожүйені одан әрі жақсарту үшін 2022 жылы ҚР Үкіметі өңдеуші өнеркәсіпке инвестицияларды ұлғайтуға, қосылған құны жоғары тауарларды өндіруге, сондай-ақ ESG стандарттары талаптарының қатаңдатылуы, жаһандық энергетикалық және технологиялық көшу жағдайында орнықты даму жобаларына инвестицияларды ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін көздейтін **Инвестициялық саясаттың 2026 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасын** қабылдады. Осыған байланысты АХҚО жасыл қаржыландыру бойынша ағымдағы бастамалармен, ESG-ге проактивті көзқараспен және экономиканы цифрлық трансформациялауға қосқан үлесімен Қазақстанның инвестициялық басымдықтарына қол жеткізу саясатын іске асыруға белсенді қатысуда.

Бүгінде мемлекеттік деңгейде **ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі**, сондай-ақ инвестициялық омбудсмен болып саналатын ҚР Премьер-Министрі төрағалық ететін **Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңес** (Инвестициялық штаб) сияқты консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді. Бұл диалог алаңдары инвесторлардың проблемалық мәселелерін, инвестициялық жобаларды практикалық іске асыру мәселелерін тұрақты негізде қарауға

1993 жылдан бастап Қазақстандағы ТШИ жалпы көлемі шамамен

\$420
МЛРД ҚҰРАДЫ

және оларды шешу бойынша жүйелі шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан өз алдына АХҚО-ның қолдауымен өңірдегі жетекші инвестициялық хабтың рөлін сақтау және бекіту мақсатын қойып отыр. Стратегиялық тиімді географиялық орналасуы, ЕАЭО, ШЫҰ, ОТГ сияқты бірлестіктер аясындағы халықаралық альянстардың болуы, сондай-ақ «Белдеу және Жол» халықаралық бастамасы шеңберіндегі өзара іс-қимыл Қазақстанның түрлі салалардағы, оның ішінде трансконтиненталдық сауда бағдарларындағы жетекші рөлін айқындайды.


Ел транзиттік және экспорттық мүмкіндіктерді іске асыру мақсатында мультимодальды логистика жобаларына инвестициялау үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Тек 2023 жылдың өзіне ғана Үкімет Қазақстанның көлік әлеуетін дамытуға шамамен 1,3 трлн теңге бөлуді жоспарлап отыр.

¹ Әлемдік инвестициялар туралы есепке сәйкес (World Investors Report 2022, UNCTAD).

2022 ЖЫЛҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЖІӨ, \$ МЛРД



ҚАЗАҚСТАНҒА ТШИ АҒЫНЫ, \$ МЛРД



ӨҢІРЛІК ИНТЕГРАЦИЯ

Соңғы бірнеше жылда біз экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге, «Белдеу және Жол» бастамасының аясында да, экономикалық өсуге жәрдемдесетін басқа да өңірлік бастамалардың аясында да ауқымды еларалық инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға бағытталған ұлғаю үстіндегі интеграциялық процестердің арқасында өңірдің қарқынды дамып жатқанын байқап отырмыз. Елдер арасындағы серіктестіктің және оларды іске асырудағы ұзақ мерзімді келісімдердің пайда болуы өндірістік кооперацияны дамытуды және қосылған құн тізбегін құруды талап ететін өңірлік интеграцияның неғұрлым сапалы деңгейін көрсетеді. Өз кезегінде, бұл өңірдегі инвестицияларды қаржыландырудың толыққанды жүйесін қалыптастыруды талап етеді және бұл ретте АХҚО өңір елдерінің, өңірге қызығушылық танытқан әлемнің кез келген елінің компанияларының қатысуымен жасалған мәмілелерді құрылымдау үшін ең қолайлы платформаға айналуға.

Жалпы АХҚО-ның мүддесі бірнеше ауқымды өңірді қамтиды. Бірінші кезекте – бұл жалпы халқы 75 млн адамнан асатын бес елден – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстаннан тұратын **Орталық Азия өңірі**. Халықаралық сарапшылар **алдағы 10 жылда осы өңірге шетелден тікелей инвестиция тартылу әлеуеті шамамен 170 миллиард АҚШ доллары, соның ішінде шикізаттық емес секторға шамамен 70 миллиард доллар көлемінде** болады деп болжап отыр². Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2022 жылы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуі кезінде атап өткендей, АХҚО өңірлік жобаларға тікелей және портфельдік инвестицияларды ынталандыруға арналған тиімді платформа бола алады.

Көпжақты өзара іс-қимылдың берік экономикалық базасын қалыптастыру өзекті міндет болып отыр. Көріп отырғанымыздай, өндірістік және сауда жеткізу тізбектері барлық жерде бұзылған жағдайда аймақтандыру үрдісі барған сайын айқын көрініп келеді. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстанның Орталық Азия елдерімен тауар айналымы 40%-дан астамға өсіп, 6,3 млрд АҚШ долларына жеткеніне қарамастан, бұл көрсеткіштер кем дегенде 15 млрд АҚШ долларына бағаланатын барлық әлеуетті толық көрсетпейді. Өңір елдерінің экономикалық кооперациясы ұлттық экономикалардың өсуінің негізгі көздерінің біріне айналуға. Ынтымақтастық сауда-экономикалық хабтарды, өнеркәсіптік кооперация орталықтарын, индустриялық сауда-логистикалық кешендерді, терминалдарды іске қосу арқылы жүзеге асырылады.

Екінші кезекте, АХҚО **Еуразиялық экономикалық одақ** ішіндегі тығыз кооперацияны жалғастыруды көздейді – бұл халық саны 180 млн адамнан асатын және ЖІӨ көлемі 2 трлн АҚШ долларынан асатын ірі нарық. Өңірлік сын-қатерлер жағдайында елдер одақ елдері экономикаларының

тұрақтылығын қамтамасыз ету, кәсіпкерлік және көлік-транзиттік әлеуетті дамыту бойынша белсенді экономикалық шаралар қабылдауда. Жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның одақ елдерімен тауар айналымы 6,5%-ға өсіп, 28 млрд АҚШ долларынан асты. Ауқымды бірлескен жобалар іске асырылуда, Қазақстандағы ЕАЭО елдерімен бірлескен кәсіпорындардың саны бүгінде өнеркәсіп, құрылыс, сауда, қызмет көрсету саласында және т.б. жұмыс істейтін 15 мыңға жуық компанияны құрайды. Бұл факторлар экономикалық байланыстардың нығайтып, сауда-экономикалық кооперацияның дамып және елдердің инвестициялық ынтымақтастығы күшейіп келе жатқанын білдіреді, сонымен бірге одақтың күн тәртібінде ТМД, ШЫҰ және басқа да Азия елдерімен ынтымақтастықты тереңдету мәселелері тұр.

Үшіншіден, еуразиялық экономикалық интеграцияны **Азия мен Еуропаны бірыңғай инфрақұрылыммен байланыстыратын «Белдеу және Жол» халықаралық бастамасымен** ұштастыру жалғасуда. Еуразияның көп бөлігін қамтитын бұл бастама бүгінде әлемдік ЖІӨ-нің үштен бірінен астамын және планета халқының үштен екісін құрайтын әлемнің 70-тен астам елін біріктіреді. Бастама аясындағы негізгі ел саналатын Қазақстан көлік-логистикалық жобаларды, транзиттік дәліздерді бірлесіп дамыту, сондай-ақ энергетика, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен және т.б. салалардағы ынтымақтастықты күшейту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, Қазақстан Қытай нарықтарына тек физикалық инфрақұрылым арқылы ғана емес, сонымен қатар қаржылық және цифрлық инфрақұрылым арқылы да қосылуда, бұл Қазақстан мен өңір елдерінің экономикасын одан әрі әртараптандыруға зор үлес болмақ. Осыған байланысты АХҚО алаңын бүкіл өңірдің ауқымды жобалары, оның ішінде тауарлар мен энергия тасымалдаушылармен сауда жасау үшін Транскаспий халықаралық көлік бағыты үшін инвестициялық плацдарм ретінде пайдалануға ерекше назар аударылуда

АХҚО-НЫҢ ӨҢІРЛІК ДЕНГЕЙДЕГІ РӨЛІ

ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚ

ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Өңір елдерінің инвестициялық жобаларын іске асыруға арналған сапалы инфрақұрылым ұсынады

ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Жалпы құқық негізіндегі сот және коммерциялық дауларды реттеу жүйесі бар

ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Инновациялар мен цифрлық трансформацияны реттеудің икемді рәсімдері мен қағидаттары бар

ӨҢІРЛІК ҚҰЗЫРЕТТЕР ОРТАЛЫҒЫ

Сала, білім және ғылым үшін адами капиталды дамытуға, сондай-ақ өңірден жоғары білікті мамандарды тартуға ықпал ететін

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ


Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін, энергия тиімділігін арттыруға және климаттың өзгеруі салдарын жұмсартуға бағытталған

² <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-na-iv-konsultativnoy-vstreche-glav-gosudarstv-centralnoy-azii-2163148>

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫЛУУЫ

GFCI 33 ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (2023 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ)

Орталық Азия және Шығыс Еуропа өңірінде 1-орын, әлемде 66-орын



«АХҚО – бұл Қазақстан астанасындағы ерекше мәртебесі бар аумақ қана емес, сонымен қатар қаржы орталығы, құзыреттер, кәсіби даму, адами капитал, жасыл экономика және исламдық қаржыландыру орталығы».

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті

АСТАНА – ӨСУ ДРАЙВЕРІ

Соңғы бес жылда картасында АХҚО пайда болуымен Астана еліміздің басқа қалаларынан, сондай-ақ қаржы инфрақұрылымының даму, капиталға қол жеткізу және инвестициялық ресурстардың шоғырлануы деңгейі бойынша бүкіл өңірден айтарлықтай озып, бүкіл Қазақстанның қаржы астанасына айналды.

Бүгінде Астанада қаланың экономикалық дамуына қуатты серпін беретін халықаралық даму институттарының, жетекші қаржы ұйымдарының, ұлттық компаниялардың, технологиялық және өндірістік компаниялардың басым бөлігі орналасқан.

АХҚО инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасайды, бизнеске Астанада бола отырып, бүкіл әлем бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. АХҚО-ның жалпы құқыққа негізделген құқықтық және реттеуші режимдері халықаралық инвесторларға түсінікті әрі таныс.

АХҚО-ның рөлі шетелдік капиталды тарту орталығы және ерекше юрисдикция ретінде әрекет етуді ғана емес, сонымен қатар Астана қаласының «Жаһандық қала» ретінде қалыптасуына ықпал етуді де білдіреді. Орталық қызметінің дамуы туризм, консалтинг, логистика және көлік, қонақ үй бизнесі мен іскерлік туризм сияқты экономика салаларының өсуіне әсер етеді. Қазірдің өзінде көптеген жергілікті компаниялар, сондай-ақ девелоперлер өз нысандарын АХҚО-ға жақын орналастыруға тырысуда, бұл оларға бірқатар қосымша артықшылықтар мен мүмкіндіктер береді.

Бүгінде Астана қаржы орталықтарының жаһандық клубында жоғары бағаланады. Әлемнің қаржы орталықтарының GFCI'33 индексіне сәйкес Қазақстан астанасы Прага, Варшава, Ыстамбұл және т.б. қалаларды басып озып, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде көшбасшы орынға ие болды.

Еуразия континентінің орталығында ыңғайлы орналасуы Астананы экономикалық тиімді көлік, коммуникациялық және логистикалық орталыққа, Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көпірге айналдырады.



ЭКОЖҮЙЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АХҚО жергілікті және халықаралық қатысушылар орталықтың бірегей артықшылықтарын толық пайдалана алатын ортаны құруды көздейді.



АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМИ

АХҚО актілері Англия мен Уэльс құқығының қағидаттары мен әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттары негізінде әзірленген. АХҚО соты мен ХТО – сот талқылаулары мен коммерциялық дауларды шешуге арналған өңірдегі алғашқы тәуелсіз жалпы құқық органдары.

АХҚО-да тараптарға АХҚО соты мен ХТО-ға Астанада болу қажеттілігінсіз, әлемнің кез келген нүктесінен электрондық түрде талап-арыз беруге мүмкіндік беретін eJustice электрондық сот төрелігі жүйесі жұмыс істейді.

АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті – АХҚО аумағында және одан тыс жерлерде көрсетілетін қаржылық, нарықтық және қосалқы қызметтерді тәуелсіз реттеушісі.

АХҚО комитеті IOSCO, IAIS, BCBS, IFSB, OECD, FATF және т.б. қолдайтын қаржылық қызметтерді реттеу мен қадағалаудың үздік халықаралық стандарттарын қолданады.

АХҚО-ның әлеуетті қатысушылары орталық алаңында компанияларды тіркеу үшін eResidence цифрлық жүйесін пайдалана алады.



ТӘУЕЛСІЗ РЕТТЕУШІ



ИННОВАЦИЯЛЫҚ БИРЖАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АХҚО-да жаһандық инвестициялық қоғамдастыққа таныс реттеушілік қағидалар шеңберінде әрекет ететін әлемдік деңгейдегі жоғары технологиялық қор биржасы жұмыс істейді. Биржа Дүниежүзілік биржалар федерациясының мүшесі, сондай-ақ Ұлыбританияның Салық және кеден қызметі тарапынан танылған.

АХҚО-да ұйымның бизнес-мүддесі мен мақсаттарына сәйкес келетін әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандар бар:

Жаңа заңды тұлғаларды құруға арналған 15 түрлі ұйымдық-құқықтық нысан. Компаниялардың басым көпшілігі үшін жарғылық капиталдың минималды мөлшері бойынша талаптар жоқ.

Әр түрлі қорлар, трасттар мен жеке қорларды құру мүмкіндігі.

Компанияны басқа юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына редомициляциялау мүмкіндігі.



БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҚОЛАЙЛЫ ОРТА

100%

ШЕТЕЛДІК ИЕЛІК ЕТУ

АХҚО-да тіркелген компаниялар 100% шетелдік иелік құқығына ие.

АХҚО-ның ресми тілі – ағылшын тілі. АХҚО актілерін әзірлеу және қабылдау, сот ісін жүргізу және құжаттама ағылшын тілінде жүргізіледі.



РЕСМИ ТІЛ – АҒЫЛШЫН ТІЛІ



САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ

АХҚО-да 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін мынадай салықтарды төлеуден босату көзделген:

1) АХҚО қатысушылары үшін:

- «АХҚО туралы» Конституциялық заңда айқындалған қаржылық қызметтерді, сондай-ақ АХҚО, ҚР ҰЭМ және ҚР Қаржыминінің бірлескен актісінде айқындалған қаржылық қызметтерді көрсетуден түсетін кірістер бойынша КТС және ҚҚС-тан;
- «АХҚО туралы» Конституциялық заңда айқындалған қосалқы қызметтер көрсетуден түскен кірістер бойынша КТС-тан босатылады;

2) барлық жеке және заңды тұлғалар үшін:

- АХҚО биржасында листингтен өткен бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен
- АХҚО қатысушыларының жарғылық капиталындағы акцияларын/қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі, дивидендтер түріндегі
- АХҚО биржасында листингтен өткен бағалы қағаздар бойынша сыйақылардан
- бағалы қағаздар сауда-саттығы АХҚО, ҚР ҰЭМ және ҚР Қаржыминінің бірлескен актісінде айқындалған өтімділік өлшемдеріне сәйкес келген жағдайда АХҚО биржасында листингтен өткен бағалы қағаздар бойынша дивидендтер түріндегі кірістер бойынша КТС және ЖТС төлеуден босатылады.

АХҚО қатысушылары үшін АХҚО Экспат орталығында ұсынылатын ерекше жеңілдетілген еңбек және визалық режим қолданылады. Шетелдік қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін Экспат орталығының қызметі ағылшын тілінде «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.



ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ РЕЖИМ

БИЗНЕСТІҢ ӨСУІНЕ МҮМКІНДІКТЕР

АХҚО өзінің ұйымдастырылған алаңы – Astana International Exchange (AIX) арқылы, сондай-ақ нарықтың биржадан тыс сегменті арқылы капитал нарығы саласында қызметтер мен өнімдердің кең спектрін ұсынады. Инвесторлар мен эмитенттерге ұсынылатын негізгі құралдар: акцияларды бастапқы және қайталама орналастыру, акцияларды, егеменді және корпоративтік облигацияларды, депозитарлық қолхаттарды, биржалық қорлар мен ноталарды, сондай-ақ исламдық қаржыландыру құралдары мен юаньмен көрсетілген облигацияларды сату. АХҚО биржасының басты артықшылықтары – ол жұмыс істейтін халықаралық стандарттар негізіндегі оның реттеуші ортасының, жергілікті және шетелдік брокерлерден тұратын дамыған сауда инфрақұрылымының болуы, әртүрлі салалар мен меншік нысандарындағы компаниялардың капиталды тартуға арналған құралдарының алуандығы, сондай-ақ инновациялық өнімдерді, мысалы, бөлшек инвесторларға арналған Tabys мобильді қосымшаны пайдалануы.

АХҚО биржасының ресми тізіміне 85 эмитенттің 129 бағалы қағазы кірді.



БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

Орталықтың қолайлы экожүйесі, мультивалюталық сауда операциялары жергілікті және халықаралық брокерлерге өз шығындарын оңтайландыруға және Орталық Азия нарығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. АХҚО биржасы АХҚО-да және өзге де танылған юрисдикцияларда тіркелген брокерлерге қолжетімділік береді.

АХҚО-да 30 жергілікті және халықаралық сауда мүшелері (CITIC Securities, Renaissance Capital, WOOD & Company Financial Services, China International Capital Corporation Hong Kong Securities, Shenwan Hongyuan Securities, Hong Kong Ltd., Freedom Finance Global, SkyBridge Invest, Halyk Finance, Finance және т.б.) тіркелген.

АХҚО тікелей инвестициялардың, хедж-қорлар және жылжымайтын мүліктің жаһандық және жергілікті менеджерлеріне өз портфельдерін әртарапандыруға мүмкіндіктер ашады. Әлемдік нарық тұрғысынан Астана қызмет жүргізу үшін құрылған қолайлы жағдайлардың арқасында активтерді басқару жөніндегі жетекші халықаралық компанияларды оқшаулауға арналған орын бола алады.

АХҚО-да инвестициялық қорларды басқаратын 25 компания (Branch of SkyBridge JSC in the AIFC, Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company, Alpha State Management, Provident Fiduciary, 50 North Capital, FONTE Capital және т.б.) тіркелген, олар 23 қорды, оның ішінде жылжымайтын мүліктің алғашқы инвестициялық қорды (Real Estate Investment Trust ONE OEIC) құрды және басқарады.

АКТИВТЕРДІ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ

БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Орталық Азия елдеріндегі қолайлы экономикалық жағдай, сондай-ақ коммерциялық банк қызметін көрсету және ірі клиенттерге қызмет көрсету саласындағы қызметтерге сұраныстың артуы АХҚО алаңында жаңа банктерді, сондай-ақ әлемдік банктердің өкілдіктерін ашуға мүмкіндіктер туғызды.

China Construction Bank Corporation, China Development Bank, Branch of the JSC Altyn Bank, Юнбанктің АХҚО-дағы филиалы, Alif Islamic Bank және т.б. АХҚО қатысушылары атанды.

ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Өңірде исламдық қаржыландыру индустриясының өсуіне байланысты АХҚО осы нарықтың алдыңғы қатарлы халықаралық қатысушыларымен ынтымақтасуда. АХҚО нарықта бұрыннан бар және жаңа қатысушыларға ислам қаржысы компанияларын авторизациялауға, сондай-ақ ислам қаржысы құралдары мен исламдық бағалы қағаздарды құрылымдау мен шығаруға қолдау көрсетеді. Ислам қаржысы саласындағы халықаралық және отандық көшбасшылар мен сарапшылардың қолдауымен білім беру семинарлары, шеберлік сабақтары мен сертификаттау бағдарламалары өткізілуде.

АХҚО-ның ислам қаржысы индустриясына Ұлыбритания, АҚШ, Малайзия, Бахрейн, Катар, Пәкістан, Ресей және Қазақстан компаниялары кіреді. АХҚО қатысушыларының қатарында ислам банктері (Al Saqr Islamic Bank, Alif Islamic Bank), ислам қаржысы компаниялары (Kazakhstan Islamic Finance Company), Шариғат саласындағы халықаралық және қазақстандық консалтингтік компаниялар (Amanie Advisors, Sharia Review Bureau, Usmani and Co), исламдық рейтингтік компаниялар (International Islamic Rating Agency), финтех-компаниялар (Wahed Invest, Propportunity) бар. АХҚО биржасының алаңында ислам бағалы қағаздарының (сукук) листингтері өткізіледі.

Орталық Азия елдерінің жасыл экономикаға көшуі және жасыл жобаларды қаржыландыруға деген артып келе жатқан қажеттілік аясында АХҚО Жасыл қаржы орталығы әлеуетті эмитенттерге, инвесторлар мен нарық қатысушыларына қор биржаларында жасыл және орнықты облигацияларды шығаруға дайындық кезінде алғашқы көмек көрсетеді, сондай-ақ орнықты қаржыландыру саясаты саласында стратегиялық кеңес береді.

АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен Қазақстанда АIX және KASE қор биржаларында жасыл және орнықты бағалы қағаздардың алғашқы шығарылымдары өтті, онда «Даму» ҚДК, Еуразиялық Даму Банкі, «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ эмитенттер болды. Қазақстандағы алғашқы жасыл кредиттерді Қазақстанның Даму Банкі, ЕАДБ және Halyk Bank берді. Жасыл қаржы орталығының қолдауымен Қырғызстанда гендерлік облигациялардың алғашқы шығарылымдары өтті, онда «Азия Банкі» ЖАҚ эмитент болды.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ

САҚТАНДЫРУ, ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

АХҚО-да немесе АХҚО-дан қызметін жүзеге асыратын сақтандыру компаниялары қайта сақтандыру және кәптивті сақтандыру қызметтерін ұсыну мүмкіндігімен Қазақстанның қаржы нарығына, ерікті сақтандырудың кейбір түрлеріне (өуе көлігі, су көлігі, ғарыш объектілері, өуе және су көлігінің жүктері), сақтандырудың жаңа түрлеріне (климаттық тәуекелдер, саяси тәуекелдер, кибер тәуекелдер, терроризм тәуекелдері және т.б. сияқты), сондай-ақ сақтандырудың қосымша түрлері (исламдық сақтандыру, кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру, сот шығыстары және т.б.) түрлеріне қол жеткізе алады.

Қазіргі уақытта АХҚО сақтандыру секторы қалыптасу сатысында және бұл қызметті Қазақстандық энергетикалық қайта сақтандыру компаниясы, Lageco Underwriting және Q Insurance сияқты компаниялар көрсетеді.

АХҚО краудфандинг, цифрлық активтермен сауда жасау, FinTech Lab реттеуші құм алаңы режимінде финтех-қызметтерді тестілеп, дамыту, сондай-ақ Қаржылық инновациялардың жаһандық желісі (қаржылық реттеушілер желісі) аясында бірнеше юрисдикцияда финтех қызметті трансшекаралық тестілеу сияқты инвестициялардың жаңа формалары үшін реттеуші негіз құрған өңірдегі алғашқы юрисдикция атанды.

FinTech Fab реттеуші құм алаңына сынақ режимінде цифрлық активтер, ақша қызметтері, краудфандинг, инвестициялық бизнес және т.б. салалардағы 43 компанияға лицензия берілді.

АХҚО юрисдикциясында Amazon Data Services Kazakhstan, Binance, Plug and Play, OneWeb, Tik Tok, Embraer Technology және т.б. сияқты ірі әлемдік компанияларды қоса алғанда, 430-ға жуық технологиялық, IT және финтех компаниялар тіркелді.

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕР

Қосалқы қызметтер секторы заңгерлік, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік және кредиттік-рейтингтік қызметтер сияқты кәсіби қызметтерді ұсына отырып, қаржы нарықтары мен АХҚО қатысушыларының жұмысына қолдау көрсетеді.

АХҚО-да аудиторлық және консалтингтік компанияларды (KPMG, Ernst&Young, Deloitte, Russell Bedford A+Partners), кредиттік рейтинг агенттіктерін (Ислам халықаралық рейтинг агенттігі, аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі), заң фирмаларын (Curtis Mallet-Prevost, Kinstellar) және басқаларды қоса алғанда, қосалқы қызметтер көрсететін 140 компания тіркелген.



**03. АХҚО-ның
2025 жылға дейінгі
даму стратегиясы**

АХҚО-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2020 жылы АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың төрағалығымен орталықтың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын бекітті, құжатта АХҚО-ның инвестициялық хаб және өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасуы үшін стратегиялық бағыттар мен міндеттер, сондай-ақ оларға қол жеткізу үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштері айқындалды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша орталық алаңы арқылы инвестициялар тарту бойынша негізгі көрсеткішке қол жеткізудегі прогресс 80%-ға жетті, бұл қаржы орталығының дамуының озық қарқынын көрсетеді.



СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ: 5 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚОЛ ЖЕТКЕН ПРОГРЕСС

АХҚО дамуының векторы	Стратегиялық міндет	Табыс өлшемшарттары	5 жылдың қорытындысы бойынша прогресс
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ \$10 млрд мөлшерінде инвестиция тарту	Қаржы қызметтері саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу	2025 жылға қарай \$10 млрд инвестиция тартуға жәрдемдесу 2025 жылға қарай GFCI іскерлік орта көрсеткіші бойынша топ-50-ге кіру	АХҚО алаңы арқылы инвестициялар көлемі \$7,9 млрд (2022 жылы +\$1,7 млрд) құрады. Астана қаласы GFCI 33 рейтингінде іскерлік орта көрсеткіші бойынша (2023 жылғы наурыз) 69-орынды иеленді.
ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ қаржылық делдалдықты қолдау	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оны халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялауды қамтамасыз ету	2025 жылға қарай MSCI «шекаралық нарықтар» индексінде Қазақстанның салмағын 5%-ға дейін арттыру 2030 жылға қарай MSCI индексінің «дамушы нарық» мәртебесін алу	2022 жылдың соңына қарай Қазақстан MSCI «шекаралық нарықтар» индексіндегі салмағы 8% жетті. 2030 жылға қарай Қазақстанның MSCI және FTSE индекстеріндегі «дамушы нарықтар» мәртебесіне өтуі жөніндегі жұмыс ҚНРДА төрағалығымен арнайы Басқарушы комитет пен Жұмыс тобы аясында жүргізілуде. АХҚО биржасы өңірлік акциялар нарығы, исламдық қаржыландыру, «Белдеу және Жол» нарығы, тау-кен өндіру, жасыл қаржыландыру, бөлшек инвесторлар нарығы сияқты сегменттерді қоса алғанда, капитал нарығын дамытуды жалғастыруда.
	Қазақстан Республикасында сақтандыру, банк қызметтері, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, электрондық коммерция нарығын және инновациялық жобаларды дамыту	2025 жылға қарай АХҚО-да 2000 компанияны тіркеу	АХҚО қатысушы ретінде 1738 компанияны тіркеді (2022 жылы +565 компания). АХҚО, Қазақстан Ұлттық Банкі және ҚНРДА АХҚО қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттеріне көрсететін қаржылық және қосалқы қызметтердің тізбесін айқындайтын Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтер ұсыну қағидаларын қабылдады.
	Үздік халықаралық тәжірибелер негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту	2025 жылға қарай АХҚО-да қаржылық және кәсіби қызметтер көрсететін 600 компанияны тіркеу	АХҚО қаржылық және кәсіби қызметтер көрсететін 271 компанияны тіркеді (2022 жылы +34 компания).
АХҚО-ның ЖАҒАНДЫҚ ЖАЙҒАСЫМЫ GFCI / WAIFC	Қаржы орталығы ретінде халықаралық танылу	2030 жылға қарай GFCI рейтингінің топ-40 позициясына қол жеткізу және осы орынды сақтау 2050 жылға қарай GFCI рейтингінде топ-30-ға кіру	Астана қаласы/АХҚО GFCI 33 деректері бойынша қаласы әлемдік рейтингте 120-дан 66-орынды және «Шығыс Еуропа және Орталық Азия» өңірі рейтингінде 16-дан 1-орынды иеленді. АХҚО бүкіл әлемнің 19 жетекші халықаралық қаржы орталығын біріктіретін, қаржы орталықтары арасындағы ынтымақтастыққа, озық тәжірибе алмасуға және қалың жұртшылықпен өзара байланыстарды орнатуда жәрдемдесу мақсатын көздейтін Халықаралық қаржы орталықтарының Дүниежүзілік Альянсының (WAIFC) белсенді мүшесі.

Мақсатқа қол жеткізу 80%

Мақсатқа қол жеткізу 87%

Мақсатқа қол жеткізу 45%

АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ

Қазіргі уақытта АХҚО Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту және елдің инвестициялық ахуалын жақсарту жөніндегі ұлттық саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады. АХҚО ел экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін өзінің әлеуетін пайдалана отырып, мемлекеттік инвестициялық архитектураға белсенді интеграцияланған. ҚР Үкіметі мен квазимемлекеттік сектор жасасатын ірі мәмілелер ашықтықты, әділдікті және акционерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар Астана қаласын өңірдің инвестициялық хабы ретінде дамыта отырып АХҚО алаңы арқылы жүргізіледі.

Осы жылдар ішінде ҚР Үкіметімен, елдің негізгі ұлттық инвестициялық агенттерімен бірлескен жұмыс белсенді жүргізілді. АХҚО ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен жаңа жобаларды қолдауды және инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық процесін үйлестіруді қамтамасыз ететін **Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі арнайы кеңестің** (Инвестициялық штабтың) (2021 жылы құрылған), сондай-ақ Kazakh Invest пен АХҚО қызметкерлерінің арнайы командасы, Инвестициялық штабтың жұмыс органы және инвестициялық жобаларды пысықтау кезінде ҚР Үкіметі атынан шетелдік компаниялармен бірыңғай келіссөз жүргізуші Task Force-тың мүшесі екені мәлім.

Өз тарапынан АХҚО фронт-кеңсесі тәуекелдерді төмендету шараларының көмегімен әлеуетті жобалар мен мәмілелерді верификациялауды және құрылымдауды жүргізеді, қолайлы жобалар пулын қалыптастырады. Сондай-ақ, АХҚО алаңы арқылы өңірде болу географиясын кеңейтуді жоспарлайтын халықаралық ойыншылармен, қаржы институттарымен және компаниялармен келіссөздер жүргізілуде, оларға тіркеу және тіркеуден кейінгі қажетті қолдау қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде АХҚО сондай-ақ болу елдеріндегі шетелдік инвесторлар мен инвестициялық жобаларды іздеуді регламенттейтін **ҚР Сыртқы істер министрлігінің елдік инвестициялық бағдарламаларына қатысады**. Бүгінгі таңда Task Force командасы ірі шетелдік инвесторлармен құны 13 млрд АҚШ долларынан астам соманы құрайтын 70-ке жуық келісімді пысықтауда, оның ішіндегі 11 жоба АХҚО юрисдикциясында құрылымдалды.

Ірі шетелдік инвесторлардың сенімін нығайту, инвестицияларының қауіпсіздігі кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында **АХҚО юрисдикциясында ҚР Үкіметімен инвестициялар туралы стратегиялық келісімдер жасасу мүмкіндігі** маңызды жетістік болды. Келісімдер ел үшін стратегиялық маңызды экономика салаларында инвестициялар көлемі кемінде 7,5 млн айлық есептік көрсеткіш (~51 млн АҚШ доллары) болатын ірі жобаларды іске асыруды көздейді. 2021 жылы АХҚО юрисдикциясында осындай бірінші келісімге қол қойылды.

АХҚО-ның Ұлттық инвестициялық экожүйеге неғұрлым тығыз интеграциялануы, орталықтың құралдарының кең жиынтығын пайдалану елдің тартымды инвестициялық ахуалын құруға және оны өңірдің инвестициялық хабы ретінде қалыптастыруға ықпал ететін сөзсіз.

Басты стратегиялық мақсат – қаржы қызметтері саласында тартымды инвестициялық орта құру жолымен Қазақстан экономикасына инвестициялар ағынын ынталандыру және ұлғайту. Мәселен, 2025 жылға қарай АХҚО Жаһандық қаржы орталықтары индексінің (GFCI) іскерлік ортаның көрсеткіші бойынша 10 млрд АҚШ долларына жуық инвестиция тартуды және топ-50-ге кіруді мақсат етіп отыр.

Бес жылдық қызметтің қорытындысы бойынша біз тартылған портфельдік инвестициялар мен қаржы орталығына қатысушылардың Қазақстан экономикасына **7,9 млрд АҚШ долларына** жеткен АХҚО платформасы арқылы инвестицияларының көлемі бойынша рекордтық мәндерді байқаймыз.

Мәселен, ресми сауда-саттық басталған сәттен бастап АІХ алаңы арқылы тартылған портфельдік инвестициялар көлемі шамамен **2,7 млрд АҚШ долларын** (2022 жылы +870 млн АҚШ доллары), оның ішінде акционерлік капитал 356 млн АҚШ долларын және борыштық капитал 2,4 млрд АҚШ долларын құрады. Портфельдік инвестициялардың өсуі мемлекеттік және жеке секторлардың борыштық қағаздарының ұсыныстарын ұлғайту, сондай-ақ IPO, SPO-ға ірі қазақстандық және шетелдік компанияларды, оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп», «ҚазМұнай-Газ» ұлттық компанияларын, сондай-ақ Kaspi.kz технологиялық алыпты шығару есебінен қамтамасыз етілді.

АХҚО қатысушыларының инвестиция көлемі **5,2 млрд АҚШ долларына** жетті (2022 жылы +900 млн АҚШ доллары). «Белдеу және Жол» бастамасы аясында АХҚО қатысушыларының ең үлкен үлесі – Қытай құрылыс банкі және Қытай даму банкі сияқты әлемдік ауқымдағы қытайдың ірі даму институттарының инвестициялары болды, олар шамамен 2,7 млрд АҚШ доллары сомасына тау-кен өнеркәсібі, мұнай және газ саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландырды.

Сондай-ақ, орталық алаңындағы қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасалған инвестициялық қорлар тарапынан да инвестициялардың белсенді ағыны байқалды. Мәселен, АХҚО «Қазатомөнеркәсіп» пен Genchi Global-ды АХҚО юрисдикциясында 500 млн АҚШ долларына дейінгі инвестициялармен KAP Uranium Fund уран қорын құруын қолдады. Бұл ТМД аумағындағы мұндай алғашқы жоба, ал бүкіл әлем бойынша – үшінші жоба.

Бұдан басқа, АХҚО-да мұнай-газ, қоршаған ортаны қорғау, IT және цифрлық технологиялар сияқты басым секторларда 250 млн АҚШ долларына дейінгі инвестициялау қоры бар Chevron Direct Investment Fund тіркелген. Қор жұмыс орындарын құру, кәсіпорындарды дамыту, тәжірибе мен технологияларды беру арқылы жергілікті қамтуды дамытуға инвестиция салуды жоспарлап отыр.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Қытай құрылыс банкі – The Banker, 2022 басылымына сәйкес Қытайдағы ең ірі мемлекеттік коммерциялық банк және капитал көлемі (4,7 трлн АҚШ доллары) бойынша әлемдегі екінші банк. Банк құрылыс саласын кредиттеуге және ипотекалық кредиттерге маманданған, сондай-ақ қорларды басқару, банктің корпоративтік және жеке клиенттері үшін халықаралық банктік операцияларды жүргізу бойынша қызметтер ұсынады.

Қытай құрылыс банкінің «Астана» филиалы 2019 жылы ашылған АХҚО-дағы шетелдік банктің бірінші лицензияланған филиалы болды. Филиалдың ашылуы «Белдеу және Жол» бастамасы аясында Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қаржылық ынтымақтастықтың жаңа платформасын құруға қызмет етеді. Бүгінгі таңда банк Орталық Азия елдері экономикасының негізгі секторларын қаржыландыруға қатысты.

Ынтымақтастықтың маңызды оқиғасы 2020 жылы АХҚО биржасында Қытай құрылыс банкі «Астана» филиалының юаньмен номинацияланған 1 млрд юань сомасындағы облигацияларының ресми листингісі болды, ол сондай-ақ АХҚО биржасының «Белдеу және Жол» сегментінде шығарған алғашқы өнімі болды.

Банк филиалының активтерінің көлемі ашылғаннан бері 6 есеге өсті. Шекарааралық аударымдар мен юаньмен есеп айырысу көлемі айтарлықтай өсті – есеп айырысулардың жалпы сомасы 100 млрд-қа жетті.

Банк Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормаларына және прецеденттеріне, сондай-ақ әлемдік жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген АХҚО юрисдикциясының барлық артықшылықтарын толық пайдаланады. АХҚО-ның филиалдар ашуға қатысты жеткілікті икемді талаптары, қолайлы салық режимі бизнестің табысты дамуына ықпал етеді. Осылайша, АХҚО-да банк филиалының ашылуы Орталық Азияның кең өңірінде қаржыландыруды ұлғайтуға және озық тәжірибені ілгерілетуге мүмкіндіктер туғызды.



ТАБЫСТЫ КЕЙС

KAZAKHSTAN ENERGY REINSURANCE COMPANY

Kazakhstan Energy Reinsurance Company – «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» бас холдингілік компаниясы шеңберлерінде қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыратын «ҚазМұнайГаздың» еншілес ұйымы. Компания АХҚО аумағында 2019 жылдан бастап Қазақстандағы сақтандыру шарттарын жасасу және жүргізу бойынша реттелетін қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған бірінші компания болып, кэптивті сақтандыру компаниясы ретінде қызмет атқарады.

Компания 2004 жылдан бері жұмыс істеп келген Бермуд аралдары юрисдикциясынан АХҚО юрисдикциясына редомициляция жасады, бұл ретте компания барлық мүлктік құқықтарды, жеңілдіктер мен артықшылықтарды, өзіне алған міндеттемелерін, сондай-ақ заңдық мәртебесін сақтап қалды.

КЕРС АХҚО қатысушыларының басқа халықаралық юрисдикцияларға ұқсас қолайлы құқықтық және реттеуші ортаның болуы және олардың бизнесін дамытуға ықпал ететіндігі туралы пікірін қолдайды.

КЕРС компаниясының редомициляциясы қазақстандық активтер мен капиталды шетелдік юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына көшіру процесін бастаудың сәтті үлгісі.

ҰЛТТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМА

2021 жылы мемлекеттік деңгейде инвестициялық жобалар мен инвесторлардың бірыңғай базасын құруды көздейтін ұлттық инвестициялық платформа құру бастамасы іске қосылды. Платформа инвестицияларды тарту кезеңінен бастап жүйенің барлық қатысушыларын интеграциялай отырып, инвестициялық жобаны іске асыруды аяқтау кезеңіне дейінгі түпкілікті бизнес-процесті басқару жүйесін іске асыруға мүмкіндік береді.

АХҚО базасында орналасқан платформаны іске асыру жөніндегі жобалау кеңсесі бүгінде АДБ техникалық көмегі аясында Азия даму банкінің халықаралық сарапшыларымен ынтымақтастықта платформа құру бойынша талдамалық зерттеуді аяқтады. Мәселен, платформа тұжырымдамасын нақтылайтын және платформаны құруға арналған техникалық тапсырманы қамтитын қорытынды есеп жасалды. Есепте сондай-ақ мүдделі ведомстволардың функционалдығы мен жауапкершілігін бөлу жөніндегі ұсынымдар, цифрлық инвестициялық платформаларды әзірлеу, енгізу және басқару саласындағы халықаралық тәжірибе негізінде платформаны функционалдық толтыру жөніндегі ұсынымдар қамтылады. Қазіргі уақытта әлеуетті жеткізушілермен – ұқсас платформаларды әзірлеуде қажетті сараптамасы мен тәжірибесі бар технологиялық әзірлеуші серіктестермен келіссөздер жүргізілуде.

АХҚО БАЗАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстанға шетелдік инвестициялар ағынын жандандыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде 2022 жылы АХҚО базасында Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. Бағдарлама инвесторлар мен олардың отбасы мүшелерінің АХҚО құралдарына, атап айтқанда АХҚО алаңында тіркелген компаниялардың бағалы қағаздарына, инвестициялық қорларына және жарғылық капиталына инвестициялар салған жағдайда Қазақстан Республикасының көп реттік кіру визасын алуын білдіреді. Инвестор қажетті шарттарды сақтаған жағдайда АХҚО тиісті мемлекеттік органдарға ҚР ағымдағы көші-қон заңнамасына сәйкес инвесторларға және олардың отбасы мүшелеріне виза беру (5 жыл мерзімге) туралы өтініш жасайды.

Бұл бағдарламаның инвесторлар үшін тартымдылығы оларға қосымша салық жеңілдіктерін пайдалануға, атап айтқанда, республикалық бюджетке жыл сайын тіркелген алым төленген жағдайда, өзінің шетелдік кірістеріне салық салудан босатыла отырып, оңайлатылған тәртіппен Қазақстан Республикасының салық резиденті ретінде танылуына болатын мүмкіндікпен байланысты.

АХҚО тарапынан әлемдік тәжірибеге ұқсас бағдарламаларды енгізу тәжірибесі, сондай-ақ халықаралық келісімдер мен ағымдағы заңнаманың талаптары негізінде бағдарламаны іске қосу бойынша мұқият дайындық жұмыстары жүргізілді. ҚР Үкіметінің қолдауымен Қазақстанның көші-қон және салық заңнамасына барлық қажетті түзетулер қабылданды, сондай-ақ АХҚО-ның «Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы туралы» актісі әзірленіп, бекітілді, оған сәйкес бағдарлама ресми түрде іске қосылды. Сонымен бірге АХҚО өңірлік және жаһандық деңгейде бизнес-қоғамдастықтарда бағдарламаны ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуде.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Merz Leasing – халықаралық қаржы нарықтарында 30 жылдан астам тәжірибесі бар швейцариялық Merz Financial қаржы тобының еншілес компаниясы. Merz Leasing 2020 жылдан бастап Қазақстанның ауыл шаруашылығы дамыған 11 облысындағы ШОБ субъектілеріне бәсекеге қабілетті шарттармен қаржылық лизинг ұсынады. Компанияның қызметтері ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өндіретін өнімнің сапасы мен көлемін арттыру мақсатында жоғары технологиялық жабдықтар мен техникаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

АХҚО-ны компанияны тіркеу алаңы ретінде таңдауға әсер еткен негізгі өлшемшарт инвестордың қауіпсіздігі мен мүдделерін қорғауға кепілдік беретін АХҚО-ның тәуелсіз құқықтық жүйесінің, сондай-ақ қолайлы салық режимінің болуы болды.

Компанияның Қазақстандағы қызметі басталғаннан бері 100-ге жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері компанияның клиенттері атанды, оларға 300-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы жеткізілді. Компания өз клиенттеріне заманауи және жоғары технологиялық жабдықтар мен техникаға жылдам әрі жедел қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, өңірдегі жетекші лизингтік компания болуды жоспарлап отыр.



АХҚО ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

Қаржы қызметтері саласының өсуімен АХҚО өңірдегі қаржылық делдалдықты дамыту бойынша жетекші платформа ретінде өз позициясын нығайтып келеді. АХҚО банктер, брокерлер, инвестициялық және сақтандыру компаниялары, консалтингтік, заңгерлік және дәстүрлі, инновациялық өнімдер мен қызметтердің кең спектрін ұсынатын түрлі компаниялар шоғырланған тиімді және тартымды бизнес-ортасы бар алаңды қамтамасыз етеді.



2005 жылы құрылды



2002 жылы құрылды



2018 жылы құрылды



1971 жылы құрылды

ТІРКЕЛГЕН КОМПАНИЯЛАР

1 500

Катар қор биржасы (1995)

3 644

Nasdaq Дубай (2005)

1 738

Astana International Exchange (2018)

3 500

Сингапур биржасы (1999)

НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРЫЛУЫ

\$168

млрд

\$37

млрд

\$40

млрд

\$830

млрд

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ

51

174

129

651

ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ

- Банктік қызметтер
- Корпорацияларға/ірі клиенттерге банктік қызметтер көрсету
- Инвестициялық банкинг
- Жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- Активтерді басқару
- Бөлшек сауда схемалары
- Білікті инвесторлар схемалары
- Жеке орналастыру схемалары
- Сақтандыру, қайта сақтандыру
- Кэптивті сақтандыру
- Исламдық қаржыландыру
- Инвестициялық консалтинг және қызметтер
- Сенімгерлік бизнес
- Кэптивтік құрылымдар
- Капитал нарығының құралдары
- Финтех

- Банктік қызметтер
- Жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- Банкердің инвестициялық қызметі
- Брокерлік қызмет
- Капитал нарығы
- Инновацияларға лицензия
- Сақтандыру, қайта сақтандыру және кэптивті сақтандыру
- Қорларды басқару
- Активтерді басқару
- Капиталды басқару
- Акционерлік капитал
- Корпоративтік кеңселер
- Кәсіби қызметтер
- Исламдық қаржыландыру
- Финтех
- Арнайы компаниялар
- Ритейл және бөлшек сауда
- Дәмханалар мен мейрамханалар
- Көркем галереялар

- Капитал нарығы
- Көпжақты сауда алаңы
- Брокерлік қызмет
- Активтерді басқару
- Қорларды басқару
- Банктік қызметтер
- Исламдық қаржыландыру
- Сақтандыру, қайта сақтандыру, кэптивті сақтандыру
- Қаржылық технологиялар
- Жасыл және орнықты қаржы
- Қосалқы қызметтер
- Холдингтік компаниялар, бас кеңселер және реттеуге жатпайтын өзге де коммерциялық қызмет
- Көпжақты/ұйымдастырылған сауда алаңдары

- Активтерді басқару
- Кәсіпорындарды қаржыландыру
- Капиталды басқару
- Валюта нарығы және деривативтер нарығы
- Бекітілген кірісі бар бағалы қағаздар
- Инфрақұрылымдық қаржыландыру
- Орнықты қаржыландыру
- Тәуекелдерді сақтандыру және қаржыландыру

АХҚО-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЛАНДШАФТЫ

	Дәстүрлі құралдар	Ислам қаржысы	Жасыл/Орнықты қаржы	Технологиялық / Цифрлық құралдар
Капитал нарығы	<ul style="list-style-type: none"> Акциялар (жай акциялар және ЖДҚ) Облигациялар (корпоративтік, егеменді) Биржалық инвестициялық қорлар / биржалық ноталар 	<ul style="list-style-type: none"> Сукук (корпоративтік, егеменді) *Шариғат талаптарына сай келетін биржалық ноталар 	<ul style="list-style-type: none"> *Жасыл, әлеуметтік және тұрақты облигациялар *Жасыл және әлеуметтік несиелер * Орнықты дамумен байланысты облигациялар ESG-есептілік * Жасыл акционерлік капитал 	<p>Қызметтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> Анонимді автоматты сауда Нақты уақыттағы нарық деректері Букбилдинг РЕПО Бағалы қағаздарға несие беру қызметтері Маркет-мейкер қызметтері + Мультивалюталық есептеулер Кеңейтілген есеп айырысу қызметі Айырбастау: ЖДҚ <-> акциялар Тізілімді жүргізу Депозитарлық қызметтер Кепілдерді тіркеу
Сақтандыру	<ul style="list-style-type: none"> Сақтандыру/Қайта сақтандыру Кәптивті сақтандыру Сақтандыру делдалдары 	<ul style="list-style-type: none"> Такафул/Ретакафул Такафул операторы Делдалдар 		
Корпоративтік банктік қызмет көрсету/жеке банктік қызмет көрсету/жеке капиталды басқару	<ul style="list-style-type: none"> Андеррайтинг/кепілдемелер/кепілгерлік/актуарий қызметтері 			
Активтерді басқару	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік банктік қызмет көрсету – дәстүрлі/исламдық Жеке банктік қызмет көрсету Депозиттер, несие желілері/исламдық несиелер, коммерциялық/синдикатталған қарыздар, СНА кепілдігімен несиелер беру Корпоративтік қаржы, дискрециялық мандаттар/консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған мандаттар, консалтингтік қызметтер*, мәмілелер мен кастодиандарды ұйымдастыру, бірігу және қосып алу Сауда-саттықты қаржыландыру (несиелік желіні, кепілдіктерді, айналым капиталын, жеткізілім тізбегін қаржыландыру шешімдерін қоса) FICC – тұрақты кірісі бар құралдар, валюта және шикізат тауарлары 			<ul style="list-style-type: none"> Аударымдар/ақша айырбастау Robo-консультациялар Цифрлық (мобильді) банкинг
Баламалы қаржыландыру/инновациялар	<ul style="list-style-type: none"> Арнайы мақсаттағы компаниялар арқылы инфрақұрылымдық қаржыландыру Құрылымдалған өнімдер, секьюритизация Активтер негізінде қаржыландыру (қорларды қаржыландыру, лизинг/жалдау, жылжымайтын мүлік, әуе кемелері, лизинг) 	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл технологиялар * Көміртегі бірліктері саудасы 	<ul style="list-style-type: none"> Реттеуші технологиялар Заң технологиялары + Цифрлық активтер + Краудфандинг Венчурлық мәмілелер айырбасталатын нота, SADE, KISS, Жеке орналастыру (ICO) 	
<p>Қосалқы қызметтер (заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық, рейтингтік агенттіктер, консалтинг, корпоративтік қызметтерді жеткізушілер, электрондық коммерция)</p>				

таяу уақытта іске қосылады + Қазақстан аумағында тек АХҚО-да қолжетімді * жасыл және ислам қаржысы өнімдері үшін сыртқы тексеру талап етіледі

АХҚО-НЫ ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМАЛАР

Әлемдік капитал нарықтарымен интеграция

Қазақстанның капитал нарығын одан әрі дамыту және әлемдік нарықпен интеграциялау мақсатында АХҚО өңірге шетелдік инвесторлардың келуіне арналған жетекші алаң болуға ұмтылуда.

Бұл міндетке халықаралық нарық қатысушыларымен және қызмет көрсетушілермен әріптестікті кеңейту, халықаралық кастодиан-банктерді тарту, бағалы қағаздар шығарылымына шетелдік инвесторлардың қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ нарыққа өтімділікті тарту және ұстап тұру есебінен қол жеткізілетін болады.

MSCI және FTSE индекстерінің «дамушы нарық» мәртебесін алу орта және ұзақ мерзімді перспективада дамудың негізгі бағыты саналады, өйткені бұл халықаралық инвесторлар үшін қазақстандық капитал нарығының қолжетімділігін, оның көлемі мен өтімділігін арттырады.

Бөлшек инвесторлар базасын дамыту

Tabus жобасы инвестицияларға арналған мобильді қосымша арқылы жергілікті инвесторлардың көбірек санын тарту арқылы бөлшек инвесторлар базасын дамытуға және өтімділікті арттыруға бағытталған. АХҚО биржасының меншікті өнімі – биржалық ноталар (ETN) қазақстандық инвесторларға жаһандық нарықтардың индекстеріне инвестициялай отырып, Tabus арқылы өз инвестицияларын ең аз шығындармен әртараптандыруға мүмкіндік береді.

2021 жылы АХҚО биржасы Қазақстанмен байланысты компаниялардың акцияларын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс саналатын өзінің AIX Qazaq Index (AIXQI) іске қосты.

Капитал нарығын дамыту



Активтерді және жеке тұлғалардың дәулетін басқару нарығын дамыту

Активтерді және жеке тұлғалардың дәулетін басқару

АХҚО активтерді және жеке тұлғалардың дәулетін басқару нарығына арналған халықаралық және жергілікті компаниялардың талаптарына сәйкес келетін толыққанды платформаны ұсынады. АХҚО реттеуші актілеріндегі соңғы өзгерістер жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары, тікелей инвестициялар және венчурлық капитал қорлары сияқты қорлардың жаңа түрлерін орталық қатысушылары ретінде тіркеуге мүмкіндік берді. Орталық Азияда алғаш рет АХҚО ағылшын құқығының қағидаттарына негізделген траст тұжырымдамасын енгізді, бұл жеке капиталды тиімді құрылымдауға, қаржыны басқаруға және жоспарлауға мүмкіндік береді.

Құқықтың континенталдық жүйелерінде трасттарға балама ретінде жиі пайдаланылатын жеке қорлар АХҚО-да танылған.

Әр түрлі құқықтық жүйелердің қаржылық өнімдерін пайдалану мүмкіндігі инвесторлар мен олардың консультанттарына өз мәмілелерін жалпы құқық нормалары бойынша да, азаматтық құқық нормалары бойынша да өздеріне ыңғайлы тәсілмен құрылымдауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру және қайта сақтандыру нарығын дамыту

Сақтандыру және қайта сақтандыру

Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің және АХҚО қаржылық реттеушісінің ынтымақтастығымен 2021 жылғы желтоқсанда күшіне енген Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәлімет беру қағидалары қабылданды. Қағидалар АХҚО қатысушыларының қаржылық және кәсіби қызметтерді көрсетуімен байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін, АХҚО қатысушыларының Қазақстан Республикасының резиденттеріне көрсететін қаржылық және кәсіби қызметтерінің тізбесін айқындайды.

Осы Қағидаларға сәйкес АХҚО сақтандыру компаниялары Қазақстанда енді дами бастаған ерікті сақтандыру және қайта сақтандыру қызметтерін, климаттық тәуекелдер, исламдық және ерікті сақтандыру, апат тәуекелдері, терроризм тәуекелдері, саяси, кибер тәуекелдер және т.б. сияқты сақтандыру мен қайта сақтандырудың жаңа бағыттарын ұсына алады.

Ислам қаржысының дамуы

2022 жылы АХҚО ислам қаржысы компанияларын оқшаулауды, сукук шығаруды, ислам қаржысы саласындағы сауаттылық пен хабардарлықты арттыруды қоса алғанда, Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың жол картасын іске асыруды жалғастырды. Жалпы, АХҚО қызметі үздік халықаралық практикалар мен әлемдік стандарттарға сәйкес ислам қаржысы индустриясының инфрақұрылымын, құқықтық және реттеуші базасын одан әрі дамытуға бағытталған.

Жаңа қаржы құралдарын енгізу

Жасыл қаржының дамуы

Соңғы жылдары АХҚО Жасыл қаржы орталығы жасыл, әлеуметтік облигациялар мен жасыл несиелерді қамтитын қаржыландыру құралдарының кең спектрін пайдалана отырып, бірнеше ірі жобаларды жүзеге асырды.

2022 жылы ЖҚО қызметі өңірлік ілгерілеуге де бағытталды. Мәселен, ЖҚО қолдауымен Қырғызстан аумағында әлеуметтік (гендерлік) облигациялардың алғашқы шығарылымы өтті. Бұдан басқа, Орталық Азиядағы «Белдеу және Жол» бастамасының (GIP) «Жасыл инвестициялар қағидаттары» өңірлік кеңсесі ретінде әрекет ететін ЖҚО Қырғызстанда Жасыл инвестициялар форумын өткізді, сондай-ақ орнықты қаржыландыру құралдарын қолдану үшін Қырғызстан таксономиясының алғашқы жобасын әзірледі.

ЖҚО Еуразиялық экономикалық комиссиямен және Ресей Федерациясының Сыртқыэкономбанкімен бірлесіп, ЕАЭО елдерінің жасыл жобаларының өлшемшарттарын (модельдік таксономия) дайындады.

Цифрлық қаржы орталығын дамыту

Цифрлық активтер индустриясының дамуы

2022 жылы Қазақстан Ұлттық Банкі, ҚНРДА, ЦДИАӨМ, ҚМА, ҚҚҚ және АХҚО комитеті АХҚО криптобиржалары мен қазақстандық ЕДБ өзара іс-қимылы жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты. Жобаға жіберілген АХҚО криптобиржалары ҚР банктерінің көмегімен фиаттық транзакцияларды орындаудың белсенді кезеңіне өтті. АХҚО-ның белсенді қолдауымен 2022 жылы «Цифрлық активтер туралы» ҚР Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында цифрлық активтерді, цифрлық майнингті шығару және айналымы бойынша қызметті дамыту үшін құқықтық базаны қамтамасыз ететін заңнамалық актілерге ілеспе түзетулер қабылданды. Заң АХҚО аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалюталарды) шығару, орналастыру және айналысқа шығару шарттарының тәртібін белгілеу бойынша АХҚО-ға құқықтық өкілеттіктер берді.

Төртінші өнеркәсіптік революция (4ӨР)

Цифрландырудың екпінді процесіне және Төртінші өнеркәсіптік революцияның әсеріне жауап ретінде АХҚО жаңа технологияларды зерттеу, енгізу және ауқымдау ісінде жеке және мемлекеттік секторларға қолдау көрсету үшін инновациялардың мүмкіндіктерін пайдаланады.

АХҚО цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндеріне жауап беретін динамикалық финтех-экожүйені және қаржы орталығын дамыту бойынша өз қызметін негізінен 2021 жылы Төртінші өнеркәсіптік революцияның Үлестес орталығы жобасының іске қосылуының, жаңа технологияларды қолдау мен инновацияларды ынталандыру бойынша қолайлы ортаны қамтамасыз ететін Тех Хабты дамыту жөніндегі тиімді реттеуші базаның енгізілуінің арқасында жалғастыруда.

Электрондық резиденттік (eResidence)

АХҚО қатысушылары үшін цифрлық экожүйені құруға бағытталған жоба АХҚО-ның цифрлық өнімдері мен қызметтеріне, орталықтың өзінің және серіктестері желісінің эксклюзивті ұсыныстарына қолжетімділікті ұсынатын мобильді қосымшасын сәтті іске қосты. eResidence порталында тіркелген пайдаланушылар саны 1700-ге жетті, бұл ретте АХҚО қатысушыларына мыңнан астам қызмет онлайн форматта көрсетіледі.

eResidence порталындағы АХҚО қатысушылары үшін қолжетімді қызметтердің спектрі ұдайы кеңейіп келеді, ал 2022 жылдың соңына қарай Қазақстанның шетелдегі елшіліктерінде елде физикалық болусыз ЖСН мен ЭЦҚ алу қызметтері енгізіледі. Сондай-ақ 2022 жылдың басынан eResidence порталында АХҚО қатысушыларына банк шоттарын онлайн форматта ашуға мүмкіндік пайда болады.

Редомициляция

АХҚО ҚР Үкіметінің қазақстандық ұлттық компаниялардың еншілес ұйымдарын шетелдік юрисдикциялардан АХҚО-ға көшіру жөніндегі бастамасына белсенді түрде қатысады.

Тәуелсіз юрисдикцияны және реттеудің жоғары стандарттарын қамтамасыз ете отырып, АХҚО өз құқықтық мәртебесін, ұйымдық-құқықтық нысанын, корпоративтік құрылымын, сондай-ақ міндеттемелерін, активтерін, банктік шоттарын және реттелетін қызметке лицензияларын, соның ішінде қолданыстағы салықтық артықшылықтарын есепке ала отырып сақтап, юрисдикцияны өзгерткісі келетін компанияларға редомициляция бойынша қызметтер ұсынады. Компаниялар портфельдерін, кредиттік рейтингтерін, құқықтары мен контрагенттер алдындағы міндеттерін көшіре алады.

Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» еншілес компаниясы Kazakhstan Energy Reinsurance Company (KERC) Бермуд аралдарының юрисдикциясынан АХҚО-ға редомициляциясының сәтті прецеденті бар.

АХҚО қағидаларына сәйкес, егер шетелдік юрисдикцияда тыйым салынбаса, компанияны кез келген шетелдік юрисдикциядан АХҚО юрисдикциясына көшіру мүмкіндігі бар. Дегенмен, шыққан елдің қолданыстағы юрисдикциясы оның заңнамасына сәйкес тікелей ауыстыруды қарастырмайтын жағдайларда балама тетіктер ұсынылуы мүмкін.

АХҚО заң қызметтерінің реттеушілік режимі

АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының шеңберінде АХҚО юрисдикциясын одан әрі дамытудың стратегиялық мақсаттарының бірі – заң қызметтерін реттеу режимін енгізу.

2022 жылы АХҚО-да заң қызметін реттеу режимін енгізу, АХҚО-да заң қызметтерін көрсету кезінде құзыреттіліктің, әдеп пен адалдықтың жоғары кәсіби стандарттарын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде АХҚО заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі құрылды.

Тұтастай алғанда, ұсынылған реттеу режимі АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасын түсінуді және білуді жақсартады және осылайша АХҚО юрисдикциясындағы бизнес белсенділігінің өсуіне ықпал ете отырып, халықаралық қатысушыларды көбірек тартады деп күтілуде.

AIFC Law Pro Bono Office

2019 жылы құрылған AIFC Law Pro Bono Office АХҚО юрисдикциясының аясында туындайтын мәселелер бойынша заңгерлік консультацияларға қолжетімділік беруге арналған бірегей платформаны ұсынады. АХҚО Law Pro Bono кеңсесі заңгерді жалдауға мүмкіндігі жоқ жеке тұлғалар мен компания өкілдеріне тегін кеңес алуға мүмкіндік береді.

Редомициляция мүмкіндіктері

Заң қызметтері нарығын дамыту



04. АХҚО экожүйесінің өсуі

РЕТТЕУШІ РЕЖИМ

АХҚО-да қаржы нарығының барлық қатысушылары үшін тең және әділ ойын ережелерін қамтамасыз ететін тәуелсіз реттеуші құрылды және тиімді жұмыс істейді.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (АХҚО комитеті, AFSA) – АХҚО аумағында және одан тыс жерлерде қаржылық қызметтерді және олармен байланысты қызметті реттеу үшін 2017 жылы «АХҚО туралы» Конституциялық заңға сәйкес құрылған АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі.

АХҚО комитетінің реттеу саласына банк ісі, сақтандыру, капитал нарықтары, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар саласындағы қаржылық және нарықтық қызметтер, сондай-ақ қосалқы қызметтер кіреді.

ПАЙЫМ



Жоғары мінез-құлық стандарттарын талап ететін, инновацияларды енгізуді ынталандыратын және инвесторлар мен бизнес сенетін қауіпсіз ортаны қалыптастыратын құқықтық және реттеуші базаны қамтамасыз ететін Еуразиядағы әлемдік ауқымда танылған қаржы қызметтерін реттеуші болу.

МИССИЯ



Жекелеген тұлғалар мен компаниялар адалдық пен ашықтық қағидаттарымен өз қызметін жүргізетін әділ және айқын қаржы нарықтары мен капитал нарықтарын қамтамасыз ететін жағдай жасау.

МАҚСАТ



АХҚО қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қолдау және АХҚО-дағы қаржы нарықтарының әділдігін, тиімділігін мен ашықтығын қамтамасыз ету арқылы бизнеске жәрдемдесу.

МІНДЕТТЕР



1. АХҚО-да қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында АХҚО қатысушыларының АХҚО-дағы қаржылық қызметін реттеу, бақылау және қадағалау;
2. АХҚО аумағында қаржы нарығының әділдігін, тиімділігін, ашықтығы мен реттілігін қамтамасыз ету;
3. АХҚО қаржы нарығында адал бәсекелестікті қолдауға бағытталған АХҚО қатысушыларының қызметі үшін әділ, ашық және кемсітушілік болмайтындай жағдай жасау;
4. АХҚО қаржы жүйесі мен реттеуші режиміне сенімділікті арттыру және ұстап тұру;
5. АХҚО аумағында қаржы нарығының қаржылық тұрақтылығын арттыру және ұстап тұру, жүйелік тәуекелдерді барынша азайту;
6. АХҚО беделіне немесе АХҚО аумағында жүзеге асырылатын қаржылық қызметке теріс әсер етуі мүмкін әрекеттерді, санкцияларды қоса алғанда, тиісті шаралар қабылдау арқылы болдырмау, анықтау және шектеу;
7. инвесторлар мен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүддесін қорғау;
8. АХҚО-да қаржылық қызметтерді реттеу саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін реттеуші режимді құру;
9. АХҚО-да қаржылық технологияларды дамыту үшін жағдай жасау.

РЕТТЕУШІ БАЗА

«АХҚО туралы» Конституциялық заңға сәйкес АХҚО комитеті өзінің негізгі қызметі аясында қаржылық қызметтерді және орталықта олармен байланысты қызметті реттеуге қатысты АХҚО актілерін әзірлеу және кейіннен қабылдаумен айналысады.

Бүгінгі таңда АХҚО комитеті капитал нарықтары, активтерді басқару, банк және сақтандыру ісі, ислам қаржысы, қаржы технологиялары сияқты секторлардағы үздік халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген **АХҚО-ның қаржылық реттеу саласындағы 35 актісін** қамтитын сенімді және тұрақты реттеуші базаны қамтамасыз етуде.

АХҚО-да ұсынылатын және АХҚО актілеріне сәйкес лицензиялауға жататын қаржылық қызметтер спектрі Лондон, Гонконг, Сингапур, Дубай және т.б. сияқты әлемдік қаржы орталықтарында қолжетімді қызметтер тізімімен ұқсас және үш санаттан тұрады:

- Реттелетін қызмет түрлері (Regulated activities);
- Нарықтық қызмет (Market Activities);
- Көмекші қызметтер (Ancillary services).

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР РЕТТЕЛЕДІ

РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТ (29)

Инвестициялар

- Сенім білдіруші ретінде инвестициялармен операциялар;
- Агент ретінде инвестициялармен операциялар;
- Инвестицияларды басқару;
- Ұжымдық инвестициялар тетігін басқару;
- Инвестициялар жөнінде кеңес беру;
- Инвестициялармен операцияларды ұйымдастыру;
- Көпжақты сауда платформасының қызметі;
- Ұйымдастырылған сауда платформасының қызметі.

Банк секторы

- Депозиттерді қабылдау;
- Несиеулеу;
- Несие желісі жөнінде кеңес беру;
- Несие желісін ұйымдастыру;
- Ақшалай қызмет көрсету;
- Банктік шоттарды ашу және жүргізу;
- Төлем жүйелерінің қызметін жүзеге асыру.

Сақтандыру секторы

- Сақтандыру кезіндегі делдалдық;
- Сақтандыру шарттарын жасасу;
- Сақтандыру шарттарын орындау;
- Сақтандыру менеджменті.

Қорлар

- Траст қызметтерін ұсыну;
- Қорларды басқару;
- Қор сенімгерінің міндеттерін орындау;
- Пайданы бөлу шектеулі инвестициялық шотты басқару.

Ислам қаржысы

- Исламдық банк қызметі;
- Исламдық қаржыландыру;
- Такафул исламдық сақтандыру қызметі.

Депозитарий

- Кастодиандық қызметті қамтамасыз ету;
- Кастодиандық қызметті ұйымдастыру.

Жалпы

- Өкілдікті басқару.

НАРЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ (6)

- Биржаның қызметі;
- Клирингтік палатаның қызметі;
- Цифрлық активтер бойынша сауда алаңының қызметін жүзеге асыру;
- Қарыздық краудфандинг платформасының қызметі;
- Инвестициялық краудфандинг платформасының қызметі;
- Жеке қаржыландыру платформасының қызметі.

ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТ (5)

- Заң қызметтері;
- Аудиторлық қызметтер;
- Бухгалтерлік қызметтер;
- Консалтингтік қызметтер;
- Кредиттік рейтингтерді бағалау қызметтері.

АХҚО комитеті қызметін жүргізген бүкіл кезең ішінде қаржылық қызметтердің барынша көп спектрін қамту және барынша қолайлы және қауіпсіз нарықтық орта құру мақсатында реттеушілік базаны тұрақты негізде дамытып, жетілдіріп және кеңейтіп келеді. Мәселен, АХҚО қатысушылары ұсына алатын қызметтер тізімі соңғы бес жылда 24-тен 40 түрге дейін ұлғайды.

2021 жыл АХҚО қаржылық ландшафтын дамытудағы маңызды кезең болды, ол кезде AFSA қызметінің негізгі басымдығына АХҚО қатысушыларының Қазақстан резиденттеріне қаржылық қызметтер көрсетуі бойынша ішкі кросс-юрисдикциялық мәселелерді шешу кірді. Мәселен, Қазақстан Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің белсенді қолдауымен **Валюталық реттеу және АХҚО-дағы валюталық**

АХҚО-ДА КОМПАНИЯНЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН 7 НЕГІЗГІ АКТ

- **АХҚО-ның қаржылық қызметтер туралы ережесі (AIFC Financial Services Framework Regulations).** АХҚО-дағы барлық лицензияланатын қызмет түрлері үшін негіз қалаушы нормаларды қамтитын негізгі акт;
- **АХҚО-ның жалпы қағидалары (AIFC General Rules).** Қызметі реттелуге жататын компанияларды лицензиялауға арналған негізгі талаптардың жинағы. Мысалы, компанияның негізгі тұлғалары бойынша, жүйелер мен бақылау, корпоративтік басқару және т.б. қатысты қойылатын талаптар. Бұл акт сонымен қатар реттелетін қызмет түрлерінің тізбесін айқындайды;
- **АХҚО-ның бизнес жүргізу туралы қағидалары (AIFC Conduct of Business Rules).** Компания клиенттермен, контрагенттермен және нарықтың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу кезінде сақтауы тиіс бизнесті жүргізу қағидалары мен талаптары;
- **АХҚО-ның инвестициялық компаниялары үшін пруденциялық реттеу жөніндегі АХҚО қағидалары (Prudential Rules for Investment Firms).** Инвестициялық компаниялар үшін ең төменгі капиталға, ең төменгі таза өтімді активтерге, есептілік пен хабарламаларға және т.б. қойылатын талаптар сияқты пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі талаптар жинағы;
- **АХҚО-ның банк қызметін пруденциялық реттеу жөніндегі қағидалары (AIFC Banking Business Prudential Rules).** Банк және дилерлік компанияларға қолданылатын пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі талаптар жинағы;
- **АХҚО-ның ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қағидалары (AIFC Anti-Money Laundering Rules).** Лицензияланатын компаниялар үшін ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚІ) мәселелері жөніндегі ережелер мен талаптарды білдіретін акт;
- **АХҚО-ның алымдар мен төлемдер жөніндегі қағидалары (AIFC Fees Rules).** АХҚО қатысушы компаниялары төлеуі тиіс алымдардың мөлшерін айқындайтын ережелер жинағы. Осы актіде егер компания нормативтік және реттеуші талаптарды сақтамаған жағдайда салынуы мүмкін айыппұлдардың мөлшері айқындалған.

операциялар туралы ақпарат алмасу қағидалары қабылданды, қағидалар АХҚО комитеті лицензиаттарының Қазақстанның қаржы нарығы мен инфрақұрылымына қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Атап айтқанда, қағидалар АХҚО аумағында шетел валютасымен операциялар жүргізу шарттары мен рәсімдерін белгіледі, сондай-ақ АХҚО қатысушылары Қазақстанның резиденттеріне, оның ішінде банк және сақтандыру саласында, ислам қаржысы саласында, бағалы қағаздар нарығында көрсете алатын қаржылық және кәсіби қызметтердің тізбесін айқындады.

Валюталық реттеу қағидаларын іске асыру жөніндегі жұмыс шеңберінде ҚР заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын, бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу мен дамытуға қатысты өзгерістер қабылданды. Атап айтқанда, АХҚО қатысушылары – сақтандыру және қайта сақтандыру компанияларының қызметін кеңейту, сондай-ақ АХҚО қатысушы-банктерінің қазақстандық екінші деңгейдегі банктерде корреспонденттік шоттар ашуға мүмкіндіктер берілді. Бұл түзетулер Қазақстанның қазіргі қаржы жүйелерін үйлестіруді одан әрі қамтамасыз етуге бағытталған.

2022 жылы АХҚО комитеті **Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын** әзірлеуге тікелей қатысты. Мемлекет басшысының Жарлығымен қабылданған тұжырымдама ҚНРДА, Қазақстан Ұлттық Банкі және АХҚО комитетінің қаржы нарығын одан әрі дамыту, тәуекелге бағдарланған қадағалау, инновациялар және цифрландыру, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген қағидалар шеңберінде АХҚО қатысушылары ҚР аумағында көрсететін қаржы қызметтерінің тізбесін кеңейту жөніндегі бірлескен жоспарларын белгіледі.

Реттеуші базаны әзірлеу кезінде АХҚО комитеті реттеудің әлемдік стандарттарына және жетекші озық практикаға негізделеді. Мәселен, 2018 жылдан бастап АХҚО комитеті келесі халықаралық ұйымдарға қосылды:

- Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO);
- Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдарының қауымдастығы (IAIS);
- Орталық және Шығыс Еуропаның Банктік қадағалау органдары (BACEE).

Капитал нарықтары, сақтандыру және банк ісі саласындағы қаржылық қызметтерді реттеудің іргелі негіздерін білдіретін осы жаһандық институттарға мүшелік АХҚО-ның реттеуші базасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге негіз қалады.

Сондай-ақ АХҚО комитеті Ислам қаржысы қызметтері жөніндегі кеңестің (IFSB) және Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудиторлық ұйымының (AAOIFI) мүшесі, бұл тек Қазақстанда ғана емес, Еуразия аумағында да ислам қаржысы қызметтері индустриясының дамуына ықпал етті.

Бұдан бөлек, ақшаны жылыстатуды болдырмау және терроризмді қаржыландыру мақсатында АХҚО-ның реттеуші базасына Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (FATF) стандарттары интеграцияланды.

Бүгінгі таңда ISDA 80-нен астам юрисдикцияны «неттингке бейілді» деп таныды, АХҚО-ның осы клубқа ықтимал кіруі деривативтердің жергілікті нарығына оң әсер етеді және нарықтың барлық қатысушыларына: банктер мен қаржы институттарынан бастап қаржылық емес компанияларға дейін пайдалы болады.

2019 жылдан бастап Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) ынтымақтастықта АХҚО-ның реттеуші базасына салық мақсаттары үшін қаржылық ашықтық пен ақпарат алмасудың жоғары стандарттары интеграцияланды.

2022 жылы АХҚО салық режимін ЭЫДҰ салықтық ашықтығының жаһандық стандарттарына сәйкес деп тану үлкен жетістік болды. Мәселен, ҚР Қаржы министрлігімен келісу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын АХҚО қатысушыларының нақты қатысуы туралы қағида бекітілді. Олардың қабылдануы АХҚО-ның және тұтастай алғанда елдің салық режимін салықтық ашықтықтың жаһандық стандарттарына және зиянды салық практикасы шеңберінде АХҚО юрисдикциясын пайдалануға қарсы іс-қимылға (ЭЫДҰ-ның салық салынатын базаны бұлдыратуға және пайданы салық салу аясынан шығаруға қарсы негіздемелік бағдарламасы) сәйкес келтірді.

Халықаралық своптар мен деривативтер қауымдастығы (ISDA) сол жылы **АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тарату неттингін қолдану мүмкіндігі** туралы бейресми елдік есепті жариялады. Бұл АХҚО-ны неттинг үшін қолайлы юрисдикция ретінде толық тану жолындағы алғашқы қадамды білдірді.

АХҚО комитеті реттеуде теңгерімділік, ауқымдалушылық және жаңа бастамаларға, өзгерістерге, тәуекелдер мен проблемаларға жедел ден қою қағидаттарына жауап беретін, бірақ сонымен бірге нарық үшін артық ауыртпалық болмайтындай тәсілді қамтамасыз етеді. Реттеуші база АХҚО қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ете отырып, қаржылық және реттеуші технологияларды, өнімдер мен қызметтерді іске қосуға арналған платформа ұсына отырып, бизнестің дамуына ықпал етеді, инновацияларды қолдайды және оларды қолдануға шабыттандырады.

ТАБЫСТЫ КЕЙС

Caspian Integrated Maritime Solutions

Caspian Integrated Maritime Solutions (CIMS) «ҚазМұнайГаз» ірі ұлттық мұнай-газ компаниясының еншілес ұйымы мен БАӘ-нің жетекші порты, өнеркәсіптік және логистикалық операторы Abu Dhabi Ports Group компаниясының бірлескен кәсіпорны. Компания Каспий теңізінде теңіз және порт инфрақұрылымын дамыту бойынша тараптар арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісім шеңберінде құрылды және АХҚО-да тіркелді. Стратегияға сәйкес, бірлескен кәсіпорын Каспий теңізіндегі энергетикалық компанияларға оффшорлық және кеме қатынасы қызметтерін ұсынатын болады.

Бірлескен кәсіпорын құру Қазақстанның Орталық Азия мен Каспий өңірінде толыққанды көлік хабын дамыту және көлік бағыттарын, оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен Солтүстік-Оңтүстік көлік дәлізі шеңберінде әртараптандыру жөніндегі жоспарларына жауап береді.

ТІРКЕУ, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУ

Қызметі басталғаннан бері АХҚО комитеті әлемнің 70 елінен 1738 компанияны тіркеді, бұл ретте тек 2022 жылы олардың саны 50%-ға өсті. Компаниялардың басым бөлігі ТМД, Қытай, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, БАӘ және Үндістан елдеріне тиесілі. Пандемияға, сондай-ақ өңірдегі

геосаяси ахуалға қарамастан, жыл сайын тіркелген компаниялардың саны жеделдетілген қарқынмен өскенін айта кету керек, бұған компанияны АХҚО-да орта есеппен бір күнде тіркеуге мүмкіндік беретін арнайы әзірленген eResidence цифрлық плат-формасының арқасында қол жетті.

КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Қызмет түрі	2017	2018	2019	2020	2021	2022	Барлығы	2022 жылы өсуі
Лицензияланатын қызмет	4	39	84	57	53	34	271	+14%
Реттелетін қызмет		9	12	14	24	22	81	+37%
Қосалқы қызметтер		24	59	35	19	7	144	+5%
Лицензияланған нарық институттары	1	1		1			3	
FinTech Lab	3	5	13	7	10	5	43	+13%
Қаржылық емес қызмет	2	39	165	233	497	531	1467	+57%
ЖИЫНЫ	6	78	249	290	550	565	1738	+48%
ЖИЫНЫ (кумулятивті)	6	84	333	623	1173	1738	1738	



«АХҚО комитетінің қолдауымен Brillink Bank АХҚО-да цифрлық банкингі дамытуға толық банктік лицензия алды. Brillink Bank – жеткізу тізбегін қаржыландыруға маманданған әлемдегі алғашқы цифрлық банк. АХҚО комитеті лицензия алуға өтінім берудің, IT-жүйелерді енгізу мен бағалаудың, сондай-ақ банктермен іскерлік қатынастарды орнатудың бүкіл процесі барысында реттеушілік, техникалық консультациялар, тараптармен өзара іс-қимыл жасау бөлігінде жәрдемдесті. Біз кәсіби ынтымақтастық, құзыреттілік және процеске жұмылу үшін ризамыз».

Элизабет Чунг,
Brillink Bank Corporation Limited
басқарма төрағасы

271 компания (немесе орталық қатысушыларының жалпы санының 16%) капитал нарығы, сақтандыру, банк ісі, активтерді басқару, баламалы инвестициялар, сондай-ақ кәсіби қызметтер саласында қызметтер көрсетуге АХҚО комитетінің лицензиясын алды. Қалған компаниялар ақпараттық технологиялар, цифрлық активтер, деректерді талдау, өндірістік қызмет және т.б. салаларда әртүрлі қаржылық емес қызметтерді ұсынады.

Лицензияланған компаниялардың басым көпшілігі инвестициялық қызметті жүзеге асырады. Мәселен, активтерді басқаратын 29 компания (SkyBridge Invest, Fonte Capital, Agraga, Freedom Finance Global, KIDF Management Company, NGDEM Global, Halyk Finance) және 11 инвестициялық қор (АХҚО-дағы алғашқы жылжымайтын мүлік инвестициялық қор – Real Estate Investment Trust ONE, АХҚО-дағы алғашқы инвестициялық қор – WHC TECH VENTURES LP, FX Assets Exposure Fund, Skybridge Growth and pre-IPO Fund, 50 North Master Fund, ANU Energy, Chevron Direct Investment Fund) тіркелді.

Банк қызметтерін China Construction Bank Corporation Astana Branch, China Development Bank Astana office, Unibank-тің АХҚО-дағы филиалы, Hungarian Export-Import Bank өкілдігі, Al Saqr Islamic Bank, Altyn Bank және т.б. ұсынады.

АХҚО-да исламдық банкинг және қаржыландыру, Шариғат және исламдық финтех саласындағы консалтинг саласында қызмет көрсететін компаниялар (Al Saqr Islamic Bank, Alif Islamic Bank, Kazakhstan Islamic Finance Company, Proportunity және т.б.) тіркелді.



«Біздің компания Қазақстан үшін жаңа кэптивтік сақтандыру саласында алғаш болып жұмыс істей бастады. АХҚО комитетінің осы саланы реттеуі саланы дамыту үшін қажетті негіз қалауға көмектесті. Болашақта біз осы бағытта жұмыс істейтін лицензияланған компаниялар саны артады деп үміттенеміз».

Талғат Тұрсымбеков
Қазақстандағы Kazakhstan Energy Reinsurance Company
бас атқарушы директоры

Лицензияланған нарықтық институттар ретінде АХҚО-да АХҚО биржасы (AIX), АХҚО биржасының Орталық депозитарийі (AIX CSD), сондай-ақ Go Crowd краудфандингтік платформасы тіркелген.

АХҚО биржасының брокерлері-сауда мүшелерінің жалпы саны – 30, оның ішінде 23 – АХҚО мүшесі емес танылған қатысушылар (RNAMs), 7 – лицензияланған брокерлер. 18 брокер жергілікті (BCC Invest, Halyk Finance, SkyBridge, Freedom Finance және т.б.) және 12 және халықаралық брокер (CITIC Securities, Renaissance Capital, WOOD & Company Financial Services, China International Capital Corporation Hong Kong Securities, Shenwan Hongyuan Securities, Hong Kong және т.б.).

АХҚО өз алаңында қосалқы кәсіби қызметтер саласындағы компаниялардың қызметін дамытуды белсенді қолдайды. Бүгінгі таңда 140-тан астам компания (KPMG, Russell Bedford A-Partners, Kinstellar, GRATA және т.б.) басқару және заң консалтингі, бухгалтерлік және аудиторлық сүйемелдеу, кредиттік рейтингтер саласында қызметтердің кең спектрін көрсетеді.

Пандемия кезінде АХҚО комитеті халықаралық практикаға (IOSCO, IAIS, FinCoNet) сәйкес келетін бизнесті қолдау және ден қою шараларын күшейту шараларын қабылдағанын атап өту маңызды. Мәселен, реттелетін қызметтің белгілі бір түрлеріне лицензия алу рәсімдері оңайлатылды, әлеуетті реттелетін қатысушыларға тәуекелдерді басқару, комплаенс, АЖ/ТҚҚІ саласындағы қажетті саясаттар мен рәсімдерді әзірлеуге, сондай-ақ лицензиаттардың есептерді ұсыну мерзімдерін кейінге қалдыруға жәрдемдесу шаралары көрсетілді.

35

АХҚО-ның қаржылық реттеу саласындағы актілер





«Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Қазақстанда, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде қаржы қызметтері мен капитал нарықтарының ашық нарығын дамыту үшін АХҚО-да ашық және этикалық реттеу ортаны құру қызметін жүргізеді. АХҚО қатысушылары өз тарапынан АХҚО комитетінің өз жұмысына деген әдепті әрі жауапты көзқарасын жоғары бағалайды. Сонымен бірге реттеушінің жұмысындағы күш-жігері мен озық халықаралық қағидаттарға бейілділігінің арқасында оның бүкіл өңірдегі беделі артып келеді».

Сунхуа Ван
Қытай құрылыс банкі «Астана»
филиалының басқарма төрағасы

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ КАРТАСЫ

70 ЕЛДЕН
1 738
КОМПАНИЯ
АХҚО қатысушылары
ретінде тіркелген



АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҚҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША ТОП-10 ЕЛ

59,3%	9,2%
5,4%	2,8%
2,4%	1,6%
1,4%	1,2%
1,2%	1,0%



ҚАДАҒАЛАУ, ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ, АЖ/ТҚҚІ

АХҚО комитеті халықаралық тәжірибе мен реттеу саласындағы соңғы үрдістерді ескере отырып, интеграцияланған қадағалау жүйесі арқылы АХҚО-да қаржы нарықтарының тиісті жұмыс істеуін, қаржылық тұрақтылығын және орнықтылығын қамтамасыз етеді.

АХҚО КОМИТЕТІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



Пруденциялық қадағалаудың негізгі бағыттары қаржы ұйымдары өз қызметін жүргізуі үшін меншікті капиталдың жеткілікті деңгейінің болуын, ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтер, сондай-ақ жүйелік тәуекелдерді барабар бақылаудың болуын қамтиды. Осыған байланысты, соның ішінде АХҚО-ның соңғы жылдардағы қаржы секторының өсуін ескере отырып, қаржы қызметтерін тұтынушылардың, инвесторлардың мүддесін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету, тәуекелге бағдарланған тәсіл басымдықтар саналады. Мәселен, 2022 жылдың соңында пруденциялық қадағалауға жататын АХҚО қатысушыларының саны **59 компанияны** құрады, оның ішінде ең көп үлесін инвестициялық компаниялар құрайды.

Бүгінгі күні инвестициялық қорлардың активтерін қоса алғанда, инвестициялық компаниялардың **басқаруындағы активтердің (AUM) сомасы АХҚО-да 555 млн АҚШ долларын** құрады, ал сақтандыру және банк секторын қоса алғанда, **АХҚО қаржы секторы компаниялары** активтерінің жалпы сомасы **884 млн АҚШ долларына** жетті.

Құқық қолдану жүйесі реттеушілік мақсаттарға қол жеткізудің маңызды құрамдас бөлігі саналады және АХҚО-да мінез-құлықтың жоғары стандарттарын сақтауға бейімділігін көрсетеді. АХҚО комитеті АХҚО беделіне немесе тұрақтылығына нұқсан келтіретін әрекеттерді анықтау, алдын алу және шектеу үшін кең өкілеттіліктерге ие.

2019 жылы қабылданған **құқық қолдану саясаты** тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген құқық қолданудың негізгі қағидаттарын, АХҚО комитетінің құқық қолдануға тұтас көзқарасын, оның ішінде орынсыз мінез-құлық туралы арыздарды бағалауды, тексерулер жүргізуді және бар өкілеттіктерді, тәртіптік ықпал ету шешімдері мен шараларын қабылдауды, айыппұлдар, санкциялар және өзге де ден қою шараларын, сондай-ақ реттеуді айқындайды.

	Банктер	Инвестициялық компаниялар	Сақтандыру компаниялары	Барлығы
2022	13	42	4	59
2021	10	28	2	40
2020	4	11	2	17
2019	3	5	2	10

АХҚО комитеті қызметінің негізгі бағыты – АХҚО қаржы нарығындағы кез келген теріс пайдалануларға қарсы іс-қимыл. АХҚО-ның **ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚІ)** саласындағы заңнамасы әлемнің 180 елі пайдаланатын FATF халықаралық стандарттары мен ұсынымдарына, сондай-ақ Базель комитетінің, Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдары қауымдастығының (IAIS) және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымының (IOSCO) тиісті қағидаттарына негізделеді.

Қылмыстық жолмен түскен кірістерді заңдастыру қоғамдық өмірдің барлық сегменттерінде жүзеге асырылатын нарықтық өзгерістерге елеулі кедергілер туғызады, экономиканың және негізгі экономикалық институттардың қалыпты жұмысын бұзады, мемлекеттік билік органдардың елдің қаржы жүйесін бақылау және басқару қабілетіне нұқсан келтіреді.

FATF стандарттары мен ұсынымдарын әзірлеуден басқа, елдердің осы стандарттарға сәйкестігін өзара бағалау жүргізіледі. Мәселен, 2004 жылдан бастап Қазақстан Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топтың (EAT) қауымдастырылған мүшесі.

Қазақстан Республикасының Қаржы мониторинг агенттігімен бірлесіп, 2022 жылы АХҚО өз алаңында EAT өзара бағалаудың көшпелі миссиясын қабылдады, оның барысында АХҚО-ның АЖ/ТҚҚІ бойынша жүйелерінің негізгі аспектілері көрсетілді. Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚІ бойынша Заңына сәйкес АХҚО қатысушылары қаржы мониторингінің субъектілері саналады, ал АХҚО комитеті олардың АЖ/ТҚҚІ мәселелері бойынша АХҚО-ның қолданыстағы құқығының сақталуын бақылайтын орган ретінде айқындалған.

АХҚО АЖ/ТҚҚІ ЖҮЙЕСІНІҢ АРХИТЕКТУРАСЫ ҚАДАҒАЛАУ МЕН РЕТТЕУДІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН МОДЕЛІН БІЛДІРЕДІ, ОҒАН ҚОРҒАНУДЫҢ МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ЖЕЛІЛЕРІ ЕНГІЗІЛГЕН:



01

Тіркеу және авторизациялау (лицензиялау) кезеңінде АХҚО комитеті компаниялар мен олардың меншік иелеріне тексеру (due diligence) жүргізеді, ашық және арнайы ақпарат көздерін пайдалана отырып, бенефициарлық иелену құрылымын зерделейді.



02

Компаниялардың ішкі саясаты мен рәсімдері талданады, басшы қызметкерлер олардың кәсіби сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі, компаниялардың АЖ/ТҚҚІ жөніндегі офицерлерімен сұхбат жүргізіледі.



03

Компанияларға тиісті тәуекел рейтингтері беріледі және лицензия алуға үміткер компанияға қойылатын талаптар және/немесе ұсыныстар тізбесі – «Тәуекелдерді азайту бағдарламалары» тағайындалады. Оларды міндетті түрде орындағаннан кейін ғана компания АХҚО алаңында толық жұмыс істей алады.



04

Компаниялар қашықтықтан да, көшпелі жоспарлы немесе жоспардан тыс тексерулер арқылы да тұрақты мониторинг жүргізетін кураторлардың қадағалауына өтеді. АХҚО комитетінің инспекциялар жүргізу, кез келген ақпаратты беруді талап ету және АХҚО-ның АЖ/ТҚҚІ бойынша талаптарын орындамағаны үшін пропорционалды және тежеуші сипаттағы әртүрлі тәртіптік және қаржылық санкциялар салу құқығын қоса алғанда, жеткілікті өкілеттіктері бар екенін атап өту маңызды.

\$884
МЛН

АХҚО қаржы секторы активтерінің көлемі

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН РЕТТЕУ

Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту мақсатында 2018 жылдан бастап АХҚО-да FinTech Lab – бейімделген ортасы бар Орталық Азиядағы осындай бірінші реттеуші құм алаңы жұмыс істейді, онда компаниялар белгілі бір мерзім ішінде жеңілдетілген реттеуші режимде инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін сынақтан өткізе алады. Бүгінгі таңда осындай алаңдар әлемнің 30-дан астам елінде жұмыс істейді.

FinTech Lab:

- шетелдік юрисдикцияларда лицензиясы бар компанияларға, барынша аз ресурстармен және АХҚО-да бола отырып өңірлік нарықтарды тестілеуге;
- стартап компанияларға реттеуші режимге біртіндеп көше отырып, АХҚО-да реттелетін қызметті жүзеге асыруға;
- жұмыс істеп тұрған және жұмысын енді бастаған компанияларға нақты орта режимінде жаңа өнімдер мен технологияларды сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.

Бес жылдық тиімді жұмысы барысында FinTech Lab өзін әлемнің түкпір-түкпірінен келген қаржылық новаторлар үшін танымал платформа ретінде танытты. Мәселен, осы жылдар ішінде 300-ге жуық компания реттеуші құм алаңда қызмет жүргізуге өтінім берді, оның 43-і FinTech Lab-тағы қызметке лицензия алды.

Қатысушылар мен әлеуетті үміткерлер 20-дан астам юрисдикцияның (Гонконг, АҚШ, Латвия, Канада, Сингапур және т.б.) өкілдері, олар сандық активтер, ақша аударымдары, краудфандинг, төлем жүйелері, инвестициялық және банктік бизнес, ислам қаржысы, факторинг және т.б. салалардағы инновациялық қаржылық өнімдер мен қызметтердің әртүрлі түрлерін ұсынады.

АХҚО-да тіркелген финтех-компаниялар санының едәуір өсуі қаржы технологияларының эжоқуіесін жетілдіру және Қазақстанның ғана емес, бүкіл өңірдің орнықты экономикалық өсуін қамтамасыз ету жөніндегі қаржы орталығының күш-жігерінің тиімділігін айғақтайды.



«Токенизацияланған бағалы қағаз – Blockstream Mining Note (BMN) АХҚО алаңында тіркелген Bitfinex Securities платформасында сәтті ресімделді. Біз АХҚО комитетіне табысты листинг өткізу үшін тиісті реттеуші режимді қамтамасыз еткені үшін алғыс айтамыз. Бұл шағын стартаптардың блокчейн технологиясы арқылы қаржыландыруды қаншалықты оңай әрі жылдам тарта алатынын көрсететін алғашқы бағалы қағаздар ұсынысы болды».

Дж. Л. Ван дер Вельде
Bitfinex Securities
Бас директоры



«Біз жыл бойы AFSA-мен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істедік және кәсіби қарым-қатынас орнатып, цифрлық активтер индустриясын дамыту туралы ортақ пайымға келе алдық. Біз Еуразиялық банкпен серіктес отырып, АХҚО комитетінің лицензиясын алдық. Кейіннен біз Қазақстандағы цифрлық активтермен жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз және саланы дамытудың пайдасына одан әрі жемісті ынтымақтастыққа үміттенеміз».

Шухрат Ибрагимов
Biteeu Eurasia
негізін қалаушы және жетекшісі

2019 жылы АХҚО комитеті әлемдік реттеушілермен бірлесіп **Global Financial Innovation Network (GFIN) жаһандық құм алаңын** іске қосқанын айта кету керек, ол бүгінде Ұлыбританияның қаржы қызметін бақылау басқармасын, ХВК, Дүниежүзілік банк тобын және т.б. қоса алғанда, 70-тен астам әлемдік қаржы реттеушілері мен ұйымдарын біріктірді. GFIN инновациялар саласында тәжірибе алмасу; реттеуші технологиялармен (RegTech) байланысты мәселелер бойынша білім алмасу; компанияларға Қазақстан, Ұлыбритания, АҚШ және басқа да юрисдикцияларды қоса алғанда, бірнеше елде бір мезгілде инновациялық өнімдерді, қызметтерді немесе бизнес-модельдерді сынақтан өткізуге мүмкіндік беру мақсатында құрылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың блокчейн технологиялары мен криптоиндустрияны қоса алғанда, кешенді цифрлық эжоқуіені дамыту қажеттілігі туралы тапсырмалары шеңберінде 2022 жылы Қазақстан Ұлттық Банкі, ҚНРДА, ЦДИАӨМ, ҚМА, ҚҚК және АХҚО комитеті **АХҚО криптобиржалары мен қазақстандық ЕДБ-ның өзара іс-қимылы жөніндегі пилоттық жобаны** іске қосты. АХҚО криптобиржалары ҚР банктерінің көмегімен фиаттық транзакцияларды орындаудың белсенді кезеңіне кірісті.

Жалпы АХҚО Қаржы технологияларының қағидалары мен Пилоттық жобаның қағидалары тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ цифрлық активтер нарығының орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған және криптобиржалардың мынадай түйінді талаптарды (бірақ олармен шектелмейді) сақтауына бағытталған:

- Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында криптобиржаларды пайдалануға жол бермеу. Ол үшін криптобиржалар екі негізгі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге міндетті: біріншісі – «өз клиентіңді біл» (know your customer, KYC) рәсімі және екіншісі – «өз транзакцияңызды біл» немесе (know your transaction) рәсімі. Басқаша айтқанда,

криптобиржалар әр клиентті сәйкестендіруді және тиісті тексеруді ғана емес, сонымен қатар олардың жеке цифрлық әмиянын және транзакция тарихын АЖ/ТҚҚІ туралы заң талаптарының бұзылу белгілеріне тексереді.

- Криптобиржалардың қаржылық тұрақтылығының кепілдіктері және инвесторлардың құқықтарына қатысты минималды кепілдіктер. Пилоттық жобаның қағидалары ең төменгі реттеуші капиталдың болуы мен сақталуына қойылатын талаптарды белгілейді, ол бірінші кезекте цифрлық активтер жоғалған жағдайда, мысалы, криптобиржаға кибершабуылдар жасау салдарынан болған шығындарды жабуды қамтамасыз етуі тиіс.
- Бөлшек инвесторлардың мүдделерін қорғау. АХҚО және Пилоттық жоба қағидаларында бөлшек инвесторлар үшін айына 1 мың АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялауға арналған лимиттер (не кірістер расталған кезде үлкен сомаға); білікті/кәсіби инвестор мәртебесін алу үшін клиенттерді тестілеуді (немесе сыныптауды) өткізу; цифрлық активтерді «суық әмияндарда» сақтау көзделеді.

Бұдан басқа, АХҚО-ның реттеуші ортасы инвесторлардың барлық санаттарының мүддесін мынадай шаралармен қосымша қорғауды қамтамасыз етеді: реттеуші капиталды жеткілікті деңгейде ұстау; цифрлық активтердің жалпы тәуекелдерін тұтастай және әрбір цифрлық актив бойынша жеке ашу; криптобиржа платформасында сауда-саттыққа жібермес бұрын цифрлық активтің әрбір түрін криптобиржаның және AFSA-ның мақұлдауы.

Бүгінгі таңда АХҚО комитеті – Қазақстандағы финтех-компаниялардың қызметін реттеуді жүзеге асыратын жалғыз орган. Комитет цифрлық активтер платформасын басқару бойынша қаржылық қызметтер көрсетуге алты компанияны лицензиялады, олардың төртеуі пилоттық жобаға қатысады, оның аяқталуы бойынша ұлттық заңнамаға, сондай-ақ АХҚО актілеріне өзгерістер енгізу қажеттілігі қаралатын болады.

АХҚО-ның белсенді қолдауымен 2022 жылы Мемлекет басшысы әзірленген «Цифрлық активтер туралы» ҚР Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында цифрлық активтерді шығару және айналымы, цифрлық майнинг жөніндегі қызметті дамыту үшін құқықтық базаны бірлесіп қамтамасыз ететін заңнамалық актілерге ілеспе түзетулерге қол қойды.

Заң қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалюталарды) АХҚО аумағында шығару, орналастыру және айналысқа

АХҚО комитеті клиенттер санына, транзакцияларға, сондай-ақ анонимділік белгілері бар бизнес-модельдерге тыйым салуға әртүрлі шектеулер қойып, финтех компанияларын қадағалау ісінде барынша консервативті көзқарасты ұстанады. AFSA пайдаланатын деректер мен транзакциялардың блокчейн аналитикасының озық шешімдері, мысалы, Darknet-пен, жоғары анонимділік құралдарымен, майнингпен, жоғары тәуекелді цифрлық биржалармен және т.б. байланысты болуы мүмкін күмәнді операцияларды анықтауға мүмкіндік береді.



«АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті – Қазақстандағы финтех-компаниялардың қызметін реттеуді жүзеге асыратын жалғыз орган. АХҚО-да жұмыс істегісі келетін финтех-ұйымға лицензия бермес бұрын, біз терең және мұқият тексеру жүргіземіз, содан кейін оның қызметін үнемі қадағалап отырамыз. Біздің мақсатымыз – клиенттердің сеніміне ие адал және тұрақты компаниялар ғана әрекет ететін ортаны құру».

Нұрхат Көшімов
АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің Бас директоры

жіберу шарттарының тәртібін белгілеу бойынша АХҚО-ға құқықтық өкілеттіктер берді. Бұл ретте майнингті қоспағанда, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің ҚР аумағында (АХҚО аумағынан басқа) айналымы мен шығарылуына тыйым салынды.

1 738
АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
АХҚО комитеті тіркеген

\$17,6
МЛН
FinTech Lab реттеуші құм алаңына қатысушылардың айналымы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АХҚО комитеті әлемдік стандарттар мен реттеу практикаларына сәйкес әрекет ететін қаржылық қызметтердің сенімді реттеушісі ретінде өзінің беделін нығайту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

Дүние жүзіндегі реттеуші органдармен екіжақты және көпжақты қадағалау ынтымақтастығы туралы келісімдердің кең ауқымы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге:

- Комитеттің негізгі жаһандық норма шығарушы ұйымдарға белсенді мүше ретінде кіруіне қарай АХҚО-ның халықаралық қаржы орталығы ретінде танылуын арттыруға;
- АХҚО құқықтық және реттеуші базасының жетекші халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- Комитеттің көпжақты және екіжақты қадағалау мен құқық қолдану келісімдеріне қосылуы арқылы трансшекаралық бизнес операцияларды қадағалауды жеңілдетуге;
- Орталық Азия, Орталық және Шығыс Еуропа өңірлерінде реттеу саласындағы өңірлік ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік берді.

КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Халықаралық стандарттар қаржы нарықтарының ашықтығын, тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты АХҚО комитеті реттеу стандарттарын белгілейтін жаһандық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда, бұл АХҚО реттеу базасының соңғы жетістіктері мен әзірлемелеріне, сондай-ақ халықаралық даму қаржы институттары мен өзге де ұйымдардың талаптарына сәйкестігін қолдауға мүмкіндік береді.

Капитал нарықтары, банк және сақтандыру ісі, ислам қаржысы, қаржы технологиялары және т.б. салалардағы қаржылық қызметтерді қадағалау мен реттеуге қатысты ең жоғары

стандарттарды қолдану мақсатында АХҚО комитеті негізгі халықаралық ұйымдардың мүшесі болды, оның ішінде:

- Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO);
- Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдарының қауымдастығы (IAIS);
- Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдарының тобы (BSCEE);
- Ислам қаржысы қызметтері кеңесі (IFSB);
- Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудиторлық ұйымы (AAOIFI).

АХҚО комитеті сондай-ақ мына халықаралық ұйымдармен және халықаралық/өңірлік бастамалармен үнемі өзара іс-қимыл жасайды:

- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD);
- Сақтандыру қадағалау органдарының Азия форумы (AFIR);
- Корпоративтік тіркеушілер форумы (CRF).

Тәуелсіз сараптамалық бағалау және жан-жақты тексеру нәтижелері бойынша АХҚО комитеті ақпарат алмасу және халықаралық мәмілелерді қадағалауды жүзеге асыру құқығымен трансшекаралық қадағалау және құқық қолдану саласындағы жаһандық келісімдерге қол қойды, бұл АХҚО-ға қаржылық қызметтер көрсететін шетелдік компаниялардың келуіне едәуір дәрежеде ықпал етті:

- 2019 жылдан бастап – IOSCO-ның консультацияларға, ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумы (ММОУ), АХҚО комитетіне трансшекаралық құқық қолдану мәселелері бойынша 129 реттеуші органмен ынтымақтасуға мүмкіндік береді, олар да ММОУ қол қоюшылары және жаһандық капитал нарығының ажырамас бөлігі.

- 2021 жылы АХҚО комитеті IOSCO меморандумының жаңа қол қоюшылары арасында ММОУ-ның ең белсенді 5 пайдаланушысының бірі болды.

- 2020 жылдан бастап – АХҚО комитетіне тұтынушыларды қорғау, мәжбүрлеп айғақтар алу және аудиторлық құжаттармен алмасу үшін активтерді мұздату бөлігінде құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысты IOSCO-ның Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумы (EMMOU).

- АХҚО комитеті – EMMoU-ға қол қойған Орталық және Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі алғашқы реттеуші.

IOSCO EMMOU – Көпжақты өзара түсіністік туралы меморандумды (ММОУ) толықтыратын бағалы қағаздар және туынды құралдар туралы заңдар мен қағидаларды сақтаудағы халықаралық ынтымақтастықтың әлемдік эталоны. 2002 жылы қабылданған алғашқы ММОУ халықаралық трансшекаралық ынтымақтастық пен реттеушілер арасында бағалы қағаздар туралы ақпарат алмасудың жаһандық негізін қалады. Алайда, капитал нарықтарының жұмыс істеу процестері күрделене түскенін және соңғы технологиялық жетістіктерді ескере отырып, 2016 жылы IOSCO Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумды қабылдады. EMMoU қол қоюшылары бір-біріне трансшекаралық құқық қолдану ынтымақтастығында көмектің жаңа нысандарын (активтерді бұғаттау, мәжбүрлі айғақтар, аудиторлық құжаттармен алмасу және т.б.) ұсынуға келіседі.

- 2020 жылдан бастап – АХҚО комитетіне сақтандыру ұйымдарын трансшекаралық қадағалау мәселелері бойынша бүкіл әлемнің 78 сақтандыру реттеу органымен ынтымақтасуға мүмкіндік беретін IAIS Ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға қатысты өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумы (ММОУ). Үміткерлер кәсіби құпиялылық режимін мұқият бағалаудан өтеді, бұл қол қоюшыға барлық басқа тараптардың осы режимді сақтауына сенуге мүмкіндік береді. Деректермен алмасу барлық жағынан құпиялылықты қорғаудың қажетті ережелері мен рәсімдерімен қорғалған.

- АХҚО комитеті меморандумның 75-ші қатысушысы болды, олар әлемдік сақтандыру сыйлықтарының жалпы көлемінің шамамен 76% құрайды.

- 2019 жылдан бастап – ЕО органдарымен ақпарат алмасу кезінде деректерді қорғау кепілдіктерін қамтамасыз ететін Еуропалық экономикалық аймақ органдары мен ЕЭА-ға кірмейтін органдар арасында дербес деректерді беру туралы IOSCO әкімшілік келісімі.



«Біз АХҚО комитетін Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қоюшы ретінде қарсы алуға қуаныштымыз. Әлемдік нарықта сақтандыру қызметтерін тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру реттеушісінің тиімді және жедел ынтымақтастыққа мүмкіндігі болуы тиіс. Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум дағдарыс кезінде ғана емес, күнделікті операциялық қызметте де реттеудің маңызды құралы саналады. Ынтымақтастық қауіпсіз және орнықты сақтандыру нарықтарын дамытуға ықпал етеді».

Вики Сапорта
IAIS Атқарушы комитетінің
төрағасы



ТАБЫСТЫ КЕЙС



SkyBridge Invest – брокерлік қызметтер көрсету мен активтерді, инвестициялық қорларды басқару қызметтерінің кең спектрін, облигациялық несиелерді, IPO/SPO, бірігу мен сіңіруді ұйымдастыру бойынша инвестициялық банкинг қызметтерін ұсынатын SB Capital компаниялар тобының бөлігі. Компания 2018 жылы АХҚО-да қызметін жүргізуге лицензия алған алғашқылардың бірі болды.

АХҚО-да жұмыс істей бастағаннан бері компанияның қызметі барлық бағыттар бойынша ауқымы бірнеше есе өсті. Бүгінде ол үш инвестициялық қорды басқарады, оның бірі АХҚО юрисдикциясында құрылған бірінші қор.

SkyBridge Invest АХҚО биржасында облигациялар мен акцияларды шығару және орналастыру бойынша белсенді жұмыс істеуде – осы жылдар ішінде әртүрлі эмитенттердің 2 млрд АҚШ долларынан асатын соғаға облигациялары биржаның ресми тізіміне енгізілді. Жұмыс нәтижелері бойынша SkyBridge Invest AIX-те облигациялар секторындағы ең белсенді брокер, сондай-ақ корпоративтік клиенттермен жұмыс жасау бойынша үздік команда болып танылды.

Компания AIX және KASE алаңдарында өткен Қазақстанда соңғы жылдардағы ең маңызды мәмілелердің бірі – «ҚазМұнайГаз» ірі мұнай-газ компаниясы IPO-ның үйлестірушілері мен букраннерлерінің бірі болды.

Компания АХҚО-ның артықшылықтарын, атап айтқанда, корпоративтік құқықтың икемділігін, компаниялар үшін M&A мәмілелерін құрылымдау, инвестициялық қорларды құру және компанияларды қаржыландыруды ұйымдастыру кезінде ең қолайлы болып табылатын ұйымдық-құқықтық нысандардың үлкен таңдауын, сондай-ақ АХҚО-да бизнесті тіркеу мен жүргізу және дауларды шешу үшін онлайн-порталдардың технологиялық тиімділігін жоғары бағалайды.

Соңғы жылдары компания клиенттердің АХҚО юрисдикциясына үлкен қызығушылығын байқауда, бұл оған ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің тізбегі мен ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берді. Көптеген инвесторлар мен эмитенттер инвестициялау және әртүрлі мәмілелерді ұйымдастыру кезінде, басқа халықаралық юрисдикцияларды салыстыра отырып, АХҚО пайдасына таңдау жасайды, сол арқылы Қазақстанның қаржы нарығын дамытып, елге шетелдік инвестицияларды тартады.

ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

АХҚО комитеті сондай-ақ әлемнің басқа елдері мен қаржы орталықтарының ұқсас реттеушілерімен екіжақты ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Бүгінгі таңда **44 екіжақты келісімге және өзара іс-қимыл туралы меморандумға** қол қойылды.

Мұндай ынтымақтастық АХҚО-да құрылу үшін лицензиялау кезеңінде заңды және жеке тұлғалардың сенімділігі мен адалдығына қатысты реттеу және қадағалау мақсаттары үшін маңызды ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, халықаралық ынтымақтастық трансшекаралық операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету, бұзушылықтарды тергеу және қаржы нарығы туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз ету үшін ағымдағы қадағалау барысында ақпарат алмасу арқылы қаржы нарықтарының тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі.

Реттеуші органдармен екіжақты ынтымақтастық нақты салаларда трансшекаралық мәмілелерді қамтамасыз етудің маңызды функциясын атқарады. Мәселен, 2021 жылы Бағалы қағаздар және нарықтар жөніндегі Еуропалық басқарма (ESMA) АХҚО комитетін Баламалы инвестициялық қорларды басқарушыларды қадағалау жөніндегі Еуропалық Одақтың бағалы қағаздарды реттеушілерімен (AIFM) ынтымақтастық үшін контрагент ретінде бекітті.

Нәтижесінде АХҚО комитеті **еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілермен өзара түсіністік туралы 18 меморандумға** қол қойды, бұл реттеушілер негіздемелік шарттарды белгілейді және хедж-қорлар, тікелей инвестициялар қорлар және жылжымайтын мүлік қорлары сияқты баламалы инвестициялық қорлардың маркетингі және басқару бойынша АХҚО-ның басқарушы қорлары үшін, ЕО-ның тиісті елдеріндегі кәсіби инвесторлар үшін, сондай-ақ АХҚО-дағы баламалы инвестициялық қорларды басқару және маркетингі бойынша ЕО компаниялар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

ӨҢІРЛІК ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАР

АХҚО комитеті қаржы нарықтары саласындағы өңірлік ынтымақтастыққа белсенді жәрдемдеседі және бірқатар маңызды халықаралық бастамаларды іске асырады.

Мәселен, 2020-2021 жылдары AFSA Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдарының тобына төрағалық етті. АХҚО алаңында Қазақстанда алғаш рет **33-ші жыл сайынғы BSCEE конференциясы** өткізілді, іс-шара банктік қадағалау саласындағы ақпаратпен, озық тәжірибелермен және ноу-хаумен алмасу, пандемия жағдайындағы пруденциялық саясаттың басымдықтарын, қадағалау технологияларын дамыту, цифрландыруды жеделдету және т.б. талқылау үшін мүмкіндік берді.

Іс-шараға Орталық және Шығыс Еуропаның 25 елінен орталық банктер мен банктік қадағалау органдарының басшылары, сондай-ақ Халықаралық валюта қорының (ХВҚ), Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (BCBS), Қаржылық тұрақтылық институтының (FSI) және Еуропалық орталық банктің өкілдері қатысты.

44

АХҚО комитеті Еуропа мен Азияның реттеуші органдарымен 44 екіжақты келісімдер мен меморандумға қол қойды

2021 жылдан бастап АХҚО комитеті Орталық және Шығыс Еуропа, Закавказье өңіріндегі (СЕЕТ) **Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдары қауымдастығының Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумының (IAIS MMoU) үйлестірушісі** атанды. Бұл рөлде АХҚО комитеті IAIS мүшелері, Қол қоюшылардың жұмыс тобының басшылығы және IAIS хатшылығы арасындағы байланысты қолдайды және жеңілдетеді.

АХҚО комитеті сондай-ақ **Орталық Азиядағы реттеу саласындағы ынтымақтастық бойынша жоғары деңгейдегі** жыл сайынғы кездесулердің бастамашысы болды. 2021 жылы бастамашылық жасалып өткізілген іс-шара АХҚО, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның қаржы реттеушілеріне арналған жыл сайынғы форум болды. Кездесу Орталық Азияның қаржы нарықтарының инвесторлар үшін тартымдылығын арттыру, қаржылық қызметтердің өтімділігі мен қолжетімділігін арттыру мақсатында реттеу

саласындағы өңірлік ынтымақтастыққа жәрдемдеседі. Кездесудің қорытындысы бойынша қаржы жүйесін бірлесіп дамыту, қаржы қызметтері саласындағы трансшекаралық экономикалық бастамаларды қолдау, өңірге инвестициялар тарту және реттеушілер арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында АХҚО әлеуетін пайдалану ниеті көрсетілген бірлескен декларация қабылданды.

2018 жылдан бастап АХҚО комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының қолдауымен жыл сайын тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы хабардарлықты арттыруға, қаржылық білім мен сауаттылыққа жәрдемдесуге бағытталған IOSCO жаһандық бастамасы – **Халықаралық инвесторлар апталығын (World Investor Week)** өткізіп келеді.

Халықаралық инвесторлар апталығын жыл сайын әлемнің 100 еліндегі қаржы реттеушілері қор нарығының реттеушілерін біріктіретін IOSCO қамқорлығымен өткізеді. IOSCO мүшелері 115-тен астам юрисдикциядағы әлемдік бағалы қағаздар нарығының 95%-дан астамын реттейді. Халықаралық инвесторлар апталығын өткізу АХҚО-ның қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғау жөніндегі IOSCO стандарттарына бейілділігін көрсетеді.



ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМ

АХҚО – аумағында қаржы саласында ерекше құқықтық режим қолданылатын өңірдегі алғашқы қаржы орталығы.

АХҚО-ның қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық Заңнан (бұдан әрі – Конституциялық заң) және Конституциялық заңмен берілген өкілеттіктер шегінде орталық органдары қабылдайтын АХҚО актілерінен тұрады, олар Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін. Конституциялық заңмен және АХҚО актілерімен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы қолданылады. АХҚО құқығын АХҚО инвесторлары мен резиденттері ғана емес, сонымен қатар АХҚО қатысушылары болып есептелмейтін басқа да жеке және заңды тұлғалар пайдалана алады.

АХҚО-да әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына сай келетін сенімді нормативтік құқықтық база қамтамасыз етілген. 2018 жылы қаржы орталығы құрылған сәттен бері АХҚО-ның жалпы қолдануға және қаржылық реттеуге қатысты 80-нен астам актісі қабылданды.

АХҚО актілері АХҚО-да тіркелген компаниялар мен басқа да тиісті тұлғалар арасында корпоративтік, келісімшарттық, еңбек және өзге де мәселелер бойынша туындайтын қатынастардың көпшілігін қамтиды. Актілерді әзірлеу жұмыстарына АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің сарапшылары тартылды, олар актілердің үздік халықаралық практикаларға сәйкестігін қамтамасыз етті.

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі (2017 жылдан бастап жұмыс істейді) – АХҚО жалпы қолдану актілерінің моделін, АХҚО-ның жалпы қолдану актілерін әзірлеудің әдіснамасы мен тәсілдерін айқындау, сондай-ақ оларды верификациялау үшін құрылған консультативтік-кеңесші орган.

ҚКК төрағасы Майкл Блэр, сонымен қатар кеңестің құрамына коммерциялық және қаржылық құқық саласында мол тәжірибесі бар бірқатар беделді әлемдік сарапшылар кіреді. Кеңес құрамына Hogan Lovells, Michelmores, Norton Rose Fulbright, White & Case, 3 Verulam Buildings Chamber сияқты халықаралық заң фирмаларының өкілдері кірді.

35 

КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІ КЕЗЕҢІНДЕ 35 ОТЫРЫС ӨТКІЗІЛДІ

100+ 

АХҚО-НЫҢ 100-ДЕН АСТАМ АКТІСІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰЖАТТАР ҚАРАЛЫП, ҚАБЫЛДАНДЫ



АХҚО-ның құқықтық базасы – ағылшын құқығы мен ұлттық құқықтық жүйенің табысты қатар жұмыс істеуінің үлгісі, бұл ретте шетелдік тәжірибені алу қазақстандық құқықтық жүйенің тұтастығы мен бірегейлігін бұзуға жол бермейді.

АХҚО-ның құқықтық жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады, құқықтық актілер мен қағидалар, саясаттар мен регламенттер инвесторлардың пікірі мен озық халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, жыл сайын қайта қаралып, толықтырылып отырады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

КОНСТИТУЦИЯ	Қазақстан Республикасының Конституциясы			
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ	«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық Заңы			
АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ҚАРАРЫ	АХҚО органдарының құрылымы	АХҚО соты туралы акт	АХҚО төрелігі туралы акт	Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет туралы ереже
АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ ҚАБЫЛДАҒАН АКТІЛЕР	АХҚО-ның жалпы қолданылатын актілері		АХҚО-ның қаржылық қызметтер жөніндегі актілері	
АХҚО ӘКІМШІЛІГІ/ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	АХҚО-ның жалпы қолданылатын актілерінен туындайтын қағидалар		АХҚО-ның қаржылық қызметтер жөніндегі актілерінен туындайтын қағидалар	

Жетекші халықаралық қаржы орталықтарының озық тәжірибесі қолайлы инвестициялық ахуалдың негізгі құраушысы – қатысушылар үшін түсінікті құқықтық режим, өз мүддесін қорғай алу мүмкіндігі, дауларды сот және соттан тыс реттеудің ашық әрі тиімді тетіктері арқылы заңды талаптардың қамтамасыз етілуі екенін айғақтайды.

Мысалы, объективтілік, бейтараптық, әділдік, сондай-ақ әлемнің көптеген мемлекеттерінде сот және төрелік шешімдердің орындалу мүмкіндігі қағидаттарымен жұмыс істейтін Лондон, Нью-Йорк, Гонконг және Сингапур коммерциялық және азаматтық дауларды сот және соттан тыс шешу үшін басым таңдауға ие.

АХҚО СОТЫ

ПАЙЫМ



Еуразия өңірінде азаматтық және коммерциялық дауларды шешетін жетекші сот болу.

МИССИЯ



Азаматтық және коммерциялық дауларды жедел шешу үшін, халықаралық бизнестің қажеттіліктеріне сай келетіндей сенімділік, әділеттілік және қолжетімділік қағидаттарына, заң үстемдігі қағидатының мүлтіксіз қолданылуы мен икемділікке негізделген толық тәуелсіз жалпы құқық сот жүйесін құру және дамыту.

МАҚСАТТАР



1. АХҚО соты судьяларының тәуелсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық іскерлік және заң қоғамдастығының АХҚО сотында сот төрелігі сыртқы қысымсыз және құқықтық нормаларды орындау бөлігінде өкілеттіктер мен мүмкіндіктер болған кезде жүзеге асырылатынына әрдайым сенім білдіруі мен сенімді болуын сақтап тұру;
2. АХҚО-да, Қазақстан Республикасында, Еуразия өңірінде және жаһандық деңгейде сот төрелігін әкімшілендіруге және оған қолжетімділікті арттыру арқылы өңірлік сауданың өсуіне ықпал ету;
3. инновациялық және технологиялық тұрғыдан дамыған коммерциялық сот болу және жұмыс процестері мен стандарттарын үнемі жетілдіруге ұмтылу;
4. Қазақстан Республикасындағы, Еуразия өңіріндегі және басқа да юрисдикциялардағы, өсіресе Қазақстан Республикасымен тығыз сауда байланыстары бар соттармен ынтымақтасу және іскерлік қатынастар орнату;
5. Қазақстан Республикасы мен Еуразия өңіріндегі заңгерлер мен судьялардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жоғары сапалы заңгерлік білім мен оқуды әрдайым ұсыну.



«АХҚО соты Қазақстанда жұмыс істеп жатқан немесе елімізге келуді жоспарлап отырған инвесторларға әлемдегі барлық ірі қаржы орталықтарындағыдай лайықты судьялармен, сот процестерімен, тәжірибесімен және стандарттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жалпы құқық бойынша тәжірибелі соттар өздерінің бейтараптылығымен, әділдігімен және бармақ басты, көз қыстыға көнбейтіндігімен танымал. Сондай-ақ олар сот жүйесінің тұрақтылығы мен құқық бұзылмауының кепілі».

Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасының Президенті

АХҚО соты өз қызметін 2018 жылы дауларды шешуге арналған халықаралық институт ретінде бастады және Англия мен Уэльс құқығының нормалары мен қағидаттарына негізделген сот жүйесі саналатын Орталық Азиядағы алғашқы институт. Сот АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес әрекет етеді.

АХҚО соты өз қызметінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының сот жүйесінің бөлігі емес. АХҚО соты АХҚО қызметіне байланысты туындайтын дауларға қатысты айрықша юрисдикцияға ие. АХҚО-ға қатысы жоқ тараптар тараптардың келісімі бойынша өздерінің дауларын географиялық орналасуына қарамастан, жасалатын келісімшарттарда немесе жекелеген келісімдерде келісу жолымен АХҚО сотының қарауына бере алады.

Бұдан бөлек, АХҚО соты АХҚО актілерін түсіндіруге қатысты айрықша юрисдикцияға ие. АХҚО соты қылмыстық және әкімшілік сот істерін жүргізбейді, бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық соттарының айрықша құзыретіне жатады.

АХҚО соты Бірінші сатыдағы соттан және шешімдері түпкілікті болып саналатын Апелляциялық соттан тұрады. АХҚО сотының Англия мен Уэльс құқығының қағидаттары мен іс жүргізу нормалары мен жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттары негізінде жасалған өзіндік рәсімдік қағидалары бар. Шағын істер сотында 150 мың АҚШ долларына дейінгі сомаға шағын талап-арыздарды қараудың арнайы жеделдетілген рәсімі көзделген.

АХҚО соты шешімдерінің Қазақстан Республикасында орындалуы Қазақстан Республикасы соттары шешімдерінің орындалуы сияқты тәртіппен және сол шарттарда жүзеге асырылады. Шет мемлекеттердің аумағында АХҚО сотының шешімдері Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес орындалуға жатады.

АХҚО сотының қағидалары бойынша сот талқылаулары ағылшын және басқа тілдерде жүргізіледі, бұл процеске шетелдік заңгерлер мен адвокаттарға қатысуға мүмкіндік береді және АХҚО сотын шетелдік компаниялардың қатысуымен дауларды шешуге арналған тартымды алаңға айналдырады.

АХҚО соты eJustice электрондық сот төрелігі жүйесін пайдаланады, бұл тараптарға Астанада болу қажеттілігінсіз әлемнің кез келген нүктесінен электрондық түрде талап-арыз беруге мүмкіндік береді.

АХҚО соты Қазақстан Республикасында болашақ заңгерлер мен судьялардың біліктілігін арттыруға ықпал ететін әлемдік деңгейдегі кәсіби заңгерлік білім беру үшін жетекші халықаралық оқу орындарымен ынтымақтасады.

АХҚО соты судьяларының құрамына абсолютті тәуелсіздігі, бейтараптығы, адалдығы, заң үстемдігі қағидатын мүлтіксіз ұстанғаны және сатылмаушылығы үшін халықаралық мойындауға ие болған мінсіз беделі мен тәжірибесі бар жалпы құқық жүйесіндегі 9 көрнекті судья және Тіркеуші кіреді. Қызметке тағайындау кезінде барлық судьялар «Қазақстан Республикасының Конституциясына және АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес қорқынышсыз немесе біреуге ықылас танытпай, біреуге деген сүйіспеншіліксіз немесе қастықсыз барлық адамдар үшін барлық мүмкіндікті жасаймын» деген сөздермен Қазақстан Республикасының Президентіне ант береді. АХҚО сотының судьялары, рәсімдері, практикасы мен стандарттары дүние жүзіндегі ірі қаржы орталықтарында бизнес жүргізетін компанияларға жақсы таныс.

АХҚО сотының бірінші төрағасы әрі негізін қалаушы – дауларды шешу саласында халықаралық деңгейде танылған көшбасшы, мәртебелі Лорд Вульф СН болды. 2020 жылы Лорд Вульф АХҚО сотының төрағасы өкілеттігін тоқтатқаннан кейін мәртебелі Лорд Манс АХҚО сотының жаңа төрағасы лауазымына тағайындалды. Лорд Манс Ұлыбританияның Жоғарғы Соты төрағасының бұрынғы орынбасары және жетекші заң сарапшысы ретінде есімі әлемде танылған.



«АХҚО сотының Тіркеуші және Аппарат басшысы, сондай-ақ АХҚО соты аппараты үйлестіретін өзіндік сот жүйесі бар. Сот залдары – соңғы цифрлық технологиялармен жабдықталған заманауи кеңселер. АХҚО Басқарушысының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, сондай-ақ АХҚО соты төрағасының тікелей қолдауымен АХҚО соты айтарлықтай жетістіктерге жетті. Менің ізгі құттықтауларымды қабыл алыңыздар».


Лорд Вульф

Лорд Вульф – Британдық заң тарихындағы жалпы құқық, сот ісін жүргізу және дауларды шешу, сондай-ақ заңгерлік білім беру саласындағы ең беделді судьялардың бірі. Англия мен Уэльс соттарының төрағасы, Гонконг Апелляциялық сотының судьясы және Катар қаржы орталығының азаматтық және коммерциялық сотының бірінші төрағасы лауазымдарын атқарды.

Лорд Вульф Кембридж университетіндегі конфессияаралық қатынастар жөніндегі Вульф институтына жетекшілік етеді, Лондон университеттік колледжінде Кеңес төрағасы және заң профессоры, Израиль Ашық университетінің төрағасы және Озық құқықтық зерттеулер институтының төрағасы болды.

2019 жылы оның «АХҚО соты: бүгін мен болашағы» кітабы АХҚО сотының Тіркеушісі және Аппарат басшысы Кристофер Кэмпбелл-Холттың редакциялығымен жарық көрді, бұл еңбегінде ол АХҚО сотының құрылу процесімен бөлісті және оның болашақ дамуы туралы көзқарасын білдірді.

9 АХҚО сотындағы әлемдік деңгейдегі судьялар және Тіркеуші



«АХҚО сотына жүгінудің көптеген себептері бар:

Біріншіден, АХҚО сотының тәуелсіздігі құқық үстемдігінің үздік халықаралық стандарттарының қолданылуымен барлық инвесторлардың құқығы тең және әділ қорғалатынына кепілдік береді. Бұл тәуелсіздікті мен – АХҚО сотының төрағасы, сегіз судья және Тіркеуші қорғайды. Біздің судьялар өздерінің абсолютті тәуелсіздігі, бейтараптығы, адалдығы, заң үстемдігін мүлтіксіз қолдануы және сатылмайтындығы үшін әлемдік беделге ие жалпы құқық әлеміндегі ең тәжірибелі әрі беделді судьялардың бірі.

Екіншіден, біз шешімдердің орындалуының кешенді жүйесін әзірледік. Барлық сот шешімдері мен қаулылары Қазақстандағы АХҚО сотының атқарушылық рәсімдеріне сәйкес орындалады. Шешімдердің халықаралық орындалуын АХҚО соты қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, әрине, дауларды шешудің ыңғайлы және үнемді онлайн-жүйесі.

Төртіншіден, Қазақстанның географиялық орналасуын атап өткен жөн. АХҚО соты Еуропа мен Азия арасында орналасқан және Қазақстанда және Еуразияның бүкіл өңірінде алғаш рет біз Қазақстан мен Еуразия елдерінің бизнесі мен халықаралық инвесторлар үшін тікелей жақын немесе салыстырмалы түрде қысқа қашықтықта әлемдік деңгейдегі шын мәнінде халықаралық жалпы құқық сотының болуын қамтамасыз етеміз».

Лорд Манс
АХҚО сотының төрағасы

Кристофер Кэмпбелл-Холт – АХҚО сотының Тіркеушісі және Аппарат басшысы, сондай-ақ сот шешімдерін орындау жөніндегі судья. Ол АХҚО соты мен ХТО-ны құру процесін бастапқы тұжырымдамадан бастап осы органдардың Еуразия өңіріндегі дауларды шешудің жетекші халықаралық институттары ретінде танылуына дейін басқарды. Оның міндеттеріне АХҚО сотын күнделікті басқару және әкімшілендіру, сондай-ақ АХҚО соты төрағасының тапсырмасы бойынша сот тәртібімен істерді жүргізу кіреді. Шешімдерді орындау жөніндегі судья ретінде ол АХҚО сотының атқару парақтары мен қаулыларын беруге жауапты.

Кристофер Кэмпбелл-Холт АХҚО-ның жалпы құқыққа негізделген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің Сот-құқықтық реформасы жөніндегі жұмыс тобының құқықтық актілерін қарайтын және қабылдайтын АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі. Ол сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Қазақстандық соттарды реформалау және дауларды шешу мәселелері жөнінде консультация беретін халықаралық кеңестің мүшесі.

7 500 АХҚО соты мен ХТО-ның үлгілік ескертпелері бар іскерлік келісімшарттар

41 ХТО-дағы төрешілер мен медиаторлар

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



2018 жылы ресми қызметін бастаған Халықаралық төрелік орталығы АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес әрекет ете отырып, сот ісін жүргізуге тәуелсіз, үнемді және жедел балама саналады.

ХТО төрелік және медиацияны қоса алғанда, тараптардың қажеттіліктеріне барынша икемділікпен және жедел ден қоюмен дауларды реттеудің соттан тыс әдістерін ұсынады.

ХТО-ның төрелік шешімдері АХҚО сотының шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында танылады және орындалады. ХТО-ның төрелік шешімдері 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына сәйкес халықаралық деңгейде орындалады.

2022 жылы ХТО Еуразиядағы алғашқы дауларды шешу бойынша кәсіби қолдаудың бірыңғай орталығы – **IAC Chambers-ті** іске қосты. Бұл сервис Сингапурдағы Maxwell Chambers және Лондондағы Халықаралық дауларды шешу орталығы сияқты әлемдегі ең үздік дауларды шешу орталықтарының қолдау орталықтары үлгісі бойынша құрылды.

ХТО-ның Еуропа, Азия елдерінен, АҚШ-тан, Үндістаннан, Сингапурдан, Гонконгтан коммерциялық және азаматтық құқық саласында үлкен тәжірибесі бар және өз қызметтерін тек тәуелсіздік, бейтараптық және адалдық қағидаттары негізінде жүргізетін көрнекті халықаралық төрешілер мен медиаторлардың жеке алқасы бар.

ХТО-ның бірінші төрағасы және оның негізін қалаушысы Ұлыбританияның жетекші коммерциялық адвокаттарының және халықаралық төрешілерінің бірі **Барбара Доманн КС** болды. 2023 жылдың қаңтарынан бастап халықаралық төреші және медиатор ретінде көп жылдық тәжірибесі бар ХТО Төрешілер алқасының мүшесі **Томас Крюммель** ХТО төрағасы қызметіне кірісті.

ПАЙЫМ



Еуразия өңірінде азаматтық және коммерциялық дауларды төрелік және дауларды шешудің басқа да балама әдістері арқылы шешу бойынша бірінші орталық болу.

МИССИЯ



Азаматтық және коммерциялық дауларды жедел реттеу үшін халықаралық бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыратын сенімділік, әділдік және қолжетімділік, заң үстемдігін сөзсіз қолдану және икемділік қағидаттарына негізделген төреліктің және азаматтық және коммерциялық дауларды балама шешудің толық тәуелсіз жүйесін құру және дамыту.

МАҚСАТТАР



1. ХТО Төрелік және медиация қағидаларына немесе дау тараптарымен келісілген арнайы қағидаларға сәйкес төрелік, медиация және дауларды шешудің басқа балама әдістері арқылы ұлттық және халықаралық коммерциялық дауларды шешуге арналған әлемдік деңгейдегі қызметтерді ұсыну;
2. АХҚО-да, Қазақстанда, Еуразия өңірінде және жаһандық деңгейде дауларды шешу жүйесін әкімшілендіруге сенімділікті және оған қолжетімділікті арттыру арқылы өңірлік сауданың өсуіне ықпал ету;
3. инновациялық және технологиялық жағынан озық халықаралық төрелік орталығы болу және жұмыс процестері мен стандарттарын жетілдіруге үнемі ұмтылу;
4. Қазақстандағы, Еуразия өңіріндегі және басқа да юрисдикциялардағы, әсіресе Қазақстанмен тығыз сауда байланыстары бар юрисдикциялардағы өзге де халықаралық төрелік орталықтарымен ынтымақтасу және іскерлік қарым-қатынас орнату;
5. Қазақстандағы, Еуразия өңіріндегі және басқа да юрисдикциялардағы, әсіресе Қазақстанмен тығыз сауда байланыстары бар юрисдикциялардағы өзге де халықаралық төрелік орталықтарымен ынтымақтасу және іскерлік қарым-қатынас орнату.



Халықаралық төрелік саласында 30 жылдан астам тәжірибесі бар **Барбара Доманн** Лондон халықаралық төрелік сотының мүшесі, Лондон халықаралық төрелік сотының, Париж халықаралық сауда палатасының, сондай-ақ Гонконгтың Халықаралық төрелік орталығының аралық судьясы.



Томас Крюммельдің халықаралық төрелік және медиация саласында Еуропада, атап айтқанда ол Meyer-Koering заң фирмасының Берлиндегі кеңсесінің серіктесі болып табылатын Германияда коммерциялық дауларды шешуде тәжірибелі құқық саласындағы әлемдік көшбасшы ретінде көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Оның клиенттерінің қатарында корпоративті девелоперлер, ірі банктер мен инвесторлардың консорциумдары, құрылыс кәсіпорындары, ауқатты тұлғалар, отбасылық кеңселер және әлемнің барлық негізгі юрисдикцияларының басқа да жеке клиенттер бар.

Кристофер Кэмпбелл-Холт – ХТО Тіркеушісі және аппарат басшысы. Оның міндеттеріне ХТО-ның күнделікті басшылығы мен әкімшілендіру, төрелік істерді және медиация келісімдерін жүргізу, сондай-ақ ХТО Төрелік және медиация қағидаларына сәйкес ХТО медиаторларын тағайындау кіреді. Ол АХҚО сотын және ХТО-ны құрудың процесін бастапқы тұжырымдаманы бастап осы органдарды Еуразия өңіріндегі дауларды шешудің жетекші халықаралық институттары ретінде тануға дейін басқарды.

Кристофер Кэмпбелл-Холттың Ұлыбритания, АҚШ сияқты елдерде, Таяу Шығыс және Орталық Азия өңірлерінде құқық саласында 20 жылдық халықаралық жұмыс тәжірибесі бар. Ол Катар қаржы орталығында коммерциялық соттың және дауларды шешудің балама орталығының Тіркеушісі болды, сондай-ақ Лондондағы (Ұлыбритания) Norton Rose Fulbright халықаралық заң фирмасында және Таяу Шығыстағы Дохада (Катар) Covington and Burling LLP халықаралық фирмасымен серіктестіктегі заң фирмасында қызмет атқарды.

ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК ОРГАНДАР

АХҚО юрисдикциясын одан әрі дамыту және кеңейту мақсатында келесі бағыттар шеңберінде құқық мәселелері жөніндегі консультативтік органдар құрылды:

- 1. АХҚО-дағы заң қызметін құқықтық реттеу жөніндегі консультативтік топ** (2019 жылдан 2022 жылға дейін жұмыс істеді) – заң қызметін реттеу мәселелері бойынша үздік әлемдік тәжірибені енгізуді қамтамасыз ету, реттеу мәселелері бойынша стратегиялық кеңестер мен сараптамалық қорытындылар беру, АХҚО-ның тиісті актілерін әзірлеу әдіснамасы мен тәсілдерін айқындау мақсатында құрылған консультативтік-кеңес беру органы. Топтың құрамына консультациялық қызмет көрсетуде, бүкіл әлем бойынша заң қызметтерін реттеу саласындағы реформаларды әзірлеуде және енгізуде үлкен тәжірибесі бар заң мамандығын реттеу саласындағы жетекші сарапшылар кірді. Консультативтік топ АХҚО-дағы заң қызметтерін реттеу, соның ішінде заң қызметін реттеу, заңгерлік білім беру және кәсіби даярлау тұжырымдамалары бойынша стратегиялық пайымын әзірледі. Бұл топ өз қызметін 2022 жылы бастаған АХҚО Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесін құру бойынша тұжырымдаманың жобасын да әзірледі.
- 2. АХҚО Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі** (2022 жылдан бастап әрекет етеді) - заң қызметтерін реттеу режимін енгізу, АХҚО-да заң қызметтерін көрсету кезінде құзыреттіліктің, этика мен адалдықтың жоғары кәсіби стандарттарын қамтамасыз ету үшін құрылған арнайы орган. **Саймон Кокс** (Norton Rose Fulbright) Кеңестің төрағасы, 2017 жылдан бері АХҚО Құқықтық-консультативтік кеңесінің мүшесі. Оның құрамына сондай-ақ АХҚО органдарының және АХҚО Құқық академиясының өкілдері, Seven Pillars Law, Kinstellar, Grata International, AGZ ZanHub, AEQUITAS және Berg & Moll заң фирмаларының серіктестері кірді. Кеңес мүшелері Англия мен Уэльстің заң қызметтерін реттеу

саласындағы жетекші сарапшыларымен бірге АХҚО-да заң мамандығын реттеудің тұжырымдамасы мен негізгі тәсілдерін әзірлеуге қатысты. Тиісті құқықтық база қабылданды, оның ішінде «Заң қызметтері туралы» АХҚО актісі, сондай-ақ заңгерлердің мінез-құлық кодексі және АХҚО-да заң қызметтерін көрсету және заңгерлердің кәсіби дамуының стандарттарын белгілейтін Кеңестің басқа да қағидалары бар. Бүгінгі күні Кеңес 9 елден (Қазақстан, Ұлыбритания, АҚШ, Үндістан, БАӘ, Катар, Италия, Қырғызстан, Ресей) 100-ден астам заңгерді тіркеді, олардың көпшілігі Legal 500 және Chambers and Partners халықаралық рейтингтерімен танылған ірі заң фирмаларының өкілдері.

- 3. АХҚО Заң технологияларын дамыту жөніндегі консультативтік кеңесі** (2020 жылдан бастап жұмыс істейді) – қаржы орталығының заң технологияларының экожүйесін дамыту, көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын, оның ішінде тұтынушылардың кең ауқымы үшін қолжетімділікті қамтамасыз ететін жаңа технологияларды қолдану арқылы арттыру жөніндегі арнайы орган. Консультативтік кеңестің төрағасы **Марк Бир** болды. Кеңестің 11 мүшесінің қатарына сондай-ақ стратегиялық ұсынымдар мен шешімдер ұсынған, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, сондай-ақ АХҚО нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге көмектескен Ұлыбританияның, АҚШ-тың, Еуропаның және Азияның академиялық және бизнес-қоғамдастықтарының өкілдері кірді. Консультативтік кеңес заң тәжірибесін жүргізудің цифрлық құралдарын одан әрі дамытуды бекітетін бірқатар құжаттарды қабылдады. Тегін кеңестер беру бойынша Ask a LegalTech Expert, АХҚО Құқық академиясымен бірлесіп өңірдегі алғашқы LegalTech сертификаттау бағдарламасы, Еуропалық заң технологиялары қауымдастығымен, Заң технологиялары институтымен және New Law Academy-мен бірлесіп хақатондар, білім беру дәрістері мен семинарлар сияқты бастамалар іске асырылды.



«2022 жыл ХТО үшін тағы бір табысты жыл болды. Орталық жұмысының осы кезеңінде төрелік шешімдер мен медиация туралы келісімдердің теңдессіз саны шығарылды. Біз дауларды баламалы шешу бойынша бүкіл әлемнің төрешілерімен, медиаторларымен және серіктестік институттарымен табысты жұмыс істедік. ХТО төрелік және медиация мәселелері бойынша көптеген вебинарлар мен оқу бағдарламаларын өткізді және тұтастай алғанда, бұл қызметтерді Еуразия өңірінде ілгерілетуге ықпал етті. Инвесторлар әлемдік деңгейдегі төрелік және медиация жөніндегі тәуелсіз орталық ретінде ХТО-ның ұзақ мерзімді болашағына сенімді бола алады. ХТО төрешілер алқасының мүшесі және Meyer-Koering (Берлин қ., Германия) халықаралық заң фирмасының серіктесі Томас Крюммельдің тағайындалуымен сабақтастық қамтамасыз етіледі».

Барбара Доманн
ХТО-ның бірінші төрағасы
және оның негізін қалаушысы



GOOGLE PLAY



iOS

AIFC Law – АХҚО юрисдикциясына қызығушылық танытатын кез келген адамды оқытуға арналған мобильді қосымша. Қолданба пайдаланушыларға АХҚО құқықтық құрылымымен танысуға, АХҚО актілерін онлайн және офлайн режимде оқуға, оқу видеоларын көруге, өз білімдерін тексеруге, соңғы жаңалықтарды, сондай-ақ семинарлар, вебинарлар және басқа да курстар сияқты алдағы оқиғалар туралы өзекті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

АХҚО соты мен ХТО АХҚО-ны өңірдегі коммерциялық дауларды шешу орталығы ретінде тануда және инвесторлардың қаржы орталығына және тұтастай Қазақстанға деген сенімін арттыруда маңызды рөл атқарды.

АХҚО соты мен ХТО жұмысын бастағаннан бері **сот және төрелік шешімдерінен, сондай-ақ медиация туралы келісімдерден тұратын 1 644 істі** қарауға қабылдады. Бұл – жұмыс істеп жатқанына бес жыл ғана болған халықаралық қаржы орталықтарындағы дауларды шешу институттары үшін бұрын-соңды болмаған нәтиже.

Дауларға қатысатын тараптар 22 мемлекеттің өкілдері болды, олардың көпшілігі – ТМД елдері және Қытай, Үндістан, Канада, Өзбекстан, Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері сияқты Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестері және «Белдеу және Жол» бастамасының басқа да қатысушылары. Тараптардың кең географиясы АХҚО-ның дауларды шешу институттарының жаһандық, өңірлік және жергілікті нарықтарда халықаралық деңгейде танылғанын куәландырады.

Қаралған даулар қаржы, құрылыс, келісімшарттар, сондай-ақ АХҚО еңбек дауларын қоса алғанда, коммерциялық және инвестициялық сипаттағы мәселелердің кең ауқымын қамтыды. Даулардың қолданылатын құқығына АХҚО құқығы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының құқығы кірді. Барлық сот және төрелік шешімдер Қазақстан Республикасының аумағында АХҚО сотының шешімдерін орындаудың арнайы әзірленген қадамдық рәсімінің пайдаланылуымен толық орындалды.

COVID-19 пандемиясы кезінде АХҚО соты мен ХТО дауларды шешудің барлық қызметтеріне, соның ішінде 2019 жылы іске қосылған eJustice электрондық сот төрелігі жүйесі арқылы жылдам және оңай онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ден қоюдың жедел шараларын қабылдады.

АХҚО соты мен ХТО-ның үлгілік ескертпелері жалпы сомасы 2 млрд АҚШ долларынан асатын **7 500-ден астам іскерлік келісімшартқа**, соның ішінде «Шеврон», «Теңізшевройл» және «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NOCOS) келісімшарттарына қосылды.

1 644 АХҚО соты мен ХТО қарауына қабылданған істер

АХҚО органдары АХҚО юрисдикциясында тіркелген инвесторлар Қазақстан Республикасының Үкіметімен АХҚО юрисдикциясында тікелей жасайтын **инвестициялар туралы келісімдер** шеңберінде дауларды шешу институттары ретінде таңдалуы мүмкін. Бүгінгі күні шетелдік инвестормен осы шарттармен жасалған бір келісімшарт бар. Инвестордың АХҚО сотына және ХТО-ға жүгіну құқығы инвестициялық жобаны іске асыруға арналған үлгілік келісімшарттарға да қолданылады. Сонымен қатар, көмірсутектер саласындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттар шеңберінде (жетілдірілген үлгілік келісімшарт) осы келісімшарттарға қатысты дауларды қарау бойынша ХТО өкілеттігі қарастырылған.

ҰЛТТЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

АХҚО соты мен ХТО ұлттық сот жүйесіне тәуелсіз. Сонымен бірге ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіне отырып, АХҚО институттары Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен тығыз ынтымақтастық орнатты. 2021 жылы қабылданған **Істерді беру схемасы** тараптардың жазбаша келісімімен коммерциялық дауларды Қазақстан Республикасының ұлттық соттарынан АХҚО сотына және ХТО-ға жедел және тиімді беруді қамтамасыз етуге арналған. Осы уақытқа дейін АХҚО соты ұлттық соттар АХҚО сотына берген бес дау бойынша шешім шығарды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Халықаралық ынтымақтастық АХҚО соты мен ХТО қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, бүгінде Қазақстан, Ұлыбритания, Ресей, Гонконг, Қытай, Сингапур және басқа да елдердің **дауларды шешу жөніндегі түрлі институттарымен 57 өзара түсіністік туралы меморандумға** қол қойылды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – заң үстемдігін қамтамасыз ету және ілгерілету, АХҚО сотының және ХТО-ның заң және төрелік қоғамдастықтар арасында халықаралық және өңірлік деңгейде танылуы, құқықтық білім мен кәсіби оқытуды, ғылыми-зерттеу бастамаларын дамыту, сондай-ақ бірлескен ақпараттық науқандар.

Халықаралық ілгерілету мақсатында АХҚО соты мен ХТО жергілікті, өңірлік және халықаралық конференцияларда, соның ішінде Азия мен Еуропа елдеріндегі АХҚО соты мен ХТО-ның негізгі серіктестерінің қатысуымен өткен конференцияларда 60-тан астам баяндама жасады.

АХҚО соты сондай-ақ 40-тан астам юрисдикцияның бас судьялары мен сот тіркеушілері жыл сайын бас қосып, тәжірибе алмасатын Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумының (SIFoCC) қатысушысы.



«Біз АХҚО сотына және ХТО-ға жергілікті, өңірлік және халықаралық іскерлік орталардың жедел, экономикалық жағынан тиімді, сенімді және коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғары халықаралық заң үстемдігі стандарттарын қолданатын қауіпсіз институттар ретінде сенім артып келе жатқанына қуаныштымыз.

Істердің саны дамудың осы кезеңіндегі басқа халықаралық қаржы орталықтарының жалпы құқық соттары мен төрелік орталықтарынан әлдеқайда асып түседі. Біз Еуразия өңірінде коммерциялық дауларды шешудің бірінші таңдауы ретінде жаһандық корпорациялар арасында халықаралық деңгейде айтарлықтай танылудамыз.

Біз бұл прогресті одан әрі қолдауды және АХҚО соты мен ХТО-ның инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысын ең жоғары халықаралық стандарттарға сай жүргізуін қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз».

Кристофер Кэмпбелл-Холт
АХҚО соты мен ХТО Тіркеушісі және Аппарат басшысы

КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

АХҚО өз юрисдикциясын ілгерілету және жетілдіру, сондай-ақ үздік әлемдік тәжірибені енгізу үшін заң фирмаларымен және қауымдастықтармен ынтымақтастық арқылы жаңа қатысушыларды тарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Бүгінгі күні АХҚО экожүйесінде қаржы орталығының қатысушылары ретінде **47 заң компаниясы** тіркелген.

2019 жылдан бастап АХҚО-да **AIFC Law Pro Bono** кеңсесі ашылды, онда АХҚО-ға мүше заң фирмалары АХҚО юрисдикциясында туындайтын мәселелер бойынша заңгерлік кеңестерге тегін қолжетімділік ұсынады. Кеңсе іске қосылғаннан бері 90 сессия өткізіліп, олардың шеңберінде 170-ке жуық клиентке кеңес берілді.

АХҚО соты мен ХТО Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі заңгерлер мен судьялардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сапалы құқықтық білім мен кәсіби даярлауды ұсынуға қолдау көрсетуге ұмтылады, бұл әлемдік қаржы орталықтарының соттары мен төрелік орталықтары үшін әдеттегі тәжірибе.

АХҚО экожүйесі шеңберінде Еуразия өңірінде және одан тыс жерлерде кәсіби заңгерлік білім беру қызметтерін ұсынуға арналған алаң болып табылатын **АХҚО Құқық академиясы** да жұмыс істейді.

Сонымен қатар, құрылғаннан бері АХҚО соты мен ХТО құқықтанушы студенттер арасында бірқатар практикалық дағдыларды дамыту мақсатында Қазақстанның және әлемнің әртүрлі ЖОО студенттеріне арналған жыл сайынғы студенттік жарыстарды өткізіп келеді. 2021 жылдан бастап студенттерге дауларды шешудің баламалы әдістерін үйренуге мүмкіндік беретін 60 елден 300-ден астам студенттің қатысуымен **IAC Central Asia Vis Pre-Moot** жыл сайынғы студенттер сайысы өткізіледі.

59 АХҚО сотының қарауына қабылданған істер

1 585 ХТО қарауына қабылдаған төрелік және медиация істері

440 АХҚО сотында тараптардың мүддесін білдіру құқығымен 31 юрисдикциядан (29 ел) тіркелген заңгерлер

57 Дауларды шешу жөніндегі түрлі институттармен жасалған өзара түсіністік туралы меморандумдар

САУДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО биржасы (Astana International Exchange, AIX) АХҚО-ның Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету жөніндегі «АХҚО туралы» Конституциялық заңымен айқындалған міндеттерін іске асыру мақсатында 2017 жылы құрылған. АIX ағылшын жалпы құқығы қағидаттарына негізделген АХҚО юрисдикциясында жұмыс істейді, сондай-ақ қаржылық қызметтердің интеграцияланған реттеушісі ретінде АХҚО комитеті тарапынан реттеледі. АIX-те алғашқы сауда-саттық 2018 жылы басталды.

АIX МИССИЯСЫ



Бизнес пен инвесторлар үшін инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде сенімді және өтімді капитал нарығын дамыту.

Бес жылдық қызметінің қорытындысы бойынша АIX әлемдік деңгейдегі капитал нарығын құрды, өзін сауда-саттық және есеп айырысу-клирингтік операцияларды қоса алғанда, толық бизнес циклін қамтамасыз ететін сенімді және қауіпсіз сауда инфрақұрылымы ретінде көрсетті.

АIX жаһандық инвесторларға Қазақстанға қолжетімділікті қамтамасыз етті, сондай-ақ жергілікті және халықаралық эмитенттерге қазақстандық және әлемдік нарықтарда қаржыландыруды тартуға мүмкіндік берді.

Өз қызметінде Биржа жоғары технологиялық Nasdaq сауда платформасын пайдаланады және жергілікті әрі халықаралық кастодиандарға қосылған T+2 есеп айырысу-депозитарлық инфрақұрылымына ие.

\$2,4
МЛРД

борыштық капитал тартылды

АIX өзінің негізгі инфрақұрылымы – Nasdaq сауда жүйесін Amazon Web Services (AWS) бұлттық сақтауына көшірген әлемдегі алғашқы биржа болды, бұл инвестициялық қоғамдастыққа икемділік пен ауқымдылықты қамтамасыз ете отырып, сауда қызметтерінің тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді.

2019 жылы АIX Орталық Азиядағы Ұлыбритания Салық және кеден қызметі (HMRC) мойындаған жалғыз қор биржасы болды. Бұл мәртебе АIX-те саудаланатын бағалы қағаздарды

ұстаушыларға олардың жеке жағдайлары мен заң шеңберінде қолданылатын шарттарды ескере отырып, Ұлыбританияның салық заңнамасына сәйкес қолайлы режимді пайдалануға мүмкіндік береді.

АIX Еуро-Азия қор биржалары федерациясына кіреді, ал 2021 жылы 250-ден астам нарық инфрақұрылымының қатысушыларын біріктіретін биржалар мен клирингтік орталықтардың жаһандық салалық қауымдастығы – Дүниежүзілік биржалар федерациясының толыққанды мүшесі болды.

17 000

белсенді шот Tabys арр мобильді қосымшасында қолданыста

Құрылған күнінен бастап АIX Шанхай қор биржасы, Nasdaq жоғары технологиялық биржа алыбы және «Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы жобаларға жол ашатын Жібек жолы қоры сияқты тәжірибелі және ықпалды халықаралық ойыншылар тарапынан қолдау тапты.

2020 жылы АIX FTSE Russell индексінің стандартына сай сауда алаңы ретінде танылды және FTSE Frontier Index Series (шекаралық нарықтар) қағидаларына қосылды, бұл Қазақстанның инвестициялық позициясын дамушы нарықтар деңгейіне дейін көтеру жоспарларына одан әрі жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

АIX бизнес-процестерінің ең жоғары стандарттарын сақтауға ұмтылатынын атап өткен жөн. 2022 жылы АIX өз қызметінің ақпараттық және киберқауіпсіздік, сондай-ақ дербес деректерді қорғау және бұлттық сервистердегі ақпараттық қауіпсіздік

30

АХҚО биржасының сауда мүшелері

бойынша ISO 27001, ISO 27032, ISO 27018 және ISO 27017 жаһандық стандарттарына сәйкестігін растады. Бұл стандарттар Биржаның барлық сауда, клиринг, есеп айырысу, тіркеу және депозитарлық қызметтерін қамтиды.

НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

COVID-19 пандемиясының әсеріне және соның салдарынан 2020 жылдан бастап туындаған экономикадағы құлдырауға, сондай-ақ 2022 жылы әлемдік қаржы нарықтарында турбуленттілік

АIX 2020 жылдың соңында өзінің сауда инфрақұрылымын Amazon Web Services (AWS) бұлттық қоймасына толығымен көшірген әлемдегі алғашқы биржа болды.

тудырған геосаяси шиеленістерге қарамастан, АIX тұрақтылықты және Қазақстанның, Орталық Азияның және одан тысқары елдердің халықаралық инвесторлары мен эмитенттерінің жоғары қызығушылығын сақтай алды. Бес жылдық қызметінің барысында АIX айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді:

- АIX ресми тізіміне акцияларды мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды (ЖДҚ), облигацияларды, биржалық ноталарды қоса алғанда, түрлі 85 эмитенттің 129 бағалы қағаздары кірді.
- Тартылған борыштық капиталдың көлемі шамамен 2,4 млрд АҚШ долларын, акционерлік капитал – 356 млн АҚШ долларын құрады.
- «ҚазМұнайГаз», Kaspi.kz, «Қазатомөнеркәсіп», Halyk Bank, «Банк ЦентрКредит», Ferro-Alloy Resources, Polymetal және т.б. сияқты ірі эмитенттердің акциялары/ЖДҚ табысты листингтелді.
- 2022 жылғы сауда-саттықтың жалпы көлемі 173 млн АҚШ долларына жетті.
- Биржаның экокүйесіне Қазақстан, Қытай, Еуропа және бірқатар көршілес елдердің брокерлерін қоса алғанда, 30 сауда мүшесі кірді.
- АIX Орталық депозитарийінде (AIX CSD) 523 мың шот тіркелді.

ЛИСТИНГТЕР

АIX ұлттық және шетелдік валютада акциялар (стандартты листинг, шағын және орта бизнеске арналған құралдар), жаһандық депозитарлық қолхаттар (ЖДҚ), облигациялар (МБҚ, корпоративтік облигациялар, исламдық, жасыл, ESG облигациялары), биржалық инвестициялық қорлар мен ноталар (ETN), жер қойнауын пайдаланушыларға арналған құралдар (junior mining) сияқты құралдардың үлкен базасының листингі мен сауда-саттығына арналған жоғары технологиялық платформа ұсынады.


АIX листингтік талаптары Ұлыбританияның Листинг басқармасының (UKLA) және Еуропалық Одақтың ең үздік стандарттарына негізделген, бұл АIX жұмысының қағидаларын шетелдік инвесторлар мен эмитенттерге түсінікті етеді. Шетелдік қор биржаларына арналған АХҚО тану жүйесі АIX-те бағалы қағаздардың жылдам кросс-листингіне мүмкіндік береді.

2022 жылдың соңында АIX ресми тізіміне 20 ETN-ді қоса алғанда, түрлі 85 эмитенттің 129 бағалы қағаздар шығарылымы кірді.

\$356
МЛН

акционерлік капитал тартылды

АIX-ТЕГІ ЭМИТЕНТТЕР, ЛИСТИНГТЕР ЖӘНЕ САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ, 2018–2022 ЖЫЛДАР



ҮЛЕСТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

AIX – акциялар мен ЖДҚ-ның бастапқы және қайталама орналастыруын өткізуге, сондай-ақ жеке корпоративтік сектор компанияларының да, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Жекешелендірудің кешенді жоспары шеңберінде «Самұрық-Қазына» қорының ұлттық портфельдік компанияларының да тікелей листингіне және кросс-листингіне арналған жергілікті платформа.

Бес жылдық қызмет қорытындылары бойынша АХҚО алаңында тартылған акционерлік капитал көлемі 350 млн астам АҚШ долларын (2022 жылы +10%) құрады.

2018–2020 жылдардағы табысты орналастырудың үш кезеңінің шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының акциялары мен ЖДҚ-ның 25%-ы AIX-те өткізілді және LSE және AIX-те барлығы шамамен 790 млн АҚШ доллары тартылды, оның ішінде шамамен 204 млн АҚШ доллары (26%) AIX арқылы тартылды. AIX-те осы орналастыру барысында үштен бірі шетелдік инвесторлардан тартылды, бұл олардың АХҚО платформасына деген жоғары қызығушылығын көрсетеді.

2019 жылы AIX-те (сондай-ақ LSE-де, MOEX-те) бірінші шетелдік эмитент «Полиметаллдың» акциялары орналастырылды, бұл осы ең ірі тау-кен компаниясына өзінің инвесторлар базасын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Маңызды орналастырулардың арасында 2020 жылы LSE және AIX-те өткен қазақстандық Kaspi.kz финтех компаниясының IPO-сын да атап өткен жөн. Компания 6,5 млрд АҚШ долларына бағаланып, қазақстандық көпшілікке сатылатын ең қымбат компания болды. AIX-тегі сәтті IPO елдегі интеграцияланған капитал нарығын одан әрі дамыту қажеттілігін, сондай-ақ жеке жоғары технологиялық компаниялардың әлеуетін көрсетті.

«Самұрық-Қазына» қорының жоспарына сәйкес, алдағы екі жылда Air Astana-ны, «Самұрық-Энерго», KEGOC, QazaqGaz және «Қазақстан темір жолы» компанияларының жасыл активтерінің портфелін IPO-ға шығару жоспарлануда.

2022 жылы Қазақстанның қор нарығындағы маңызды оқиға тек жергілікті нарықта (AIX, KASE) ғана өткізілген «ҚазМұнайГаз» ең ірі ұлттық мұнай-газ компаниясының IPO-сы болды. Бастапқы орналастыру нәтижелері бойынша 154 млрд теңге (\$327 млн) сомасына, оның ішінде AIX алаңында және Tabys мобильді қосымшасы арқылы (11%) 16,4 млрд теңге (\$35 млн) сомасына өтінімдер қанағаттандырылды. Бастапқы нысаналы аудитория бөлшек инвесторларға бағытталған жергілікті инвестициялық база болғанымен, AIX алаңында шетелдік инвесторлардың елеулі қызығушылығы тіркелді.



«АХҚО алаңы үшін бұл ұлттық компанияның екінші IPO-сы және біз Қазақстан Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» қорының «ҚазМұнайГазды» тек жергілікті қазақстандық нарықта жекешелендіру жөніндегі шешімін жоғары бағалаймыз. Бұл маңызды, өйткені біздің ортақ міндетіміз – отандық бизнестің дамуына ықпал ететін, қазақстандықтарға ұлттық байлықтан өз үлесін инвестиция арқылы алуға, сондай-ақ Қазақстан экономикасына шетелдік капиталды тартуға, өсуге жаңа серпін беруге мүмкіндік беретін заманауи, интеграцияланған қор нарығын құру».

Тимоти Беннетт
Astana International Exchange
Директорлар кеңесінің төрағасы


AIX QAZAQ INDEX

AIX-тегі акциялар нарығының күйін бағалау үшін 2021 жылы АХҚО биржасында қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың қор биржаларында саудаланатын акциялары мен ЖДҚ-сынан тұратын, нарықтық капиталдандыру бойынша мөлшерленген индексті білдіретін AIX Qazaq Index (AIXQI) индексі іске қосылды. Индекске не Қазақстанда тіркелген, не олардың бизнестен түсетін кірісі ішінара немесе толығымен елде жинақталатын, не операциялық қызметтің елеулі бөлігі Қазақстанда жүзеге асырылатын компаниялардың акциялары кіреді.

Индекс бірінші кезекте қазақстандық капитал нарығының барынша өтімді сегментінің көрсеткіштерін өлшеу және әлеуетті инвестициялық стратегияларды индекспен салыстыру мүмкіндігі арқылы инвестициялық процесті жақсарту үшін құрылды.

AIXQI көмегімен инвесторлар Қазақстанның қор нарығындағы өзгерістерді қадағалап қана қоймай, сонымен қатар индекске байланысты AIX-те листингтелген биржалық ноталарға (AIX Qazaq Index және AIX Qazaq Index Active) инвестициялау мүмкіндігіне ие болды. AIXQI индексі тек Биржада ғана емес, сонымен қатар бөлшек инвесторларға арналған Tabys мобильді қосымшасында да сауда-саттық жасау үшін қолжетімді.

AIX QAZAQ INDEX КОМПОНЕНТТЕРІ (2023 жылғы қаңтар бойынша)



- KazMunayGas
- Halyk Bank
- NAC Kazatomprom
- Kaspi.kz
- Kcell
- Kazakhstan Telecom
- KazTransOil
- Central Asia Metal
- Bank CenterCredit

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Қолайлы сауда инфрақұрылымы, сенімді реттеуші база, биржалық құралдардың жаңа түрлерінің үлкен тізбегі AIX-тің борыштық нарығының табысты қалыптасуына және өсуіне ықпал етті. Бес жылдық қорытындысы бойынша AIX эмитенттері тартқан борыштық капитал көлемі шамамен 2,4 млрд АҚШ долларын құрады (2022 жылы +55%).

AIX ресми тізімінің эмитенттеріне қойылатын талаптар Лондон қор биржасының талаптарымен бірдей. Бұл көптеген компаниялар үшін, соның ішінде ұлттық компаниялар үшін, ең алдымен, ақпаратты ашу, корпоративтік басқару мен ашықтық, тәуелсіз директорлар институты стандарттарындағы жоғары деңгей.

Осы жылдардағы AIX-тегі борыштық құралдардың маңызды шығарылымдарының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- Halyk Bank облигацияларының листингі, жалпы көлемі \$482 млн құрайтын облигациялық бағдарлама шеңберінде;
- \$200 млн көлемінде ЕАДБ облигацияларын орналастыру;
- AIX, KASE, LSE-де жалпы көлемі \$500 млн құрайтын «Самұрық-Қазына» қорының бес жылдық еурооблигацияларын дебиттік орналастыру (AIX арқылы қатысу көлемі \$57 млн құрады);
- LSE-де орналастырылған «ҚазМұнайГаз» облигацияларының \$6,2 млрд жалпы сомасына кросс-листингі;
- VI Group құрылыс холдингінің «Мегастрой» еншілес компаниясының 20 млрд теңге сомасына борыштық құралдардың 9 жылдық бағдарламасы аясындағы облигацияларының листингі;
- Nef Qazaqstan-ның 6 млрд теңге сомасына дебиттік облигациялары және т.б.

AIX-те егемен облигацияларды шығару аясында ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары 2,2 млрд АҚШ доллары жалпы сомасына (AIX және LSE алаңдарында), сондай-ақ 80 млрд рубль жалпы сомасына ресей рублінде номинацияланған облигациялары (AIX және MOEX алаңдарында) орналастырылды.

523
МЫҢ

AIX CSD-де
ашылған шоттар

129

Түрлі 85 эмитенттің
129 бағалы
қағазы

ТАБЫСТЫ КЕЙС



AEQUITAS – әлемдік заң қызметтері нарығында танылған, 30 жылдық тарихы бар қазақстандық көшбасшы фирмалардың бірі. Компания заңгерлері Қазақстандағы нарықтық қатынастарды және коммерциялық қызметті жүзеге асыруды реттейтін ең маңызды нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және реформалауға тұрақты түрде қатысады. Компания 2019 жылы АХҚО алаңында заңгерлік және консалтингтік қызметтер көрсетуге лицензия алды.

Алаңда бизнес жүргізудің басты артықшылықтарының бірі – АХҚО қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі болды, олардың көпшілігі ірі халықаралық компаниялардың өкілдіктері. Соңғы жылдары АХҚО экожүйесінде тіркелген компаниялар санының жедел өсуі байқалды, бұл компанияның клиенттер желісінің кеңеюіне, сондай-ақ компанияны қызықтыратын кейстер шеңберінде заң және консалтингтік қызметтерді көрсетуге қатысу мүмкіндігіне оң әсер етеді. Бұл фактор АХҚО-ны қызмет жүзеге асыруға арналған алаң ретінде таңдау кезінде негізге алынды.

Осылайша, өткен жылы компания 20-дан астам жобаны, атап айтқанда, компанияларды АХҚО-да тіркеуге де, күрделі реттеуге, соның ішінде қаржылық және салықтық тәжірибеге қатысты жобаларды да орындады.

2022 жылы AEQUITAS компаниясының серіктесі АХҚО-да заң қызметтері нарығының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған арнайы орган – АХҚО Заң қызметтерін реттеу кеңесінің мүшесі болды. Кеңес мүшелері Англия мен Уэльстің заң қызметтерін реттеу саласындағы жетекші сарапшыларымен бірге АХҚО-да заңгерлік мамандықты реттеу тұжырымдамасын әзірлеуге қатысты.

AEQUITAS заңгерлері сондай-ақ АХҚО аясында өткізілетін түрлі білім беру бағдарламаларына белсенді қатысады, осылайша хабардарлық пен кәсіби біліктілікті арттырады.

АХҚО сукук пен исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін басқа да өнімдердің листингіне арналған Орталық Азия өңіріндегі негізгі алаңға айналуы көздейді. 2020 жылы АИХ-те «Катар халықаралық ислам банкі» (QIIB) шығарған 500 млн АҚШ доллары сомасына **исламдық борыштық құралы сукукының кросс-листингі**, сондай-ақ «Ислам Даму Банкінің» (ИДБ) 4,5 млрд АҚШ доллары сомасына үш сукук шығарылымының кросс-листингі өтті (жасыл сукук, орнықты сукук, дәстүрлі сукук).

2022 жылы АХҚО биржасында Шарифат талаптарына сәйкес бірінші биржалық ноталар – iX Islamic Exchange Traded Notes AIFC листингтелді, оның базалық активі – iShares MSCI World Islamic UCITS ETF («ISDW») акциялары. ISDW – инвестицияларды Шарифат нормаларына сәйкес жүзеге асыратын ең ірі ислам қорларының бірі.

«Белдеу және Жол» биржалық сегментінің шеңберінде АИХ-те **Қытай құрылыс банкінің «Астана» филиалының** (CCB Astana Branch) юаньмен номинацияланған (Falcon bonds) 1 млрд юань (шамамен 63 млрд теңге) жалпы сомасына **облигацияларының дебюттік листингі** өтті. Тартылған қаражат жергілікті инфрақұрылымдық жобаларды және Қазақстандағы «Белдеу және Жол» жаһандық бастамасының жобаларын қаржыландыруға жіберілді. Осы биржалық сегменттегі келесі листингтер АХҚО-ны бүкіл Орталық Азия өңірі үшін қытай юаньына арналған өңірлік есеп айырысу орталығы ретінде дамыту жоспарларына ықпал ететін болады.

АХҚО Қазақстан мен Орталық Азия өңірінде жасыл және орнықты қаржыландыруды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2019 жылы АХҚО биржасында Капитал нарықтары халықаралық қауымдастығының (ICMA) Жасыл облигациялар қағидаттары және Климаттық облигациялар бастамасы (CBI) халықаралық ұйымының ережелері негізінде әзірленген **Жасыл облигацияларды шығару және айналыс қағидалары** қабылданды.

2020 жылы БҰҰДБ-мен ЖЭК-ке инвестициялау тәуекелдерін азайту жөніндегі келісім шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры шағын және орта бизнесті одан әрі кредиттеу мақсатында АХҚО алаңында 200 млн теңге сомасына **Қазақстандағы жасыл облигациялардың бірінші листингін** жүзеге асырды. Сондай-ақ 2021 жылы «Самұрық-Энергоның» 18 млрд теңге сомасына жасыл облигацияларының дебюттік орналастыруы өтті.



«Біз сіздің нарықтағы QIIB исламдық борыштық құралдардың листингін құптаймыз. Листинг инвесторлар мен тұтас нарық үшін жақсы белгі болады және ислам қаржы құралдарын одан әрі ілгерілетуге септігін тигізеді деп сенеміз».

Абдулбасит Аль-Шайби
Qatar International Islamic Bank
Басқарма төрағасы

2021 жылы ЕАЭО-ның орнықты даму жобаларын жүзеге асырудағы жетекші банк болып табылатын Еуразиялық даму банкі АИХ және KASE-де 20 млрд теңге көлемінде **әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын** сәтті өткізді. ЕАДБ борыштық бағалы қағаздары инвесторлардың үлкен қызығушылығын тудырды, екі биржадағы жалпы сұраныс 30 млрд теңгені құрады. Шығарылым ICMA әлеуметтік облигацияларының қағидаттарына сәйкес тексерілді және аккредиттелген агенттіктің тәуелсіз қорытындысымен расталды.

2022 жылы АИХ **ESG-облигациялармен** жауапты қаржыландыру өнімдерінің тізбегін кеңейтті. Биржаның Облигацияларды шығару және айналысы туралы қағидаларының жаңа тарауына сәйкес, борыштық құралдарға берілетін ESG-санат тиісті ESG-стандартты көрсетеді және әлеуметтік, орнықты, көк облигацияларды, транзиттік облигацияларды және орнықтылыққа байланысты басқа санаттағы облигацияларды қамтуы мүмкін.

ETN

2019 жылы АИХ **биржалық ноталарды (ETN)** АИХ-те орналастырып, инвесторлар үшін қаржы құралдарының ауқымын кеңейтті, бұл қазақстандық инвесторларға әлемдік нарықтарға ең аз шығынмен инвестициялауға мүмкіндік берді.

ETN табыстылығы инвестор шығындарын алып тастағандағы нарықтық индекстің немесе индекстің нарықтық стратегиясының табыстылығын көрсетеді. ETN-ді АИХ-те қарапайым акциялар сияқты сатып алуға және сатуға болады, бұл инвесторларға өтеу кезінде негізгі активтердің құнын шығындарды шегеріп, қолма-қол ақшамен алуға мүмкіндік береді. Жаһандық институционалдық және бөлшек инвесторлар өздерінің инвестицияларын минималды шығындармен әртараптандыру үшін осындай биржалық құралдарды ұзақ уақыт бойы пайдаланып келеді.

2022 жылдың аяғындағы жағдай бойынша АИХ ресми тізіміне S&P500, Nasdaq-100 сияқты жаһандық қаржылық индекстерге, американдық компаниялардың облигацияларына, АҚШ қазынашылық облигацияларына, дамушы нарық акциялары мен облигацияларына, қазақстандық «көк фишкалар» акцияларына, алтынға, Brent маркасының мұнайына, биткойнға және т.б. байланысты 20 биржалық ноталар кірді.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Brillink Bank – жеткізу тізбегін қаржыландыруға маманданған әлемдегі алғашқы цифрлық банк. 2020 жылдан бастап АХҚО-да тіркелген банк клиенттерге озық технологияларға негізделген сенімді және жылдам цифрлық банкинг қызметтерін ұсынады. Бүгінгі күні клиенттердің 400-ден астам шоты ашылып, транзакциялар мен мәмілелер көлемі артып келеді.

АХҚО оқшауландыру үшін алаң ретінде қызметті жүргізуге арналған қолайлы шарттарға, инновациялық қаржылық және технологиялық қызметтерді дамыту үшін сенімді құқықтық және реттеуші режимнің, сондай-ақ юаньның өсіп келе жатқан нарығына байланысты таңдалды. АХҚО әлемдік қаржы орталықтары арасында елеулі беделге ие және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде жоғары орындар алады.

Қазақстанның Қытай мен Еуропа арасындағы қолайлы географиялық орналасуы, сондай-ақ оның «Белдеу және Жол» бастамасының негізгі буыны ретіндегі ұстанымы осы елдерде іскерлік қатысуы бар ірі өнеркәсіптік және логистикалық корпорацияларға қызмет көрсету үшін банктік қызметтердің кеңеюіне ықпал етеді.



«Қытай құрылыс банкінің Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілдігі екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық аясында юаньдағы алғашқы облигацияларды сәтті шығарды. CCB Astana Branch Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты валюталық есеп айырысуды дамыту қағидаттарын белгіленген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев арасындағы екіжақты келіссөздер нәтижесінде қол қойылған коммюнике шеңберінде АХҚО және АИХ-пен клирингтік есеп айырысу орталығын құру бойынша жұмыс істейтін болады».

Сунхуа Ван
Қытай құрылыс банкі «Астана»
филиалының Басқарма төрағасы

БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАР БАЗАСЫН ДАМУ

Бөлшек сегментті дамыту – Биржа қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі. АИХ іске қосылғаннан бері бөлшек инвесторлар белсенділігінің тұрақты өсуі байқалды, олардың жалпы саны 523 мыңды құрады, 230% – ең үлкен өсім 2022 жылы болды.

Мұндай динамика Биржа өнімдерінің кең тізбегінің дамуына, сондай-ақ АИХ әзірлеген Tabus мобильді қосымшасының танымалдығының артуына байланысты. Қосымшаны іске қосуға пандемия кезінде қашықтан шот ашу мүмкіндігімен инвесторларға арналған онлайн қызметтерді дамытудың жаһандық тренді себеп болды.

Tabus мобильді қосымшасы Қазақстанның кез келген азаматына 1 АҚШ доллары сомасынан бастап ETN-тің 16 түрі арқылы жаһандық және жергілікті қор нарықтарына инвестиция салуға мүмкіндік береді.

Іске қосылғаннан бері Tabus мобильді қосымшасы арқылы салынған инвестиция көлемі 3 млн АҚШ долларын құрады (2022 жылы +12%). 2022 жылғы сауда-саттық көлемі 3,5 млн АҚШ долларын құраса, Tabus қосымшасындағы белсенді инвесторлардың жалпы саны 17 мыңға жетті, оның ең көп үлесі Астана, Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларында.

Бүкіл қор нарығы үшін маңызды оқиға Қазақстанның барлық азаматтары үшін АХҚО алаңында ұлттық және жеке компаниялардың IPO-на қолжетімділікке арналған акцияларды бастапқы орналастыру кезінде эмитенттен делдалдарсыз (брокер немесе андеррайтер) тікелей сатып алуға мүмкіндік беретін **тікелей жазылым** платформасының іске қосылуы болды. Тікелей жазылым құралы Tabus мобильді қосымшасы арқылы, сондай-ақ 2022 жылы өткен «ҚазМұнайГаз» IPO-сы кезінде Қазақстанның барлық өңірлеріндегі «Қазпошта» бөлімшелері арқылы қолжетімді болды.

Tabus мобильді қосымшасында және «Қазпошта» АҚ филиалдық желісі арқылы жүзеге асырылған тікелей жазылым арқылы бөлшек инвесторлардың «ҚазМұнайГаз» IPO-на қатысуы үлкен жетістік болды – барлығы 1 млрд теңгеден астам сомаға 6 мыңға жуық өтім келіп түсті.

Мобильді қосымша арқылы бөлшек инвесторлардан сатушы акционерге сатып алуға тікелей өтім беру құралы Қазақстан қор нарығы тарихында алғаш рет қолданылды.

БИРЖАЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР

ТАУ-КЕН СЕГМЕНТІ

2019 жылы АХҚО биржасы тау-кен өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындардың қаржыландыруды тартуы үшін қолайлы шарттарды қамтамасыз ететін Тау-кен компанияларына арналған қағидаларды қабылдады. Қағидада дамудың озық сатысындағы ірі тау-кен корпорацияларын және тәуекелдің жоғары дәрежесімен және ықтимал жоғары табыстылығымен сипатталатын юниор компанияларды бөлетін дифференциаланған тәсілді қарастырылған. Осылайша, берілген деңгейге байланысты компаниялар АИХ-тегі листинг, таза пайданың болуы және шығарылатын акциялардың минималды нарықтық капиталдандыру бойынша қойылатын бірқатар талаптардан босатылады.


Бұл ретте эмитенттер білікті менеджмент пен техникалық персоналдың болуын көрсетуге, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар растаған JORC, NI 43-101 және KAZRC озық халықаралық стандарттарына сәйкес геологиялық есептілікті ұсынуға міндетті. АИХ тау-кен сегментінде орналастыру талаптары дәстүрлі түрде тау-кен компаниялары орналастыратын Торонто және Австралия қор биржалары сияқты мойындалған әлемдік биржалардың талаптарымен салыстыруға келеді.

ӨҢІРЛІК АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ СЕГМЕНТІ (REMS)

2020 жылы акцияларды орналастырудың дәстүрлі тәсілімен қатар АХҚО биржасында шағын және орта капиталдандыруы бар эмитенттер қажеттіліктерінің ерекшеліктерін ескеретін Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі өсіп келе жатқан компанияларға арналған арнайы REMS сегментін құрылды. REMS шеңберінде оңайлатылған листинг рәсімі әрекет етеді (бағалы қағаздардың анағұрлым ықшам проспектісі, аудиттелген қаржылық нәтижелерді анағұрлым қысқа мерзімге ашу және т.б.), бұл эмитенттердің қаржылық және уақыт шығындарын азайтады. 2020 жылы «Банк ЦентрКредит» акциялары осы қағидалар шеңберінде листингке және сауда-саттыққа жіберілген алғашқы қаржы құралы болды.

Бұл бастамаға әлемдік нарықтардағы экономикалық құлдырау және COVID-19 пандемиясының салдарынан болған капиталға қолжетімділіктің шектелуі себеп болды. Осыған байланысты АИХ компанияларға шетелдік және өңірлік инвесторлар тарапынан қызығушылықты арттыру және серпінді әрі өтімді нарықты қамтамасыз ету үшін компанияларға қолдау көрсету туралы шешім қабылдады.

АИХ-ТЕ ТІРКЕЛГЕН БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАР



«БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» СЕГМЕНТІ

Бұл сегмент ең ірі BRI бастамасы шеңберінде өсіп келе жатқан жобаларды және қытайлық даму банктерінің, коммерциялық және инвестициялық банктердің, тікелей инвестициялар қорларының және жаһандық инвесторлардың өзге де жобаларын қаржыландыруға бағытталған. Сегмент АХҚО-ның өз алаңының базасында бүкіл Орталық Азия өңірі үшін қытай юаньына арналған өңірлік есеп айырысу орталығын құру жоспарларына сәйкес келеді.

Нарықтың негізгі қатысушыларымен серіктестік қарым-қатынастар орнатылды: Қытай шетелдік даму қауымдастығы (CODA), China Chengxin International Credit Rating Co., Deheng Law Offices, PwC Kazakhstan, China Construction Bank және Қытайдағы ең ірі брокер және инвестициялық банк – CITIC Securities.

Осы биржалық сегмент аясында 2020 жылы Қытай құрылыс банкі Астана филиалының юаньмен номинацияланған облигацияларының дебюттік листинг өтті. Ал 2022 жылы АХҚО биржасында ірі қытайлық компаниялардың көрсеткіштерін көрсететін iShares MSCI China A ETF (CNYA) акциялары негізгі актив ретінде юаньмен номинацияланған iX China Equities BR бірінші биржалық ноталары орналастырылды. Бұл бағалы қағаздардың листингі «Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы кеңейіп жатқан қаржылық интеграцияның маңызды кезеңі.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Green Investment Group AIFC BRANCH филиалы жасыл және орнықты экономика, жаңартылатын энергия көздері саласында консалтингтік қызметтерді көрсететін, сондай-ақ жасыл, әлеуметтік және орнықты қаржы саласындағы компаниялардың саясаттарына тәуелсіз сыртқы шолуларды ұсынатын алғашқы жеке сектор компанияларының бірі. Компания 2019 жылдан бастап АХҚО экожүйесінде танылған компания ретінде жұмыс істейді және бүгінгі күні кең серіктестік желіге ие.

Қызметін бастаған күннен компания 5 сыртқы шолуды (Second Party Opinion) дайындауды қоса алғанда, жасыл қаржыландыру және стратегиялық даму саласында жеті жобаны жүзеге асырды. Бұл нәтижелер брендтің танымалдылығын арттыруға және Green Finance Awards 2021 аясында жасыл қаржыландыру саласындағы үздік консалтингтік компания ретінде марапаттың иегері болуға мүмкіндік берді. АХҚО Жасыл қаржы орталығы ұйымдастырған бұл сыйлық жасыл экономикаға көшу идеясын және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды насихаттауға бағытталған.

АІХ БАСТАМАЛАРЫ

ТИКЕЛЕЙ ЛИСТИНГ

Жаңа акционерлік капиталды тартпай және дәстүрлі IPO өткізбей ашық жария нарыққа шығуды қалайтын эмитенттерге 2021 жылдан бастап АІХ-те тікелей листинг мүмкіндігі беріледі. Эмитент акцияларын әлеуетті инвесторларға, әдетте өтінімдер кітабын жинау арқылы белгілі бір дисконтпен сататын IPO-дан айырмашылығы, тікелей листингте бастапқы сатылымдарды қолданыстағы акционерлер Биржа арқылы сауда-саттық режимінде жүзеге асырады, ал бағалар АІХ Сауда-саттық қағидаларына сәйкес сат және сатып алу өтінімдерінің сәйкес келуі негізінде анықталады.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚАҒАЗДАР

2022 жылы АІХ қамтамасыз етілмеген қысқа мерзімді борыштық міндеттемелердің кең таралған түрі болып табылатын жаңа құрал – коммерциялық қағаздарды ұсынды. Бұл бағалы қағаздарды кредиттік қабілеті дәлелденген компаниялар қысқа мерзімді айналым капиталына қажеттіліктерін қаржыландыру үшін шығарады. Банктік кредиттер және қаржы

институттарының несиелері сияқты басқа ықтимал көздермен салыстырғанда, коммерциялық қағаздар төменірек пайыздық мөлшерлеменен қосымша қаржыландыруды қамтамасыз ете алады.

РЕПО НАРЫҒЫ

2022 жылы АХҚО биржасы сату және қайта сатып алу туралы мәмілелер – репо нарығының іске қосу туралы хабарлады. Нарық қатысушыларының АҚШ долларында деноминацияланған акциялармен сауда-саттық жасау және репо мәмілелерін жүргізу мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта бір күннен төрт аптаға дейінгі мерзімде Kaspi.kz, «Қазатомөнеркәсіп» және Halyk Bank бағалы қағаздары үшін репо операциялары қолжетімді. Репо мәмілелері бойынша есеп айырысуды АІХ Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі (АІХ CSD) жүзеге асырады.

Репо нарығын іске қосу барлық жергілікті бөлшек инвесторлар мен сауда мүшелері үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады және АІХ-те жалпы өтімділік пен ашықтықты арттыра отырып, капитал нарығын ірі ойыншылардың кеңейтілген санына ашады.

ПОСТРЕЙДИНГ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО биржасы Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі (АІХ CSD) бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды басқарады: бағалы қағаздарды тіркеу және сақтау, ақшалы қаражатқа айыр-басқа бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу, сондай-ақ бағалы қағаздарды және осы бағалы қағаздарға меншік құқығының өзгеруін қадағалау.

2022 жылы дүниежүзі бойынша сауда-саттықтан кейінгі және кастодиандық тәуекелдерді бағалайтын Thomas Murray компаниясы АІХ CSD тәуекелдерінің екінші бағалауын жүргізіп, оған «төмен тәуекел» дегенді білдіретін «А+» жалпы бағасын берді. Бұл баға АІХ CSD-ді Thomas Murray қамтитын Азия-Тынық мұхиты өңірінің орталық депозитарийлері (А+) үшін «орташа», ал еуразиялық өңірдің орталық депозитарийлері (BBB) үшін «ортадан жоғары» деңгейіне орналастырады.

АІХ CSD Еуропалық бағалы қағаздардың орталық депозитарийлері қауымдастығының (ECSDA) қауымдастырылған мүшесі, оның құрамына 35 еуропалық елдердің 39 ұлттық және халықаралық орталық депозитарийлері кіреді. Қауымдастықтың қызметі еуропалық және жаһандық қаржы нарықтары үшін тиімді және тәуекелсіз инфрақұрылымды құру мақсатында депозитарийлер қоғамдастығы, еуропалық және халықаралық реттеуші органдар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы сындарлы диалогқа ықпал етуге бағытталған.

7 кастодиан банк депозитарий мүшелері, оның ішінде АІХ CSD бірінші халықаралық мүшесі болған «Райффайзенбанк», сондай-ақ «Ситибанк Қазақстан» бар, бұл халықаралық институционалдық инвесторларға АІХ CSD-де өз активтерін банктердің басқаруында ұстауға мүмкіндік берді.

2022 жылы АІХ CSD және Euroclear Bank институционалдық инвесторларға Euroclear Bank-те айналысқа жіберілген және АІХ-те саудаланатын шетелдік бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуға мүмкіндік беретін кеңейтілген есеп айырысу сервисін іске қосты. Жаңа сервис халықаралық инвесторларға шығындардың жоғарырақ тиімділігін ұсынады, өйткені бұл мәмілелерді енді тікелей Euroclear мультивалюталық ортасында жасасуға болады.

АІХ Тіркеушісі (АІХ Registrar) акционерлердің орталық тізілімін сақтайды және жүргізеді. Тіркелу кезінде есептік жазбаны ашпас бұрын, ақшаны жылыстатумен күрес (AML) және «Өз клиентіңді біл» (KYC) рәсімі шеңберінде барлық қажетті тексерулер жүргізіледі.

АІХ CSD, АІХ Тіркеушісі және сыртқы өзара іс-қимыл қосымшалары сауда-саттықтан кейінгі инфрақұрылымға арналған қосымшалардың жаһандық жеткізушісі Avenir Technology негізінде жұмыс істейді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Қоршаған ортаның және климаттық күн тәртібінің өзгерістері аспектілерінің маңыздылығын, сондай-ақ осы өзгерістер үшін орнықты қаржыландырудың өсіп келе жатқан маңыздылығын түсіне отырып, экологиялық таза, энергияны үнемдейтін және төмен көміртекті жобаларды ілгерілету үшін Орталық Жасыл және орнықты қаржыландыру саласындағы АХҚО-ның өңірлік көшбасшылығы стратегиясын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Жоспарларды іске асыру үшін 2018 жылы Қазақстан мен Орталық Азияда және ЕАЭО өңірінде жасыл және орнықты қаржыны дамытуға жәрдемдесу, жасыл және әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары, орнықты дамуға байланысты облигациялар, сондай-ақ жасыл кредиттер мен субсидиялар сияқты құралдарды пайдаланып экономикаға инвестицияларды тарту мақсатында АХҚО экожүйесінде Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) құрылды. Алға қойған мақсаттар ол әзірлеген Қазақстанның жасыл қаржы жүйесін дамыту тұжырымдамасының негізін құрады.

ЖҚО Орталық Азиядағы Халықаралық капитал нарықтарының қауымдастығы (ICMA) және жасыл қаржыландыру стандарттарын анықтайтын Climate Bonds Initiative (CBI) ұйымымен аккредиттелген жалғыз ұйым, сондай-ақ Лондон қор биржасымен орнықты қаржыландыру құралдарының верификаторы ретінде танылған.

Бүгінгі күні ЖҚО қолдауымен Қазақстандағы орнықты қаржыландыру құралдары нарығының жалпы көлемі 178 млрд теңгеге (шамамен 405 млн АҚШ доллары) жетті.

T81

млрд

ЖҚО қолдауымен жасыл және әлеуметтік облигациялар және жасыл кредиттер түрінде тартылған инвестициялар

Соңғы жылдары ЖҚО стратегиялық бағыттарды әзірлеу, халықаралық стандарттарға негізделген іргелі құқықтық және реттеуші базаны әзірлеу, сондай-ақ нарық талаптарына жауап беретін жаңа қаржыландыру құралдарын енгізу арқылы нарықты дамыту бойынша айтарлықтай кешенді жұмыс жүргізді.

Осылайша, заңнамалық бастамалар шеңберінде 2021 жылы ЖҚО елдегі «жасыл» жобалардың экологиялық тұрғыдан орнықты ретінде қызметтер мен жобалардың жарамды түрлерін айқындау бойынша нақты нұсқаулықты анықтаған бірыңғай жіктеуші – **ҚР Жасыл таксономиясын** әзірлеп, ол мемлекеттік деңгейде қабылданды. Таксономия жобасы халықаралық сарапшылардың қатысуымен әзірленді және мүдделі тараптардың кең ауқымымен, соның ішінде халықаралық ұйымдармен, банктермен, сыртқы бағалау провайдерлерімен, мемлекеттік органдармен және т.б. талқыланды.



«Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып, АХҚО жасыл өсу саласындағы Қазақстанның реттеуші ортасы мен саясатын әзірлеуге қатысу арқылы елде жасыл қаржыландыруды дамыту мен құруға елеулі үлес қосты. Халықаралық капитал нарықтарының қауымдастығының Жасыл облигациялар қағидаттарын, сондай-ақ әзірленген АХҚО биржасы Жасыл облигация қағидаларын сақтау ірі халықаралық капитал нарықтары сақтайтын стандарттарға сәйкес келеді және сайып келгенде, жасыл жобаларды қаржыландыруды дамытуға ықпал етеді».

Джули Монако
Сіті инвестициялық және корпоративтік банкінің Үкіметтер мен мемлекеттік сектордың жаһандық блогының басшысы

Экономиканы декарбонизациялау 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу шеңберінде Қазақстанның 2030 жылға дейін дамуының маңызды басымдықтарының бірі. АХҚО инвестициялаудың, қаржыландырудың және қаржы институттарымен жұмысты жолға қоюдың жаңа тәсілдері тұрғысынан елдегі декарбонизация процесі драйверлерінің біріне айналады жоспарлап отыр.

Сондай-ақ ЖҚО ұсыныстары бойынша жаңа **ҚР Экологиялық кодексіне өзгерістер** және **ҚР Кәсіпкерлік кодексіне** тиісті түзетулер қабылданды, онда «жасыл жобаларға», «жасыл таксономияға» және «жасыл қаржыландыру құралдарына» анықтамалар берілген, сондай-ақ бизнесті жасыл кредиттер мен облигациялар бойынша сыйақыны субсидиялауды қамтитын жасыл құралдарды пайдалану үшін экономикалық ынталандырулар қабылданды.



Ернур Рысмағамбетов
АХҚО әкімшілігі Басқарма төрағасы

«АХҚО уақытпен ілесіп келеді және Қазақстанның жасыл өсуге және жаңа технологиялық инновацияларға көшуі ісінде алдыңғы шепте тұр. Орталықтың қолдауымен орнықты қаржыландыру құралдарының желісі едәуір кеңейді, сондай-ақ Қазақстанның жасыл және орнықты қаржы нарығы рекордтық мәндерге дейін өсті. Соңғы жылдары АХҚО қаржы секторында инновацияларды енгізуге ықпал ететін қолайлы құқықтық және реттеуші ортаның болуына байланысты қаржы технологиялары индустриясын дамытуда айтарлықтай жетістікке жетті».

Орнықты экономиканы қаржыландыруды одан әрі дамыту бойынша жұмыс шеңберінде ЖҚО әлеуетті жоба иелері мен инвесторлардың әлеуметтік жобаларды, атап айтқанда, әлеуметтік облигацияларды шығаруды анағұрлым егжей-тегжейлі нақтылау қажеттілігі себебінен ҚР Әлеуметтік тақсономия жобасын әзірледі. Жасыл тақсономияға ұқсас, ұлттық Әлеуметтік тақсономия және әлеуметтік қаржы бойынша верификация жүйесіне қойылатын талаптар қазақстандық ұлттық әлеуметтік және ESG қаржы нарығын дамыту үшін негіз болады.

2021 жылдан бастап ЖҚО Орталық Азиядағы «Белдеу және Жол» бастамасы үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесі, ол GIP инвесторларының үлкен базасына, соның ішінде жасыл жобаларға инвестициялауға мүдделі халықаралық банктерге қолжетімділікті қамтамасыз етіп, өңірдегі орнықты қаржыландыру аясын кеңейтті.

СВІ және Bloomberg деректеріне сәйкес 2022 жылы жасыл және орнықты қаржыландырудың әлемдік нарығы 860 млрд АҚШ долларын құрады.

2022 жылы ЖҚО өз күш-жігерін орталықтың қатысуын өңірде кеңейтуге, сондай-ақ ESG-бағытты дамытуға бағыттады. Осылайша, Айыл банкімен, Қырғыз қор биржасымен және Қырғызстан банктер одағымен бірлесіп, GFC Bishkek бірлескен компаниясы құрылды, оның қызметі Қырғызстанда орнықты қаржыландыруды дамытуға жәрдемдесуге, орнықты құралдарды шығаруды қолдауға, зерттеулер жүргізуге және т.б. бағытталған.

Сонымен қатар, ЖҚО Қырғызстанның орнықты тақсономиясының бірінші жобасын дайындады, сондай-ақ орталықтың қолдауымен Азия банкі әлеуметтік (гендерлік) облигациялардың бірінші шығарылымын жүзеге асырды, одан түскен қаражат кәсіпкер әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады.

Түркі мемлекеттері ұйымына кіретін елдердің қаржы реттеушілері мен даму институттары деңгейінде өңірлік өзара іс-қимыл мен орнықты қаржыландыруды ілгерілету мақсатында 2022 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев өңірлік қаржы қоғамдастығы арасындағы тәжірибесін ескере отырып, АХҚО ЖҚО негізінде Түркі жасыл қаржы кеңесін құру туралы бастаманы жарияланды.

Сонымен бірге, бизнесті ESG жаһандық күн тәртібіне қарай трансформациялау және төмен көміртекті технологиялар есебінен Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігін ескере отырып, ЖҚО 2022 жылы 60-қа жуық орнықты даму және ESG қағидаттарын белсенді түрде алға жылжытатын экономиканың көшбасшы компанияларын біріктіретін ұлттық ESG клубын құру туралы бастама көтерді.

Осылайша, бүгінде Жасыл қаржы орталығы өңірдегі орнықты қаржыландыруды дамыту мәселесіндегі жетекші институт, ол саланы дамытуға және инвестициялар тартуға, жасыл өсу мен орнықты даму саласындағы зерттеулер мен стратегиялық құжаттарды және саясаттарды әзірлеуге, жобаларды верификациялауға барынша ықпал етеді. Оның қызметінің нәтижелері Қазақстан елордасына АХҚО көмегімен соңғы жылдарда Жаһандық жасыл қаржы индексінің (GGFI) Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірі елдері арасында жетекші орынға шығуға мүмкіндік берді.

ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

2022 жылы қазақстандық жасыл және орнықты қаржыландыру нарығы екі есеге жуық өсіп, рекордтық 178 млрд теңгеге (шамамен 405 млн АҚШ доллары) жетті. Бұл ретте, жасыл кредиттер мен жасыл облигациялардың жалпы көлемі 134,5 млрд теңгені, орнықты облигациялар көлемі 43,4 млрд теңгені құрады. ЖҚО жалпы жасыл қаржы нарығының 60%-ын қолдап, верификациялады.

Осылайша, 2020 жылы АХҚО биржасында Қазақстандағы жасыл облигациялардың бірінші шығарылымы өтті, бұл жергілікті капитал нарығындағы маңызды оқиға болды. БҰҰ Даму бағдарламасының (UNDP) қолдауымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жаңартылатын энергия көздері саласындағы

ҰЛТТЫҚ ESG КЛУБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ



шағын жобаларды қаржыландыру үшін жасыл облигацияларды дебюттік орналастыруды сәтті жүзеге асырды.

Пилоттық жоба ЖҚО қолдауымен жүзеге асырылды, ол қажетті консультациялық қолдауды көрсетіп, тәуелсіз қорытынды (Second Party Opinion) ұсынды, оған сәйкес эмитент жиналған қаражатты халықаралық Жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкес пайдаланады және олардың мақсатты пайдаланылуы туралы ақпаратты ашады.

Одан басқа, АХҚО биржасында «Самұрық-Энергоның» 18,4 млрд теңге сомасына жасыл облигацияларының шығарылымы да өтті.

2021 жылы ЖҚО сүйемелдеуімен ЖҚО акционері Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) ұсынған Қазақстандағы бірінші верификацияланған жасыл кредит жеке энергия тиімділігі бойынша жеке жобаны қаржыландыру үшін мақұлданды.

Екінші деңгейлі банктер арасында Halyk Bank Kaz Green Energy компаниясымен 7,9 млрд теңге жалпы сомасына жасыл кредит беру туралы келісім шеңберінде ЖҚО тәуелсіз бағалауымен расталған жасыл несиені берген бірінші банк болды.

Сол жылы ЕАДБ АІХ-те 20 млрд теңге көлемінде әлеуметтік облигациялардың листингін жүзеге асырды, бұл инвесторлар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Тартылған қаражат банктің Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобаларын дамытуға бағытталды.

Жасыл және орнықты құралдардың кеңейтілген тізбегі АХҚО биржасының Жасыл облигациялар мен ESG-облигацияларды шығару және листингтеу қағидаларымен реттелетінін атап өту маңызды. ESG-облигацияларға әлеуметтік, орнықты облигациялар, сондай-ақ көк облигациялар, транзиттік облигациялар

және орнықты дамумен байланысты облигациялар сияқты басқа да санаттар жатады.

БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы Қаржылық бастамасының (UNEP FI) қолдауымен Жасыл қаржы орталығы сондай-ақ АХҚО қабылдаған орнықты қаржыландыру қағидаттарына бейілділік туралы мәлімдеме шеңберінде АХҚО биржасының листингіндегі компаниялардың ESG-ақпаратты ерікті түрде ашу жөніндегі нұсқаулықты әзірледі (2022 жылы Market notice форматында қабылданды).

1-ОРИНДА Астана/АХҚО Global Green Finance Index индексіне сәйкес Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінде 1-орында

60% Қазақстанда ЖҚО верификациялаған жасыл облигациялар мен кредиттер

178 МЛРД Қазақстандағы жасыл және орнықты қаржыландыру нарығының көлемі

БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (ОДМ) ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

2015 жылы жаһандық деңгейде БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы күн тәртібі қабылданды, ол кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске, сондай-ақ климаттық өзгерістер саласындағы мәселелерді шешуге байланысты жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған 17 Орнықты даму мақсатын қамтиды.

Қазақстан Орнықты даму мақсаттарын орындауға міндеттеме алды, осыған байланысты АХҚО төмендегі негізгі бастамалар мен жобаларды (ОДМ 4, 5, 7, 8, 9, 11, 13, 16, 17) іске асыра отырып, өзінің негізгі құзыреттеріне негізделген жаһандық мақсаттарға табысты қол жеткізуге белсенді түрде үлес қосуда. ОДМ-ді есептілікке интеграциялау мүдделі тараптардың орнықты қаржыландыруға деген қажеттіліктеріне жақсырақ ден қоюға көмектеседі.



4-ОДМ

4.4-МІНДЕТ

2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жас және ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- 2019 жылы кәсіби қоғамдастықтарды, қолжетімді сараптама мен нарық кәсіпқойларының ашық диалогын қалыптастыру және қолдау үшін кәсіби дамуға арналған цифрлық платформаларды құру арқылы адами капиталды дамытуға мамандандырылған АХҚО ұйымы – Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (BCPD) құрылды.
- Қызметі кезеңінде ҮҚДБ базасында бес серпінді жоба іске қосылды және табысты жұмыс істеуде:
 - ойын, ұжымдық және жобалық оқыту қағидаттары негізінде әзірленген QWANT инновациялық бағдарламалау мектебі;
 - ерте мансаптық бағдарлауға бағытталған AlphaBius толық циклді цифрлық білім беру платформасы;
 - үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, халықаралық кәсіби сертификаттауларға дайындау жөніндегі Болашақ университеті цифрлық платформасы;
 - АХҚО Құқық академиясы – құқық және бизнес салаларындағы мамандарға арналған АХҚО-дағы заңгерлік білім мен заңгерлік тәжірибе саласындағы бағдарламаларды ұсынатын платформа;

- A-Pro – АХҚО экожүйесі мен сыртқы нарық үшін рекрутмент, аутстаффинг, аутсорсинг, мансаптық консалтинг, сондай-ақ мамандарды жалдау есебінен жұмыс орындарын құру сияқты кәсіби қызметтерді көрсететін платформа.

- Қызметінің барлық кезеңінде ҮҚДБ-де әртүрлі кәсіби сертификаттаулар бойынша 16 мыңнан астам маман қайта даярлықтан өтті, АХҚО кадрлық резерві заманауи үрдістер мен нарық талаптарына сәйкес келетін 15 мыңнан астам кандидатқа жетті.
- 2022 жылы АХҚО базасында студенттер мен түлектерді жұмысқа орналасуға дайындау және түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру жөніндегі «Ұлттық цифрлық мансап орталығы» пилоттық жобасы іске қосылды. Жоба ЖОО студенттерінің бірыңғай дерекқорын құруды, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдар үшін орталықтандырылған қолжетімділікті, білім беру контентін, деректерді жинау мен өңдеуді, аналитиканы ұсынуды көздейді.
- АХҚО ШОБ, қаржы нарығының және мемлекеттік органдардың, Қазақстанның ЖОО-ның өкілдері үшін ислам қаржысы, инновациялар мен технологиялар салаларындағы әртүрлі оқыту дәрістерін тұрақты негізде өткізеді.
- .



5-ОДМ

5С-МІНДЕТ

Гендерлік теңдікті мадақтау және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін бүкіл деңгейлерде кеңейту мақсатында парасатты стратегиялар мен міндетті түрде сақтауы тиіс заңдарды қабылдау және жетілдіру

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО бизнестегі әйелдердің білім алу және инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған W4E (Women's Economic Empowerment, Education and Entrepreneurship) бастамасын іске қосты
- АХҚО бастамасымен Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның «Гендерлік теңсіздікті жою» акселераторының жаһандық желісіне қосылған Еуразиядағы бірінші ел болды. Мемлекеттік және жеке сектор өкілдерімен бірлесіп әзірлеген іс-қимылдар жоспарына сәйкес, АХҚО Қазақстандағы акселератордың жергілікті үйлестірушісі ретінде әйелдерге жақсы мүмкіндіктер жасау, оларды жетекші орындарға жылжыту және әйелдерді экономиканың жылдам өсіп келе жатқан секторларында қайта жұмысқа орналасу үшін қайта мамандандыру арқылы олардың жұмыс күшіне қатысуын арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.
- 2022–2023 жылдары АХҚО АҚШ Мемлекеттік департаментінің Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы жобасын жүзеге асырды, оның шеңберінде Қазақстаннан 100 әйел адам оқытылды.
- АХҚО Тех Хабының техникалық қолдауымен Visa серіктестігімен She's Next бастамасы аясында Орталық Азиядағы әйел-кәсіпкерлер үшін «Бизнес көшбасшылығы» атты 2 білім беру марафоны өткізілді.
- 2020 жылдан бастап жыл сайын АХҚО биржасы «Ring the Bell for Gender Equality» жаһандық бастама – серіктестікке қатысады, ол әлемдік экономикаға әйелдердің қатысуын ынталандыруды және орнықты дамуға жәрдемдесуді көздейді.
- ЖҚО қолдауымен Қырғызстанда алғашқы әлеуметтік (гендерлік) облигациялар шығарылды.



7-ОДМ

7А-МІНДЕТ

2030 жылға қарай экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулер мен технологияларға, оның ішінде жаңартылатын энергетикаға халықаралық өзара іс-қимылды жандандыру, энергия тиімділігін және қазбалы отынды пайдаланудың алдыңғы қатарлы және неғұрлым таза технологияларды арттыру, энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетика технологиясына инвестицияларды көтермелеу

Түйінді бастамалар мен жобалар

- Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде жасыл жобаларды дамыту және ілгерілету мақсатында 2018 жылы АХҚО экожүйесінде Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) құрылды. Орталық орнықты жобаларды жүзеге асыру үшін қаржыландыру ұсыну бойынша Еуразиялық даму банкімен белсенді ынтымақтастық жүргізеді.
- ЖҚО Орталық Азия бойынша Green Investment Principles for Belt and Road Initiative (GIP, «Белдеу және Жол» бағдарламасы шеңберінде инвестицияларды жасылдандыруға арналған Жасыл инвестициялар қағидаттары) өңірлік кеңсесі ретінде таңдалды.
- ЖҚО қырғыз серіктестерімен бірге Қырғызстанда орнықты қаржыландыру нарығын дамыту үшін GFC Bishkek шетелдік кеңсесін ашты.
- ЖҚО көмегімен Қырғызстан үшін орнықты таксономия жобасы (жасыл, әлеуметтік жобалар классификаторы) әзірленді.
- ЖҚО климат бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының шеңберінде ЕАЭО жол картасын әзірлеуге қатысты: ЕАЭО-ның Жасыл үлгілік таксономиясының жобасы әзірленді, оны ЕЭК климаттық күн тәртібі жөніндегі жоғары деңгейлі жұмыс тобы 2022 жылы мақұлдады.
- ЖҚО Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын және халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның Жасыл таксономиясына түзетулер жобасын әзірледі.
- Мемлекет басшысы АХҚО базасында Түркі мемлекеттері ұйымының Түркі жасыл қаржы кеңесін құру туралы ұсыныс жасады.
- АХҚО алаңында Дүниежүзілік экономикалық форумның 4-ші өнеркәсіптік революциясының Үлестес орталығы жұмыс істейді.

7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ



7-ОДМ

7В-МІНДЕТ

2030 жылға қарай дамушы елдерде, атап айтқанда ең нашар дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамсыздандыру үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- ЖҚО жасыл жобаларды экономикалық ынталандыру және жергілікті және халықаралық капитал нарықтары арқылы жасыл инвестицияларды тарту жолымен АХҚО жасыл инфрақұрылымын дамытуда.
- АХҚО орнықты құралдардың тізбегін, соның ішінде жасыл және әлеуметтік облигациялар тізбегін кеңейтті.
- ЖҚО Green Technology Hub (GTH) ашты, оның миссиясы – жасыл және жоғары технологиялық жобалардың халықаралық бизнес-акселерациясы.
- АХҚО қолдауымен ESG-қағидаттарды енгізу арқылы Қазақстанның жеделдетілген энергетикалық ауысуына ықпал етуге бағытталған ұлттық ESG клубы құрылды. ESG клубы 60-қа жуық орнықты даму және ESG қағидаттарын белсенді түрде алға жылжытатын экономика саласының көшбасшы-компанияларды біріктіреді.

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ



8-ОДМ

8.3-МІНДЕТ

Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бағдарланған саясатты жүргізуге ықпал ету және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды, оның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы ресми танылуын және дамуын көтермелеу

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО қатысушылары жаңа жобаларға инвестиция тарту, кәсіпорындар мен өндірістерді құру арқылы 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты.
- АХҚО биржасында Қазақстан мен Орталық Азиядағы орта бизнес кәсіпорындарының акционерлік капиталын тарту үшін өңірлік акциялар нарығының арнайы сегменті (REMS) құрылды.
- АХҚО-да компаниялар оңайлатылған реттеуші режимде инновациялық қаржылық қызметтерді сынай алатын FinTech Lab арнайы реттеуші орта аясында қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі бар.
- АХҚО биржасы юниор компанияларға Қазақстанның тау-кен секторына капитал тарту бойынша қолайлы жағдай жасады.
- ЖҚО әлеуметтік қаржыландыру нарығына жәрдемдесу үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігі қолдаған ҚР Әлеуметтік таксономиясының жобасын әзірледі.

8.10-МІНДЕТ

Ұлттық қаржы мекемелерінің барлығына банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту қабілетін нығайту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО Қазақстан Ұлттық банкімен және ҚНРДА-мен бірлесіп, 2021 жылдың желтоқсанында күшіне енген Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекітті. Қағидалар АХҚО қатысушыларының қаржылық және кәсіби қызметтер көрсетуіне байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының Қазақстан Республикасының резиденттеріне көрсететін қаржылық және кәсіби қызметтерінің, оның ішінде банк және сақтандыру салаларындағы, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметтерінің тізбесін айқындайды.

9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



9-ОДМ

9.4-МІНДЕТ

2030 жылға инфрақұрылымды қайта жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің таза ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді белсенді қолдану олардың орнықты жақсарту, қайта бөлу

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО алаңында Дүниежүзілік экономикалық форумның 4-ші өнеркәсіптік революциясының Үлестес орталығы жұмыс істейді.
- ЖҚО жасыл жобаларды экономикалық ынталандыру және жергілікті және халықаралық капитал нарықтары арқылы орнықты инвестицияларды тарту жолымен АХҚО жасыл инфрақұрылымын дамытуда.
- ЖҚО көмегімен Астана қаласы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі көшбасшылықты сақтай отырып, Жаһандық жасыл қаржы индексінің үздік-50 қатарына кіреді.

9b-МІНДЕТ

Дамушы елдердегі отандық технологиялар саласындағы әзірлемелерді, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, оның ішінде өнеркәсіпті әртараптандыру және шикізат салаларындағы қосылған құнды ұлғайту жолымен қолайлы саяси ахуал жасау

Түйінді бастамалар мен жобалар

- ЖҚО көмегімен Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі мен Жасыл таксономиясы әзірленіп, қабылданды.
- АХҚО-ның Орнықты қаржыландыру қағидаттарына бейімділігі туралы мәлідемесі қабылданды, AIX сайтында жарияланып, қабылданған ESG-есептілік бойынша нұсқаулық әзірленді.
- АХҚО алаңында Дүниежүзілік экономикалық форумның 4-ші өнеркәсіптік революциясының Үлестес орталығы жұмыс істейді.
- Тех Хаб инновацияларға ашық компаниялар, акселераторлар, инкубаторлар, инновациялық хабтар, зертханалар, өнімдік технологиялық командалар және корпоративтік венчурлық қорлар үшін платформа құру арқылы корпоративтік инновациялар нарығына үздіксіз қолдау көрсетуде.
- Тех Хаб Орталық Азия мен өңірдің технологиялық стартаптарына инвестицияларды қолдайтын Venture Rocket Eurasia платформасын іске қосты.

11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР




11-ОДМ

11.6-МІНДЕТ

2030 жылға қарай жан басына шаққанда қайта есептеу кезінде, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі жасыл қаржы саласындағы өңірлік көшбасшылығын қамтамасыз ету стратегиясын жүзеге асыру аясында қаржы орталығы жасыл және орнықты жобаларға үнемі қолдау көрсетуде.
- ЖҚО Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қорымен және Green Investment Group бірлесіп, «Еуразиялық экологиялық қор» коммерциялық емес ұйымын құрды, ол қалалар мен олардың төңірегін көгалдандыру, қалалық флора мен фаунаны құру, сондай-ақ Қазақстандағы қоғамдық кеңістіктерді дамыту бойынша жобаларды қаржыландырады.
- Еуразиялық экологиялық қор эко-карталар мен NFC-плакаттар арқылы жиналған қаражат есебінен Қазақстанда ормандарды қалпына келтіру жобаларын жүзеге асырды.





13-ОДМ

13.2-МІНДЕТ

Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және ұлттық деңгейдегі жоспарлауға енгізу

Түйінді бастамалар мен жобалар

- ХҚО қаржы индустриясының Париж келісімінің мақсаттарына және Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына жету бойынша мақсатына қол жеткізу үшін экономиканы түрлендіруге деген күш-жігерін қолдайды. Орнықтылық АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының орталық құрамдас бөлігі болды. АХҚО-ның 2017 жылы Орнықты қаржы орталықтарының халықаралық желісін құруға қосқан үлесі, АХҚО биржасының «Белдеу және Жол» үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарына (GIP) бейілділігі, сондай-ақ Жасыл қаржы орталығының (ЖҚО) қолдауымен Жасыл инвестициялар қағидаттарының Орталық Азиядағы өңірлік кеңсесінің ашылуы АХҚО-ның орнықты даму құндылықтарына бейілділігін көрсетеді.

13.3-МІНДЕТ

Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО Astana Finance Days шеңберінде жыл сайынғы Жасыл өсу форумын, сондай-ақ орнықты даму, жасыл қаржыландыру және климаттық күн тәртібі бойынша семинарлар мен конференцияларды өткізеді.
- ЖҚО жасыл экономикаға көшу және табиғи ресурстарға ұқыпты қарау идеясына назар аудартуға және танымал етуге бағытталған жасыл қаржыландыру саласындағы жыл сайынғы Green Finance Award сыйлығын өткізеді.

13А-МІНДЕТ

Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік Конвенциясының қатысушылары болып табылатын дамыған елдердің өздеріне қабылдаған климаттың өзгеру салдарының қауіптілігін жеңілдету бойынша сындарлы шараларды қабылдау контекстінде дамушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және олардың жүзеге асырылуының айқындығын қамтамасыз ету үшін 2020 жылға дейін ортақ күш-жігермен барлық көздерден \$100 млрд жыл сайынғы жұмылдыру мақсатына қол жеткізу міндеттемесін орындау, сондай-ақ Жасыл климаттық қорды мүмкіндігінше ең қысқа мерзім ішінде капиталдандыру арқылы оның толық ауқымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Түйінді бастамалар мен жобалар

- ЖҚО 2022 жылы көлемі 400 млн АҚШ долларын құраған Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығының катализаторына айналды.



16-ОДМ

16.3-МІНДЕТ

Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқық үстемдік құрысына ықпал ету және сот төрелігіне бәрінің бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) азаматтық және коммерциялық дауларды шешудің ең үздік халықаралық стандарттарына сәйкес дауларды шешу бойынша қызметтер ұсынады.
- Тараптардың келісімі бойынша ұлттық соттардан дауларды АХҚО сотына және ХТО-ға беру шеңберінде ҚР Жоғарғы Сотымен өзара іс-қимыл жүргізілуде.
- АХҚО соты тараптарға Астанада болу қажеттілігінсіз әлемнің кез келген нүктесінен электронды түрде талап-арыз беруге мүмкіндік беретін eJustice электрондық сот төрелігін пайдаланады.

16.5-МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО органдары мен олардың ұйымдары АХҚО Этика кодексін және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ішкі саясаттарды қатаң сақтайды.
- АХҚО ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен Ынтымақтастық туралы келісім жасасты.

16.6-МІНДЕТ

Барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және ашық институттар құру

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО Этика кодексін Лондондық Іскерлік этика институтының қолдауымен, ал АХҚО органдарына арналған корпоративтік басқару қағидаттарын корпоративтік басқару жөніндегі халықаралық сарапшыларымен және TheCityUK кеңесе отырып әзірледі.
- АХҚО комитеті АЖ/ТҚҚІ мәселелері бойынша ынтымақтастық және ақпарат алмасу шеңберінде ҚР Қаржы мониторингі агенттігімен өзара іс-қимыл жасайды.



17-ОДМ

17.16-МІНДЕТ

Барлық елдерде, атап айтқанда дамушы елдерде тұрақты даму міндеттеріне қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржы ресурстарын жұмылдыратын және алмастыратын көпжақты серіктестікпен толықтырылатын орнықты даму мақсатындағы жаһандық серіктестікті нығайту

Түйінді бастамалар мен жобалар

- АХҚО әлеуетті арттыру және жасыл өсу мен орнықты дамуды ілгерілету үшін заң шығарушы және атқарушы билік органдарының кәсіби қоғамдастығымен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті қоғамдастықтармен және бизнес-қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды.
- АХҚО тәжірибе алмасу және АХҚО-ның орнықты дамудың үздік практикалары мен қағидаттарына сәйкес болу мақсатында халықаралық серіктестермен (KPMG, VISA, Климаттық облигациялар бастамасы, Бейжің қаржы және орнықты даму институты, Орнықты даму қаржы орталықтарының халықаралық желісі, БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы) ынтымақтастық жасайды.



ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

«АХҚО туралы» Конституциялық заңға сәйкес қаржылық технологиялар, цифрлық активтер, электронды коммерция, сондай-ақ инновациялар нарықтарын дамыту қаржы орталығының негізгі міндеттеріне жатады. Осы бағыттарды дамыту үшін 2019 жылы орталықтың алаңында Финтех Хаб құрылды, оның негізгі қызметі халықаралық ойыншылардың тәжірибесі негізінде Қазақстанның қаржы индустриясындағы технологияларды қолдаудың толыққанды экожүйесі мен инфрақұрылымын қалыптастыру болды. АХҚО стартаптарды қолдауды, финтех компанияларының өңірлік нарыққа шығуы үшін тартымды жағдайлар жасауды, инвестициялар тартуды және бірегей реттеуші базаны қамтамасыз етуді қоса алғанда, финтех экожүйесін дамытуға тұтастық тәсілін қолданады.

Қаржылық технологиялар экожүйесі өскен сайын АХҚО-ның құзыреттері де кеңейді, осыған байланысты Финтех Хаб кейінірек қаржылық инновацияларды, стартаптар экожүйесін, венчурлық капитал нарығын, электрондық коммерцияны,

корпоративтік инновацияларды, зерттеулерді және GovTech, SatelliteTech, Индустрия 4.0 және т.б. сияқты жаңа технологиялық бағыттарды қолдау саласындағы қызметтердің кең спектрі бар АХҚО Тех Хабы болып қайта құрылды.

ФИНТЕХ ИННОВАЦИЯЛАР

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде қаржылық технологиялар саласының қарқынды дамуы байқалады. Олар қаржылық қызметтердің барлық түрлерінің ажырамас бөлігіне айналуға: кредиттеу, төлемдер мен аударымдар, жинақтау, инвестициялау, сақтандыру және т.б. финтех нарығының дамуы ұсынылатын қаржылық қызметтердің қолжетімділігін, жылдамдығын, сапасы мен ауқымын арттыруға, операциялар жүргізу кезінде тәуекелдерді азайтуға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған және тұтастай алғанда, қаржы нарығында салауатты бәсекелестіктің дамуына ықпал етеді.

+50
СТАРТАП

АХҚО алаңында конвертацияланатын несиелі шарттарына қол қою арқылы, сондай-ақ стартап акцияларын жеке орналастыру және сатып алу арқылы мәмілелер жасасты

АХҚО экожүйесі финтех инновацияларды жедел дамыту, кәсіпкерлерді, ШОБ және стартаптарды қолдау үшін өңірдегі ең қолайлы орта. Жеткілікті икемді құқықтық және реттеуші режим, үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нарықты дамыту үшін қолайлы инфрақұрылым ірі технологиялық компаниялардың келуіне және АХҚО-ның қаржылық технологиялардың өңірлік орталығы ретінде қалыптасуына толықтай ықпал етеді.

Осылайша, қолайлы реттеу режимін дамыту шеңберінде қаржылық технологияларды дамытудың құқықтық негізі – **Fintech Rules** құрылды. АХҚО юрисдикциясында краудфандинг және цифрлық активтермен операциялар, сондай-ақ жеке орналастыру сияқты Қазақстан құқығы шеңберінде қазіргі уақытта қолжетімсіз қызмет түрлері лицензияланады.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті жеңілдетілген реттеуші режимде жаңа өнімдерді сынауға мүмкіндік беретін **FinTech Lab** реттеуші құм алаңын құрды. 2022 жылдың соңында құм алаңында 43 компания болды.

АХҚО Тех Хабы жаңа өнімдерді енгізу және ынталандыру, қаржылық технологияларды жеткізушілер үшін бірыңғай нарық құру, адами капитал мен ноу-хау деңгейін арттыру, сондай-ақ халық арасында кәсіпкерлік ойлауды дамыту үшін қаржылық технологиялар нарығының барлық өңірлік қатысушыларын біріктіруді өзіне мақсат етіп қояды.

Халықаралық финтех-қоғамдастықтармен және ірі ойыншылармен серіктестік Азия, Еуропа, Таяу Шығыс және ТМД өңірлерімен финтех-көпірлер құру, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша негізгі финтех іс-шараларына қатысу арқылы құрылады. Осылайша, АХҚО Тех Хабы Қазақстаннан табысты стартаптар таныстырылған Singapore Fintech Week, Istanbul Fintech Week сияқты халықаралық көрмелердің қатысушысы болды.

Қазақстанда стартаптардың жеткілікті пулын құру мақсатында осы жылдар ішінде орталық алаңында қаржылық және технологиялық стартаптарды қолдау бағдарламалары іске қосылды. Көптеген инкубация және акселерация бағдарламалары өткізілді: FintechStars, Investment Readiness Program және Visa Everywhere Initiative.

\$6,7
МЛН

АХҚО-дағы венчурлық мәмілелердің көлемі

+300

АХҚО Тех Хабының портфолиосындағы стартаптар

Сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азия өңірінен стартаптарды халықаралық акселерация бағдарламаларына экспорттау бойынша жұмыстар жүргізілді: Startupbootcamp, StartupWiseGuys және т.б. Бағдарламалар қаржы нарығының ойыншыларына жаңа технологияларға, бірлескен бастамаларға қолжетімділікті, сыртқы нарықтарға шығуды, сондай-ақ үздік сарапшылардың білікті көмегін алуды ұсынады.

АХҚО Тех Хабы ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті ілгерілету жөніндегі жаһандық бастаманы белсенді түрде қолдайды, сондай-ақ бірнеше жыл бойы біздің елдегі әйелдерге кәсіпкерлікте бағын

+135

Орталық Азияның түкпір-түкпіріндегі стартаптар АХҚО Тех Хабы тарапынан қолдауға ие болды

сынауға көмектесетін, әйелдердің жұмыс орнындағы, бизнес саласындағы және қоғамдағы рөлін де күшейтетін жобаларды қолдап келеді. Осылайша, 2022 жылы хабтың UN Women мен UN Global Compact құрылымдары арасындағы серіктестік аясында құрылған Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын (WEP) қолдау бағдарламасына қосылуының ресми рәсімі өтті.

Visa және Halyk Bank-пен бірлесіп, She's Next Empowered by Visa жаһандық науқанының екі білім беру марафоны сәтті жүзеге асырылып, ол Орталық Азия өңірінің түкпір-түкпірінен 9,5 мыңнан астам кәсіпкер әйелді қамтыды.

Fintechstars – Қазақстан мен Орталық Азиядағы финтех-экожүйені және қолма-қол ақшасыз экономиканы дамытуға ықпал ететін нарықта қолжетімді жаңа финтех-шешімдердің санын көбейтуге бағытталған стартаптарды қолдаудың негізгі бағдарламасы.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



iKapitalist 2019 жылы АХҚО комитетінен инвестициялық краудфандинг платформасын басқаруға және қарыз краудфандинг платформасын басқаруға лицензия алған алғашқы компания болды. Екі платформаны іске қосудың негізгі факторы оларды жеңілдетілген реттеу режимі бар FinTech Lab реттеуші құм алаңында сынау мүмкіндігі болды.

АХҚО-ға қосылуға қосымша ынталандырма ретінде жалпы құқыққа негізделген АХҚО-ның дауларды шешу тәуелсіз институттарын пайдалана отырып, тараптар арасындағы қатынастарды реттеу мүмкіндігі болды. АХҚО-ның құқықтық режимі меншік құқықтарын және келісімшарттық қатынастарды қорғаудың кең ауқымды құралдарын ұсына отырып, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететіні белгілі.

Краудфандинг платформаларында қаржыландыру тартудың танымалдығының артуы шағын және орта бизнестің қаржы ресурстарына қолжетімділігін кеңейтуге ықпал етті, бұл елде қаржыландырудың баламалы көздерін дамытудың елеулі әлеуетін көрсетеді.

Платформа жұмысын бастағаннан бері оның алаңында шағын және орта бизнеске шамамен 8 млрд теңге инвестицияланды, ал портфельдік компаниялардың жылдық айналымы 2021 жылы шамамен 20 млрд теңгені құрады, бұл платформаның Қазақстан экономикасын дамытудағы және қосымша жұмыс орындарын құрудағы рөлінің маңыздылығын дәлелдейді.

КОРПОРАТИВТІК ИННОВАЦИЯЛАР

АХҚО Тех Хабы өңірдегі кең ауқымды серіктестер желісінің (ИБДҚ, GenerationS, Bridge Group, Bitfury KZ және т.б.) қолдауымен Орталық Азия мен ТМД корпорацияларына инновациялармен жүйелі жұмысты қалыптастыру бойынша жәрдемдесу үшін корпоративтік инновациялар бағытында белсенді жұмыс жүргізуде.

Корпорациялар мен стартаптар үшін бірқатар білім беру бағдарламалары іске қосылды, сондай-ақ корпоративтік акселераторларды, инкубаторларды іске қосуда, жергілікті және сыртқы нарықтарда технологиялық шешімдер мен командалардың скаутингіне қолдау және көмек көрсетілді. Ірі бизнес үшін 30-дан астам корпоративтік бағдарламалар жүзеге асырылды, сондай-ақ ТМД-дағы технологиялық стартаптардың ең ірі базаларының бірі жиналды. Ірі қазақстандық және өңірлік компаниялардың қажеттіліктері үшін ашық зерттеулер тұрақты негізде жарияланады.

Айтулы оқиғалардың ішінде 2021 жылы АХҚО Тех Хабының Интернет-бастамаларды дамыту қорымен бірлесіп және басты серіктес – Mastercard халықаралық төлем жүйесінің қолдауымен **Қазақстандағы банктер үшін алғашқы финтех акселераторды** іске қосу болды. Бағдарламаға қатысушы банктер Altyn Bank, Eurasian Bank және Freedom Finance Bank болды. 11 елден 300-ден астам стартап қатысуға өтінім берді, оның 30-ы акселератордың финалына өтті. Бағдарлама Қазақстанның қаржы секторында технологиялық көшбасшылықты қолдау және ашық инновациялар тәжірибесін енгізу үшін Қазақстан мен ТМД елдеріндегі стартаптардың үздік финтех шешімдерін іздеуді және тартуды көздеді.

2020 жылы корпорациялар, мемлекеттік және жеке сектор өкілдері үшін инновациялар көмегімен өз бизнесін трансформациялауды үйрену, сондай-ақ қаржы, телекоммуникация, ритейл және т.б. салаларда инновацияларды енгізу бойынша нақты кейстермен танысу мүмкіндігімен корпоративтік инновациялар бойынша Орталық Азиядағы бірінші Bootcamp өтті.

CorpUp Central Asia – бұл Интернет-бастамаларды дамыту қоры акселераторының және АХҚО Тех Хабының сарапшылары Орталық Азиядағы корпорациялар мен ірі бизнеске инновациялық консалтинг, технологиялық скаутинг, корпоративтік акселерация, оқыту және нетворкинг іс-шараларын өткізу арқылы инновацияларды дамытуға және бизнестің тиімділігін арттыруға көмектесетін платформа. Мұның бәрі компанияларға инновацияларды енгізудің шығындарын төмендетуге және нарыққа жаңа өнімдерді шығаруды жеделдетуге мүмкіндік береді.



«АХҚО – көп жылдар бойы Mastercard-тың сенімді және құрметті серіктесі. Біз бірге жоғары сапалы жобаларды жүзеге асырдық, олардың ішінде Қазақстандағы алғашқы финтех-акселератор, Mastercard Sustainable Banking Challenge, сондай-ақ ESG бастамалары бар. Біздің тұрақты сындарлы өзара іс-қимылымыз бен өзара қолдауымыз Қазақстанның бүкіл қаржы секторының дамуына пайдалы екендігі сөзсіз».

Рафал Трэнка
Mastercard-тың Қазақстандағы және Орталық Азиядағы бас менеджері

2022 жылы Қазақстандағы телеком экожүйелерінің алғашқы шолуы – CorpUp Telecom 2022 шығарылды. Зерттеудің корпоративтік серіктестері – «Beeline Қазақстан» және Huawei Technologies Kazakhstan, сарапшы серіктестері – IDC және KPMG Caucasus and Central Asia. Есепте бүгінгі күні телеком индустриясын түбегейлі өзгертетін басты трендтер; қазақстандық үш мобильді оператордың экожүйелері; 5G технологиялары мен қолданыс аялары; операторлар мен стартаптар арасындағы ынтымақтастықтың табысты кейстері мен сценарийлері туралы ақпарат бар.

Open Innovation Marathon, RetailTech Innovation Day, InsurTech Innovation Day, Fintech & Telecom Innovation Day, Startup Borjomi Central Asia байқауы, CorpUp Kazakhstan 2021 және CorpUp Telecom басқа да маңызды оқиғалар болды. Mastercard халықаралық төлем жүйесімен бірге Mastercard Sustainable Banking Challenge конкурсы өткізілді, оның аясында 12 елден 90-нан астам өтінім келіп түсті, ал іріктелген үш стартап серіктес банктер: ForteBank-пен, Jusan Bank-пен, Eurasian Bank-пен пилоттарды іске қосты.

ВЕНЧУРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

АХҚО Тех Хабы Орталық Азия мен ТМД өңірі стартаптарының инвестицияларды тарту және мәмілелер жасасу мүмкіндіктерін арттыру, соның ішінде АХҚО юрисдикциясында мәмілелерді құрылымдау мақсатында үздік әлемдік тәжірибеге негізделген венчурлық капитал индустриясын дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Инвесторлар желісіне халықаралық венчурлық қорлар, періште-инвесторлар, корпоративтік инвесторлар, акселераторлар және отбасылық кеңселер кіреді. Сондай-ақ жергілікті және өңірлік стартаптар орталықтарымен, IT-парктермен, университеттермен және акселераторлармен берік қарым-қатынас құру жұмыстары жүргізілуде. Посткеңестік елдердің тарихында алғаш рет конвертацияланған несие, KISS, SAFE және венчурлық құрылымдау тетіктері арқылы үлестерді сатып алу сияқты шарттардың нысандары қолданылды.

ФИНТЕХ СТАРТАПТАР

САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРИЯ



КРАУДФАДИНГ




МОБИЛЬДІ ЭМИЯНДАР



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



ИНВЕСТИЦИЯЛАР



ТӨЛЕМДЕР



ҚАРЖЫ СУПЕРМАРКЕТИ



ЦИФРЛЫҚ ID



САТУ НҮКТЕЛЕРІ



БЛОКЧЕЙН




ФИНТЕХ ЭКОЖҮЙЕ


БАНКТЕР



ФИНТЕХПЕН БАЙЛАНЫСТЫ КОМПАНИЯЛАР



ФАСИЛИТАТОРЛАР



ҚОЛДАУ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМДАР




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР



РЕТТЕУШІЛЕР



ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАР ЖӘНЕ ВЕНЧУРЛЫҚ КАПИТАЛ



ХАБТАР, ИНКУБАТОРЛАР ЖӘНЕ АКСЕЛЕРАТОРЛАР



БІЛІМ БЕРУ



2020 жылдан бастап АХҚО-да венчурлық мәмілелер көлемінің айтарлықтай артуы байқалды, бұл бірінші кезекте технологиялық стартаптарға бірқатар ірі инвестицияларға байланысты. Жеке және институционалдық инвесторлар мен институттардың талаптарының бірі – АХҚО-да стартаптарды инкорпорациялау және инвестициялық мәмілелерді құрылымдау үшін юрисдикцияны пайдалану. Бүгінгі таңда Тех Хаб қолдауын тапқан венчурлық мәмілелердің көлемі 15 млн АҚШ долларынан асты, оның 6,7 млн АҚШ доллары 2022 жылға тиесілі. Инвестициялар синдикаттар арқылы жүзеге асырылады, мұнда АХҚО венчурлық синдикаттарды құрылымдау үшін қолайлы платформа ретінде әрекет етеді. Мәмілелер конвертацияланатын несие шартына қол қою, стартап компаниялардың үлестерін сатып алу үшін акциялардың әртүрлі кластарын жеке орналастыру арқылы жасалды. Сонымен қатар, стартаптар мен венчурлық капиталистер арасында АХҚО юрисдикциясының танымалдылығын арттыратын тағы бір құрал – стартап жобаларына арналған опциондар пулын әлемдегі үздік тәжірибеге сәйкес құрылымдау мүмкіндігі.

2021 жылы өңірлік және жаһандық инвесторларға бағытталған Орталық Азиядағы стартаптарға бірлесіп инвестициялаудың бірінші краудфандинг платформасы **Venture Rocket Eurasia** АХҚО юрисдикциясында тіркелді. Халықаралық серіктес, Titanium IT Technologies жаһандық зерттеу және инновациялық компаниясымен бірлесіп құрылған платформа инновациялар мен стартаптар экожүйесін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ АХҚО алаңында періштелік инвестициялаудың өсуін ынталандырады.

Білім беру жобалары аясында АХҚО Тех Хабы Angelsdeck венчурлық инвесторлар клубымен және Starta Ventures акселераторымен бірлесіп, венчурлық инвестициялау мектебін ұйымдастырып, періште-инвесторлар үшін курстар өткізді.

АХҚО Тех Хабы Орталық Азияда еркін кәсіпкерлік пен тиімді инвестициялау үшін қажетті шарттар мен тетіктерді ұсына отырып, өңірдегі венчурлық капитал нарығы мен стартап-экожүйесін дамытуға белсенді ықпал етеді.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Binance – ең ірі цифрлық активтер биржасы бар әлемдегі жетекші блокчейн-экожүйе. 2017 жылы негізі қаланған Binance өте жас, бірақ сонымен бірге сауда көлемі бойынша әлемдегі ең ірі криптовалюта биржаларының бірі. Binance экожүйесі қаржы өнімдерінің бірегей жиынтығын, соның ішінде инвестициялар мен фандрайзингті, сондай-ақ цифрлық активтерді зерттеуді қамтиды.

Цифрлық активтердің экожүйесін дамытуды жоғары мемлекеттік деңгейде қолдау, АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті ұсынған проактивті реттеуші, сондай-ақ АХҚО-ның сенімді юрисдикциясы компанияның Орталық Азия өңірінде қатысуын кеңейту үшін қолайлы негіз құрады. 2022 жылы Binance биржасы АХҚО-да цифрлық активтер платформасын басқару және кастодиандық қызметтерді көрсету үшін AFSA лицензиясын алды.


Тұрақты лицензия компанияға Қазақстанда сәйкестік пен қауіпсіздікті бақылаудың сенімді құралдары бар реттелетін платформа мәртебесін береді. Биржа айырбастау және конвертация қызметтерін, фиат валюталарын шығару және салу, криптовалюта активтерін сақтау және биржалық сауданы ұсына алады. АХҚО аумағын қоспағанда, ҚР аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналымы мен шығарылуына, майнингті қоспағанда, тыйым салынғанын атап өткен жөн.

Binance биржасы сондай-ақ АХҚО криптобиржалары мен екінші деңгейлі қазақстандық банктердің өзара іс-қимылы бойынша пилоттық жобасының қатысушысы болды, оның аясында АХҚО криптобиржалары банктердің көмегімен фиат транзакцияларын орындаудың белсенді кезеңіне көшті.

Binance өзінің тәжірибесімен, технологияларымен және мүмкіндіктерімен Қазақстандағы цифрлық активтер нарығын дамытуға жәрдемдеседі және елді өңірлік криптохаб ретінде одан әрі жайғастыру үшін үлкен серпін береді.

ҚҰЗЫРЕТТЕР ОРТАЛЫҒЫ

АХҚО Тех Хабы құрылған сәттен бастап қаржы технологиялары, венчурлық капитал, корпоративтік инновациялар және т.б. саласындағы Қазақстан мен өңір нарығы туралы **15-тен астам техникалық есепті** жариялады. Бұл есептер Mastercard, KPMG, Plug and Play, GenerationS, Дүниежүзілік банк Тобының Халықаралық қаржы корпорациясы, Kinstellar заң фирмасы сияқты танымал халықаралық ойыншылармен серіктестікте дайындалды.



ТМД. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ МОҢҒОЛИЯ ФИНТЕХ НАРЫҒЫНА ШЫҒУ, 2020

АХҚО Тех Хабы өңірлік финтех-нарықтың жағдайы мен даму бағыттары, соңғы үрдістер, өңірлік ерекшеліктер, капиталға қолжетімділік, мемлекеттік қолдау және т.б. туралы есеп шығарды. Есеп Ресей финтех қауымдастығы, Украина финтех және инновациялық компаниялар қауымдастығы, IT-Park Өзбекстан, Қырғызстан Жоғары технологиялар паркі, BEROC Экономикалық зерттеулер орталығы (Беларусь), Access Solutions консалтингтік компаниясы (Моңғолия) және QazTechVentures сияқты өңірлік сарапшылық институттармен ынтымақтастықта дайындалды.



CORPUP KAZAKHSTAN 2021

Корпоративтік инновациялардың құралдарын енгізу бойынша практикалық ұсынымдары бар, нарықты халықаралық және қазақстандық корпорациялардың («Beeline Kazakhstan», BTS Digital, BI Group, «Халық банкі», ChocoFamily, Metro Cash & Carry, PepsiCo, MTC, LENTA және т.б.) үздік практикаларымен таныстыратын Қазақстанның корпоративтік инновациялар нарығы туралы алғашқы аналитикалық есеп, сонымен қатар Қазақстанның 10 үздік инновациялық корпорациясының рейтингін ұсынады.



ҚАЗАҚСТАН СТАРТАПТАРЫНЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІ, 2021

АХҚО Тех Хабы Tuz Ventures-пен серіктестікте жүзден астам стартаптар мен жергілікті сарапшылар арасында сауалнама жүргізіп, Қазақстанның стартаптар экожүйесіне алғашқы зерттеу жүргізді. Зерттеуге сондай-ақ «Зерде» холдингі, Astana Hub, Tech Garden және MOST та қатысты. Есеп технологиялық кәсіпкерлерге нарық пен бәсекелестер туралы түсінік алу үшін, мемлекеттік органдарға елдің инновациялық экожүйесін жақсырақ түсіну үшін, ал инвесторларға нарықты зерттеу және инвестициялық шешімдер қабылдау үшін пайдалы болады. Зерттеуге сәйкес, стартаптардың көпшілігі Қазақстан нарығындағы ең елеулі өсіп жатқан үш секторға жатады: электрондық коммерция (e-commerce), білім беру (EduTech) және қаржылық технологиялар (FinTech).



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФИНТЕХ-СТАРТАПТАР НАРЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕУІ, 2021

АХҚО Тех Хабы Қазақстандағы финтех-стартаптар нарығына зерттеу жүргізіп, стартап профильдерінің, карталаудың, инвестициялар мен серіктестіктердің салалық талдауын, сондай-ақ назар аударуға тұрарлық 15 перспективті стартап туралы ақпаратты ұсынды. Сондай-ақ есепте АХҚО-ның елдегі және өңірдегі финтех-нарықты дамытуға қосқан құнды үлесі де атап өтілген.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы стартап секторы әлі де қалыптасып жатқанын көрсетеді, өйткені респонденттердің 72%-ы дамудың ерте сатысында, олар 1-3 жыл бұрын іске қосылған. Ең танымал финтех-бағыттары – төлемдер, аударымдар, мобильді әмияндар (20%) және қаржылық бағдарламалық жасақтама/бэк-және мидл-кеңсе шешімдері (18%). Географиялық тұрғыдан алғанда, стартаптардың көпшілігі Қазақстан және/немесе ТМД нарығына бағытталған.




OPEN BANKING, 2021

АХҚО-ның Mastercard халықаралық төлем жүйесімен бірлесіп дайындаған зерттеуі Open Banking-тің жаһандық және қазақстандық нарығын терең зерттейді. Мұнда ашық банкингті дамытудың артықшылықтары мен негізгі драйверлері, әлемдік реттеу тәсілдері, банктердің серіктес қызметтермен өзара іс-қимылының практикалық тәжірибесі ұсынылған. Ашық банкингті дамытудың негізгі мақсаттары, зерттеуге сәйкес, қосымша табыс алу мүмкіндігі, клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру, сондай-ақ қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру.



ФИНТЕХ 2021: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПАЙДА БОЛЫП ЖАТҚАН ВЕНЧУРЛЫҚ КАПИТАЛ НАРЫҒЫ

International Comparative Legal Guides – жаңалықтар шолуы, практиканың 58 саласындағы 192-ден астам юрисдикцияның заңнамасының талдауы бар құқықтың әртүрлі салалары бойынша нұсқаулықтар сериясын ұсынатын жетекші жаһандық платформа. Fintech 2021 арнайы шығарылымы Қазақстан мен Орталық Азиядағы венчурлық капиталды дамыту бойынша АХҚО бастамаларына шолу жасауға арналды, ол құқықтық және реттеуші базаны, салықтық жеңілдіктерді, практикалық нұсқаулықты және бар прецеденттерді қамтиды.



АХҚО-НЫҢ ВЕНЧУРЛЫҚ КАПИТАЛ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ (1-Т.), 2021

2020 жылы венчурлық мәмілелер көлемінің айтарлықтай өскенін байқап отырып, АХҚО Тех Хабы Қазақстандағы KPMG Tax & Legal және Kinstellar заңгерлік фирмасымен серіктестікте АХҚО-дағы венчурлық капитал бойынша практикалық нұсқаулық әзірледі. Бұл нұсқаулық АХҚО-ның заңды тұлғаларды, венчурлық қорларды және басқарушы компанияларды тіркеуге және рұқсат етуге қоятын талаптарын сипаттайды. Сондай-ақ мұнда инвестициялық мәмілелерді құрылымдаудың және инвесторлар үшін «шығу» стратегияларының ықтимал әдістері ашылған, Делавэр, Кипр және АХҚО салық режимдерінің салыстырмалы талдауы ұсынылған, бұл инвестициялау мен жергілікті және шетелдік капиталды тартуға балама юрисдикцияларды қарастыратын инвесторлар мен стартаптар үшін пайдалы болады.



CORPUP TELECOM 2022

Нарық сарапшыларымен сұхбат, телеком компанияларының сауалнамасы мен ондаған қазақстандық және шетелдік байланыс операторларының дамуын талдау негізінде Қазақстандағы және әлемдегі телеком экожүйелерінің бірінші шолуы. Зерттеудің корпоративтік серіктестері – «Beeline Қазақстан» және Huawei Technologies Kazakhstan, сарапшы серіктестері – IDC және KPMG Caucasus and Central Asia.

Есепте бүгінгі күні телеком индустриясын түбегейлі өзгертетін басты трендтер; қазақстандық үш мобильді оператордың экожүйелері; 5G технологиялары мен қолданыс аялары; операторлар мен стартаптар арасындағы ынтымақтастықтың табысты кейстері мен сценарийлері туралы ақпарат бар.



VC GUIDE FOR FOUNDERS, 2022

Тех Хаб KPMG-мен және SkyBridge Invest инвестициялық компаниясымен серіктестікте АХҚО-дағы стартап құрылтайшылары үшін венчурлық капитал, фандрайзинг және инвестициялық мәмілелерді құрылымдау бойынша алғашқы нұсқаулықты дайындады.

Нұсқаулық венчурлық мәмілелерді құрылымдау, венчурлық шарттардың түрлерін анықтау, венчурлық синдикаттарды құру бойынша нақты кейстерді талдау және инвесторлардан борыштық және үлестік инвестицияларды тарту бойынша АХҚО мүмкіндіктері мен артықшылықтарын егжей-тегжейлі сипаттайды.

Нұсқаулық АХҚО инфрақұрылымында жобаларды іске қосуға және ілгерілетуге мүдделі тәжірибелі кәсіпкерлер мен жаңадан бастап жатқан құрылтайшыларға пайдалы болады.

ТАБЫСТЫ КЕЙС



Alif Islamic Bank – 2022 жылы исламдық банктік лицензиясын алған АХҚО-дағы екінші ислам банкі. АХҚО-ны қызмет алаңы ретінде таңдаудың негізгі өлшемшарттары исламдық қаржыландыру саласында қызметтердің кең спектрін ұсыну мүмкіндігі, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибеге негізделген ислам қаржысы және банкинг саласындағы сенімді реттеуші режимнің болуы болды. Ислам қаржы институттары үшін салықтық преференциялар, сондай-ақ Қазақстанның жергілікті еңбек нарығында жоғары білікті мамандарды жалдау мүмкіндігі қосымша ынталандырма болды.

Alif Islamic Bank Қазақстан және бүкіл өңірдің нарығындағы корпоративтік және бөлшек сегменттерді қамтитын, Шариғат нормаларына сәйкес жоғары деңгейдегі инновациялық қаржылық сервисті ұсынатын жетекші ислам банкі болуды жоспарлап отыр.

80+

финтех және инновацияларды дамыту саласындағы шеберлік сабақтары мен семинарлар

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҮЛЕСТЕС ОРТАЛЫҒЫ (4ӨР ОРТАЛЫҒЫ)

Цифрлық революцияның күшеюімен АХҚО барлық салаларда болып жатқан өзгерістер бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді де, бәсекелестік артықшылықтарды кейін пайдалану, сондай-ақ 4-ші Өнеркәсіптік революцияның (4ӨР) әлеуетін толыққанды іске асыру үшін тиімді шешімді талап ететін сын-тегеуріндерді де ұсынатынын түсінеді.

Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) 4ӨР дамуын ілгерілететін және қолдайтын әлемдегі көшбасшы ұйымдардың бірі. ДЭФ әлеуметтік және экономикалық прогреске қол жеткізу, тәжірибелік шешімдер қабылдау және технология арқылы инклюзивтілік пен орнықтылықты ілгерілету үшін бүкіл әлемнің жаһандық компанияларын, үкіметтерді, стартаптарды, шағын және орта кәсіпорындарды, академиялық топтарды және халықаралық ұйымдарды біріктіретін 4ӨР Орталықтарының жаһандық желісінің негізін қалады. 2017 жылы іске қосылған орталықтардың жаһандық желісінің АҚШ, Қытай, Израиль, Үндістан, Жапония және БАӘ-де Үлестес орталықтары бар.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен АХҚО алаңында Қазақстандағы 4ӨР Үлестес орталығы іске қосылды. 4ӨР Орталығы Қазақстанның және тұтас өңірдің инновациялық дамуына елеулі әсер ететін ең жаңа технологияларды меңгеру үшін қолайлы орта құру мақсатында Орталық Азияның мемлекеттік органдары мен бизнес құрылымдарын біріктіреді. Осы ынтымақтастықтың арқасында Қазақстанның бизнес қоғамдастығы, сондай-ақ АХҚО қатысушылары ДЭФ мүшелерімен іскерлік қарым-қатынас орнатып, Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық серіктестік желісіне қосыла алады.

4ӨР Орталығы заттар интернеті (IoT), деректерді басқару (Data Governance) және электрондық сауда (Digital trade) сияқты ынтымақтастықтың үш негізгі бағытын анықтады.

Жаһандық бағдарланған құралдарды енгізу және өндірістерде цифрлық трансформацияны ынталандыру мақсатында 4ӨР Орталығы Smart Industry Readiness Index – SIRI жобасы аясында INCIT компаниясымен шартқа қол қойды. Бағдарлама шеңберінде 100-ден астам әлеуетті бағалаушылар оқытылады, олар өз кезегінде өндірістік компаниялар операцияларының ағымдағы жағдайын бағалайды және трансформация процесін жеделдету үшін ұсынымдар жасайды. Осыған байланысты Қазақстанның жетекші ұлттық компанияларымен алғашқы SIRI сертификатталған бағалаушыларын (CSA) даярлау бойынша пилоттық жобаны жүргізу жұмыстары атқарылуда, одан кейін 3 қазақстандық кәсіпорынға бағалау жүргізілетін болады.



«Біздің АХҚО-мен бірлескен жобаларымыз Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де танымал екенін мақтанышпен айта аламын. Мысалы, жақында біз кәсіпкер әйелдерді қолдауға бағытталған Орталық Азиядағы She's Next бастамасының екінші толқынын іске асырдық. Бағдарламаға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстаннан 9,5 мыңнан астам әйел қатысты. Сондай-ақ, біз Visa Everywhere Initiative аясында қазақстандық финтех қоғамдастығын дамытуға және екінші жыл қатарынан еліміздегі ең ірі Astana Finance Days оқиғасының бас серіктесі болуға қуаныштымыз. Болашақта біздің халықаралық орталықпен ынтымақтастығымыз тек күшейіп, кеңейе түсетініне сенімдімін».

Кристина Дорош
Орталық Азия мен Әзірбайжандағы Visa вице-президенті және өңірлік менеджері

SIRI – бұл өндірушілерге арналған өндірісті трансформациялау процесін бастауға, масштабтауға және қолдауға көмектесетін фреймворктар мен құралдар жиынтығын қамтитын әлемдегі алғашқы жетілуді тәуелсіз цифрлық бағалау.

Заттар интернетін енгізу және дамыту шеңберінде Қазақстан цифрлық энергетика қауымдастығымен «Индустрия 4.0» Консорциумы туралы келісімге қол қойылды, ол электр энергиясын таза генерациялауды, интеллектуалдық желілерді және энергетикалық ресурстардың қалалық ортасын дамытуға арналған Электр энергетикасын дамытудың жол картасын әзірлеуді көздейді.

Деректерді басқару бағытын дамыту мақсатында 4ӨР Орталығы БҰҰ және ЦДИАӨМ-мен бірлесе отырып, «Қазақстан Республикасында цифрлық трансформация үшін жаңа технологиялық саясатта тәжірибелерді және реттеуші құм алаңдарын пайдалану» бастамасын жүзеге асыруда. Деректер саласындағы саясат тұжырымдамасын, соның ішінде үлкен деректерді басқару үшін қолайлы ортаны құру, заңнаманы жетілдіру және финтех компанияларға, байланыс операторларына және IT-компанияларға API көмегімен әртүрлі сценарийлерде цифрлық шешімдерді тексеру бойынша эксперименттер жүргізу үшін жағдай жасау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу ұйғарылуда.



АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Негізі қаланғаннан бері АХҚО кәсіби адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөлді. Осы мақсатта 2016 жылы АХҚО экожүйесінде адами капиталдың сапасын жүйелі түрде арттыруды және академиялық орталармен және бизнеспен серіктестікте таланттардың өңірлік экожүйесін құруды көздейтін Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (ҮҚДБ) құрылды.

ҮҚДБ үзіліссіз кәсіби даму, кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және қолдау, нарық кәсіпқойларының қолжетімді сараптамасы мен ашық диалогы үшін цифрлық платформалар арқылы адами капиталды дамытуға ықпал етеді.

ҮҚДБ қызметі жылдарында Қазақстандағы жаңа білім беру индустриясының, EdTech саласының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосты. Әртүрлі салаларда, соның ішінде халықаралық сертификаттау бағдарламалары бойынша барлығы 16 мыңнан астам маман қайта даярлықтан өтті, қаржылық және инвестициялық менеджмент, аудит, AML, жобаларды, адам ресурстарын басқару салаларындағы және басқа да мамандықтар бойынша 15 мыңнан астам кәсіби маманнан кадрлық резерв қалыптастырылды.

ҮҚДБ-ның сараптамасы мен қолдауы ұсынылуы арқылы Nobel Fest, Quantum STEM school, Astana IT University, Cosmos project, Talantiz, Geometry, Atlant, Welldone, Aero, Neurostorm, Tamos және т.б. сияқты бірлескен курстар мен бастамалар іске қосылды.



Болашақ университеті – көшбасшылық көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға негізделген кәсіби оқытуды ұсынуға бағытталған кәсіби дамудың цифрлық платформасы. Кәсіби дамудың түйінді бағыттарына қаржы, инвестициялық менеджмент, тәуекелдерді, жобалар мен персоналды басқару, бухгалтерлік есеп, ислам қаржысы, қаржылық технологиялар және корпоративтік басқару жатады.

Болашақ университеті Қазақстандағы да, ТМД өңіріндегі де кәсіпқойлар мен корпоративтік клиенттер үшін оқыту мен дамытудың инновациялық, тиімді және кешенді шешімдерінің жетекші жеткізушісі болуға ұмтылады.

2022 жылдың соңына дейін платформада бизнес-тренингтерге, семинарлар мен конференцияларға, біліктілікті арттыру бағдарламаларына, CFA/Инвестициялық талдау, FRM/ERP/Қаржылық тәуекелдер негіздері, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, PMI, Ислам қаржысы, CMC, CGI/Корпоративтік басқару дайындық курстарына қатысқан 10 мыңнан астам маман оқытылды.



ALPHARABIUS

Alpharabius – бұл студентті жеке, академиялық және әлеуметтік-экономикалық бағытта біртұтас дамыту үшін ерте мансаптық бағыт-бағдар беруге және өмірлік дағдыларға үйретуге бағытталған жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттеріне арналған толық циклді білім беру платформасы. Студенттерге арналған ҮҚДБ командасы әзірлеген бірегей курстар мен конкурстар, сондай-ақ EdTech қоғамдастығы серіктестерінің жобалары оның негізгі өнімдері саналады.

Alpharabius-тың маңызды білім беру жобаларының бірі – АХҚО Қаржы және экономика олимпиадасы, оның мақсаты – мектеп оқушыларының экономикалық-қаржылық даму пәндерін оқуға қызығушылығын арттыру.



QWANT – цифрлық өнімдер мен қызметтерді әзірлеушілерді даярлауға бағытталған инновациялық бағдарламалау мектебі. Мектеп 42-ші инновациялық мектеп пен EPITECH университетінің тәжірибесін ескере отырып, ойын, ұжымдық және жобалық оқыту қағидаттары бойынша әзірленді. Бүгінгі күні Дүниежүзілік экономикалық форумның нұсқасы бойынша болашақтың ең үздік 10 мамандығының бесеуі QWANT базасында ашылған.

2020 жылы іске қосылғаннан бері мектеп 800-ден астам әзірлеушілерді дайындады, олардың 90%-ы Kaspi, Halyk Bank, AIX, Plug and Play Tech Center, Philip Morris және т.б. сияқты отандық және шетелдік ірі компанияларда жұмыспен қамтылды. 2021

16 500+

қайта даярланған кадрлар (CFA, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, FRM және т.б.)

жылы QWANT мектебі HolonIQ-дің EdTech беделді рейтингінің Ресей және ТМД өңіріндегі ең перспективалы 100 стартап қатарына кірді.

QWANT ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен АТ-таланттарды дамытуға және техникалық білімнің қолжетімділігіне жәрдемдесу үшін белсенді түрде ынтымақтасады. Сондай-ақ мектеп АТ-индустрияға көбірек әйелдерді тарту мақсатында әйелдер қатысатын технологиялық бастамаларға қолдау көрсетеді. Educational IT Alliance және Microsoft Kazakhstan-мен ынтымақтастықта жоғары сынып оқушылары арасында бірінші QWANT бағдарламалау олимпиадасы өтті.



АХҚО Құқық академиясы – АХҚО-ның қолданыстағы құқығы мен халықаралық коммерциялық практика бойынша бірегей заңгерлік білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында құрылған білім беру платформасы. Платформада судьялар, заңгерлер, медиаторлар мен төрешілер үшін білім беру және оқыту курстары, сертификаттаулар, семинарлар ұсынылады, сондай-ақ АХҚО қатысушылары үшін pro-bono консультациялар және жас мамандар үшін тағылымдамалар жүргізіледі. Құқық академиясы АҚШ заңгері және Англия мен Уэльсте солиситор біліктілігін алу үшін заңгерлерді дайындау үшін, сондай-ақ ақшаны жылытату және терроризмді қаржыландыруға қарсы

іс-қимыл бойынша мамандарды дайындау саласында жетекші халықаралық оқыту және біліктілікті арттыру институттарымен ынтымақтасады.

Құқық академиясы қызметін бастағаннан бері 45-тен астам заң білімін беру бағдарламаларын ұйымдастырды, оған 2 мыңға жуық тыңдаушылар қатысты. Сонымен қатар, жыл сайын студенттерді АХҚО юрисдикциясымен және құқықтық бастамаларымен таныстыру мақсатында онлайн тағылымдама бағдарламасы, АХҚО Құқық конференциясы, сондай-ақ AIFC Legal Talks өткізіледі.



A-PRO жобасы АХҚО экожүйесі мен сыртқы нарық үшін персоналды іріктеу, аутсорсинг, аутстаффинг, мансап бойынша консалтинг сияқты кәсіби корпоративтік қызметтерді ұсынуға бағытталған. Платформа кандидаттардың дерекқорларын басқаруға, цифрлық рекрутинг жүргізуге және қызметкерлер мансабының дамуы траекториясын құруға мүмкіндік береді. А-PRO жобасы Қазақстандағы компанияларда адами капиталды дамытуға, сондай-ақ біртұтас жоба командасын іріктеу бойынша қызмет көрсетуге бағытталған. Кадрлық резерв халықаралық стандарттарға сай және жұмысқа орналасуға әлеуетті дайын кәсіпқойлар базасымен белсенді түрде толықтырылып отырады.

15 000+

АХҚО-ның кадрлық резерві

6 500+

АХҚО экожүйесіндегі мамандар



05. Корпоративтік басқару

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқарудың тиісті практикасы кез келген халықаралық қаржы орталығының табысты жұмысының ажырамас бөлігі. АХҚО корпоративтік басқару жүйесін озық халықаралық практикаға сәйкес үздіксіз жетілдіруге ұмтылады.

2020 жылы TheCityUK британдық институтымен және Ұлыбритания Үкіметінің қаржылық қолдауымен әзірленген АХҚО Корпоративтік басқару қағидаттары бекітілді. «Қолдан және түсіндір» қағидалары бойынша істейтін қағидаттар АХҚО-ның орнықты ұзақ мерзімді табысына ықпал ете отырып, директорлар кеңестері мен жекелеген директорлардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және ой-өрісіне әсер етуге арналған.

Инвесторлар мен басқа да мүдделі тараптардың сенімін қамтамасыз етудегі корпоративтік басқарудың тиісті практикасының маңыздылығын ескере отырып, АХҚО орталықтың экожүйесінде де, одан тыс жерлерде де қағидаттарды тарату бойынша жұмыс жүргізуде. Осылайша, АХҚО «Бәйтерек» ҰБХ-мен бірлесіп

жыл сайын компаниялардың орнықты және инклюзивті дамуын қамтамасыз етудегі және Қазақстанда ESG стандарттарын енгізудегі корпоративтік басқару мәселелеріне арналған Корпоративтік хатшылар форумын ұйымдастырады. 2022 жылы іс-шара «Зиянкестік тәуекелдер мен орнықтылық» тақырыбына арналды.

АХҚО-ның корпоративтік басқаруға бейілділігі корпоративтік басқарудың сенімді жүйесінде, өзектілік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін оның жүйелі түрде талдануында, сондай-ақ тиісті және орынды басқаруды ілгерілету және бүкіл ел бойынша компанияларға, мекемелерге және жеке тұлғаларға білімді тарату бойынша тұрақты практикасынан көрінеді.

АХҚО КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Компанияларды тиімді директорлар кеңесі басқарады, оның негізгі мақсаты – компанияның ұзақ мерзімді өсуі мен табысына, кірістілікке қол жеткізуіне және оның акционерлері үшін компанияның құнының артуына, егер компания қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын болса, оның бүкіл елдің орнықты экономикалық дамуына үлес қосуына жәрдемдесу.
2. Компанияларды компанияның тиімді және орынды басқарылуына жауапты директорлар кеңесі басқарады.
3. Директорлар кеңесі компанияның миссиясын, мақсатын, құндылықтары мен стратегиясын айқындайды және олардың компания мәдениетіне сәйкес келетінін растайды.
4. Директорлар кеңесі компанияда этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын белгілейді, ал оның мүшелері оларды қатаң сақтауы керек. Компания басшылығы осы стандарттарды компанияның ішінде жаппай сақталуына жауапты.
5. Директорлар кеңесі атқарушы емес директорлар мен атқарушы басшылық арасындағы міндеттерді нақты бөлуді қамтамасыз етеді, ешбір тұлғаның дербес шешім қабылдауда шектеусіз өкілеттігі жоқ.
6. Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің саны бойынша орынды, тиісті білімі мен құзыретке ие, бірақ

7. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде компания қызметі туралы дағдылардың, тәжірибенің, тәуелсіздік пен білімнің тиісті теңгерімі, сондай-ақ жеткілікті ресурстар, соның ішінде қажет болған жағдайда сараптамаға қолжетімділік және компания қызметіне қатысты уақтылы және жан-жақты ақпарат бар.
8. Директорлар кеңесі тиімді ішкі тәуекелді бақылауды және есептілікке қойылатын талаптарды қамтамасыз ете отырып, компанияның қаржылық және басқа есептері компанияның қаржылық жағдайы мен келешегі туралы нақты, теңдестірілген және қолжетімді бағалауы екенін кепілдендіреді.
9. Директорлар кеңесі өз стратегиялық мақсаттарына жетуі үшін қабылдауға дайын болатын компанияның тәуекел-тәбетін анықтауға жауапты.
10. Директорлар кеңесі компанияда тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың және комплаенстің тиімді, ұйымдасқан және дұрыс біріктірілген жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ



11. Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен директорларының қызметін жыл сайынғы қатаң бағалаудың жүргізілуін Директорлар кеңесі қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің жыл сайынғы бағалауы оның құрамы мен тиімділігін бағалауын қамтуы керек. Директорларды жеке бағалау олардың кеңес пен оның комитеттерінің жұмысына қосқан үлесін анықтауы керек.
12. Директорлар кеңесінде директорлар мен басшыларға сыйақы төлеуге қатысты саясатты әзірлеудің ашық рәсімі бар. Ешбір директор өзінің сыйақысы туралы шешім қабылдауға қатыспауы керек.

13. Директорлар кеңесі сыйақы бойынша саясаттың стратегиялық мақсаттар шеңберінде компанияның дамуын қолдау үшін әзірленуін және компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС БАСШЫЛЫҒЫ

**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ**

ТӨРАҒА
Қазақстан Республикасының Президенті

**ӘЛИХАН
СМАЙЫЛОВ**

ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

**СЭР СУМА
ЧАКРАБАРТИ**

ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Қазақстан Республикасы Президентінің Экономикалық даму және басқару жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес Төрағасының орынбасары

АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

**РЕНАТ
БЕКТҰРОВ**

АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

АХҚО ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ

 **Authority**

**ЕРНҰР
РЫСМАҒАМБЕТОВ**
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

**НҰРХАТ
КӨШІМОВ**
БАС ДИРЕКТОР

 **AFSA**

**ЛОРД
МАНС**
АХҚО СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

**ТОМАС
КРЮММЕЛЬ**
ХТО ТӨРАҒАСЫ

 **Court**

 **IAC**

КРИСТОФЕР КЭМПБЕЛЛ-ХОЛТ
АХҚО СОТЫ МЕН ХТО-НЫҢ ТІРКЕУШІСІ ЖӘНЕ АППАРАТ БАСШЫСЫ

ТӘУЕКЕЛ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

АХҚО тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделеді, ол барлық маңызды тәуекелдерге мониторинг жүргізудің міндетті рәсімдерін, сондай-ақ оларды азайту бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауды көздейді. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді жүзеге асыруға және компанияның беделіне әсер ететін жағымсыз факторларды барынша азайту мақсатында АХҚО әкімшілігі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізді және тәуекелдерді басқарудың халықаралық танылған стандартына сәйкес (COSO Enterprise Risk Management және ISO 31000: 2018 Risk Management) тәуекелдерді басқару процесін реттейтін тиісті ішкі құжаттарды бекітті. Әрбір АХҚО ұйымының директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуіне, оның ішінде оның тиімді ұйымдастырылуына, комплаенс бақылауды қамтамасыз етуге және тәуекел дәрежесінің қолайлы шекараларын анықтауға жауапты.

- Аудит және тәуекелдер комитеті – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеуді қоса алғанда, тәуекелге қатысты мәселелер бойынша консультациялар береді.
- Басқарма – тәуекелдерді басқару жүйесін енгізеді, тәуекелдерді басқару жөніндегі мерзімді есептерді қарайды және бекітеді, Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылайды.
- Тәуекелдер иелері (құрылымдық бөлімшелердің басшылары) – олардың құрылымдық бөлімшелері/функциялары тап болатын тәуекелдерді басқарады, бизнес-мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі ықтимал тәуекелдерді анықтайды және бағалайды, күнделікті қызметте бақылау рәсімдерін әзірлеу және орындау арқылы тәуекелдерді басқарады және бақылайды.

ІШКІ АУДИТ ПРОЦЕСІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) АХҚО әкімшілігі Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетіне есеп береді. ІАҚ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО әкімшілігінің ішкі құжаттарымен және ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарымен реттеледі.

ІАҚ қызметі Аудит және тәуекелдер комитетіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді қолдану арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз және дұрыс ақпарат беруге бағытталған.

- ІАҚ жылдық аудит жоспарына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді орындайды:
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқаруға қолданылатын құралдардың сенімділігі мен тиімділігін бағалау.
 - Ресурстарды қолдану өнімділігі мен нәтижелілігін бағалау.
 - АХҚО талаптарына сәйкес корпоративтік басқарумен, тәуекелдерді басқарумен және бақылаумен байланысты консультациялық қызметтер.

- Аудит және тәуекелдер комитеті келесі мәселелерді қарайды:
- Ішкі аудит туралы есеп;
 - Ішкі аудиттің аралық есептері, оның ішінде тексеріс нәтижелері бойынша елеулі қорытындылар, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарының орындалуын мониторингтеу;
 - Ішкі аудит жоспары және оған өзгерістер.

Ішкі аудит қызметінің біліктілігі халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және тиісті сертификаттармен, мысалы, Дипломды сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығының дипломымен расталған.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО-ның тәуекелдерді басқару жүйесі келесі ішкі құжаттармен реттеледі:

- Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттарын анықтауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін сипаттауды және мүдделі тараптардың рөлдері мен міндеттерін айқындауды қамтиды.
- Тәуекелдерді басқару рәсімдері тәуекелдерді басқару процестерінің сипаттамасын және тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын негізгі құралдарды анықтауды қамтиды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

МАХҚО әкімшілігінің тәуекелдерді басқару моделінде орындау үшін командалар тізбегін, есептерді талдау шекараларын қадағалау, рөлдер мен міндеттерді бөлу ұйғарылған. Басқару моделі стратегиялық пайымдау үшін «жоғарыдан төменге» және әрбір құрылымдық бөлімше жүргізетін операциялық бағалау үшін «төменнен жоғарыға» қағидаттары бойынша ұйымдастырылған. Жоғарғы басшылық жоғары деңгейдегі де, маңызды деп санайтын кез келген деңгейдегі де тәуекелді талқылауға қатысады. Мұндай құрамдас тәсіл анықталған барлық релеванттық тәуекелдерді анықтайды және басқаруға мүмкіндік береді. АХҚО әкімшілігінің тәуекелдерін басқарудағы негізгі мүдделі тараптар:

- Директорлар кеңесі – тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалайды, Саясатты бекітеді және тәуекелдерді басқару бойынша мерзімді есептерді қарайды.

ЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

АХҚО АХҚО-ның Этика кодексінде жазылған іскерлік этиканың ең жоғары стандарттары мен қағидаттарын ұстанады. Кодекстің халықаралық стандарттар мен үздік озық тәжірибелерге сәйкестігін Ұлыбританияның іскерлік этика институты растады.

Кодекс АХҚО-ның жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге бейілділігін көздейді және этикалық шешімдер қабылдау үшін басты ақпарат көзі. Кодекс мүдделі тараптар, нарық, қауымдастық және компаниямен өзара қарым-қатынаста этикалық нормалардың сақталуын қарастырады, сондай-ақ АХҚО ұстанатын бизнес жүргізудің құндылықтары мен қағидаттарын анықтайды. Кодекс құпиялылық, мүдделер қайшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сияқты маңызды мәселелерді де қозғайды.

ТАБЫС ТАРИХЫ



ANU Energy OEIC – 2021 жылы АХҚО-да тіркелген Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы физикалық уран қоры. Қордың орналасқан жері негізгі уран өндірушісі және жеткізушісі «Қазатомөнеркәсіпке» жақындығын, сондай-ақ жалпы құқық қағидаттарына негізделген тартымды юрисдикция – АХҚО алаңының орналасуын ескере отырып анықталды. Қаржы орталығының экожүйесінде инвестициялық қорлар үшін қолайлы салықтық және реттеуші режим әрекет ететінін атап өткен жөн.

Қор дамушы нарықтарға, әсіресе экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG) және таза энергия мәселелеріне көңіл бөлетін қорларға, сондай-ақ шикізат қорларына, егемен қорларға және мемлекеттік кәсіпорындарға инвестициялайтын инвесторлардың әртүрлі санаттарына тікелей қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Қордың негізгі инвесторлары – «Қазатомөнеркәсіп», Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы, сондай-ақ Genchi Global Limited (БАӘ) инвестициялық компаниясы. Қаржыландырудың бірінші раунды аяқталғаннан бері қордың активтері 2022 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 110 млн АҚШ долларынан асты.

Кодекстің ережелері:

- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңесті, АХҚО сотының төрағасын, судьяларын, тіркеушісін, сондай-ақ Халықаралық төрелік орталығының төрағасын, төрешілерін және тіркеушісін қоспағанда, АХҚО органдарына;
- АХҚО Этика кодексіне сәйкес келетін меншікті Тәртіп кодексін қабылдаған АХҚО биржасын қоспағанда, АХҚО ұйымдарына қолданылады.

АХҚО-НЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Жауапкершілік: Біз өз шешімдеріміз бен олардың салдарына, қабылдаған міндеттемелеріміз, әрекеттеріміз бен олардың нәтижелері үшін жауапкершілік қабылдаймыз.

Жоғары моральдық құндылықтарды ұстану: Біздің адалдығымызға, әділдігімізге және ашықтығымызға сенімді болғандықтан бізге сенеді. Біз іскерлік қажеттіліктерімізді және біз жұмыс істейтін барлық адамдардың мүддесін қанағаттандыратын объективті шешімдер қабылдауға міндеттенеміз.

Болашаққа бағдар: Біз көреген болуға тырысамыз және әрқашан өз іс-әрекетімізді бірнеше қадам алға жоспарлаймыз.

Ынтымақтастық: АХҚО бүкіл қауымдастығының ауқымында тігінен де, көлденеңінен де тиімді әрі нәтижелі қарым-қатынаспен қатар командалық жұмыс айрықша бағаланады.

ЭТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ

Орталықта этикалық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында Этика бағдарламасы әзірленді, оны арнайы АХҚО Этика мәселелері жөніндегі команда жүзеге асырады, оның құрамына Этика мәселелері жөніндегі басшы мен әрбір АХҚО органының және олардың ұйымдарының этика жөніндегі уәкілдері кіреді. Команданың мақсаты – әртүрлі жағдайларда АХҚО-ның түйінді құндылықтарын, этикалық хабардарлықты және бағдарламаны дәйекті жүзеге асыруды сақтау басымдығы болып табылатын іскерлік мәдениетті ілгерілету.

Жыл сайын бағдарлама шеңберінде АХҚО-дағы этикалық мәдениет деңгейін, бағдарламаның туралы хабардарлықты, коммуникация деңгейін арттыруды, сондай-ақ ашық диалог пен басшылыққа сенімге ықпал етуді мақсат етіп қоятын іс-қимылдар жоспары әзірленеді.

Іс-қимылдар жоспарына сәйкес АХҚО әкімшілігі Бұзушылықтар туралы ақпараттандыру тәртібі жөніндегі саясатты бекітті. Бұл саясат Этика кодексінде баяндалған АХҚО қызметін жүргізудің түйінді құндылықтары мен қағидаттарын, сондай-ақ компанияның қызметкерлерді міндетті түрде жан-жақты зерттеуі керек орын алған бұзушылықтарға қатысты пікір білдіруге және алаңдаушылықтарын бөлісуге ынталандыратын корпоративтік мәдениетті құруға деген бейілділігін нығайту мақсатында әзірленген. АХҚО бұзушылықтарды ерте анықтау және хабарлау қызметкерлердің сенімін сақтау және жоғары моральдық құндылықтарға бейілділігі деңгейіне тікелей байланысты екенін мойындайды.





06. ҚОСЫМША

АХҚО-ДА БИЗНЕС АШУ

АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ БАЗАСЫ



Авторизация және тіркеу туралы ақпарат алу үшін АХҚО әкімшілігінің Қатысушыларды қолдау және тарту департаментіне хабарласыңыз:

BCS@AIFC.KZ

АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ


АХҚО-НЫҢ БИЗНЕС ҚОҒАМДАСТЫҚҚА ҰСЫНАТЫН МҮМКІНДІКТЕРІ

АХҚО ЮРИСДИКЦИЯСЫНЫҢ БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚТАР ҮШІН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АХҚО ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК ОРГАНДАРЫ

АХҚО КЕШЕНІ

АХҚО БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ



<https://authority.aifc.kz/kz>
info@aifc.kz



<https://afsa.aifc.kz/kz>
info@afsa.kz



<https://court.aifc.kz/kz>
info@aifc-court.kz



<https://iac.aifc.kz/kz>
info@aifc-iac.kz



<https://aix.kz/kk/home-kk/markets@aix.kz>

ГЛОССАРИЙ

AAOFI	Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит ұйымы	ESG	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару	LSE	Лондон қор биржасы	ЕО	Еуропалық Одақ
ACCA	Қаржы, есеп және аудит саласындағы кәсіби мамандарды біріктіретін сертифицирталған бухгалтерлердің халықаралық қауымдастығы	ESMA	Еуропалық бағалы қағаздар мен нарықтар басқармасы	MOEX	Мәскеу қор биржасы	ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
AIFC	«Астана» халықаралық қаржы орталығы	ETN, ETF	Биржалық ноталар, биржалық қорлар	MoU/ММoU	Өзара түсіністік туралы меморандум / Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум	ЖДҚ	Жаһандық депозитарлық қолхаттар
AIFM	Баламалы инвестициялық қорлардың басқарушылары	EXPAT CENTRE	АХҚО Экспат орталығы	MSCI	Morgan Stanley Capital International қор индексі	ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
AIX	«Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы	FATF	Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы	NCOC	North Caspian Operating Company	ЖҚО	АХҚО Жасыл қаржы орталығы
AIXQI	АХҚО биржасының индексі	FEAS	Еуро-Азия қор биржалары федерациясы	OECD	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы	ЖСН	Жеке сәйкестендіру нөмірі
AIX CSD	АХҚО биржасының Орталық депозитарийі	FinCoNet	Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйым	PMI	Жобаларды басқару институты	ЖТС	Жеке табыс салығы
AFD	Astana Finance Days АХҚО конференциясы	FinTech	Қаржылық технологиялар	REMS	АХҚО Биржасы Өңірлік акциялар нарығы сегменті	ИБДҚ	Интернет-бастамаларды дамыту қоры
AFIR	Сақтандыруды қадағалау органдарының Азия форумы	FinTech Lab	АХҚО Қаржы технологиялары саласындағы реттеуші құм алаңы	SPO	Қайталама жария орналастыру	ИДБ	Ислам даму банкі
AFSA	АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет	FRM	Қаржылық тәуекел-менеджмент саласындағы халықаралық сертифицирталу	TABYS	Бөлшек инвесторларға арналған мобильді қосымша	ИАҚ	Ішкі аудит қызметі
API	Application Programming Interface	FTSE	Financial Times Stock Exchange қор индексі	UNDP	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	КТС	Корпоративтік табыс салығы
AUM	Басқарудағы активтер	GFC	Жасыл қаржы орталығы	UNEP FI	БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы	ҚКК	АХҚО Құқықтық-консультативтік кеңесі
AUTHORITY	АХҚО әкімшілігі	GFCI	Қаржы орталықтарының жаһандық индексі	USD	АҚШ доллары	ҚКҚ	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
AWS	Amazon Web Services	GFI	Жаһандық финтех индексі	VC	Венчурлық капитал	ҚҚС	Қосылған құн салығы
BCBS	Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті	GFIN	Қаржылық инновациялардың жаһандық желісі	W4E	Бизнесітегі әйелдер үшін білім және инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі бастама	ҚМ	Қаржы министрлігі
BCPD	Үзіліссіз кәсіби даму бюросы	GGFI	Жасыл қаржының жаһандық индексі	WAIFC	Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсы	ҚМА	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
BRI	«Белдеу және Жол» бастамасы	GIEI	Ислам экономикасы жөніндегі елдік индексі	WIW	Инвесторлардың халықаралық апталығы	ҚНРДА	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
BSCEE	Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің банктік қадағалау органдарының тобы	GIFA	Ислам қаржысы саласындағы марапат	WIP	Төртінші өнеркәсіптік революция	ҚР	Қазақстан Республикасы
СВІ	Климаттық облигациялар бастамасы	GIFR	Ислам қаржысы жөніндегі жаһандық есеп	4ӨР	Төртінші өнеркәсіптік революция	Орталық Азия	Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан
CEET	Орталық және Шығыс Еуропа, Закавказье	GIP	Жасыл инвестициялар қағидаттары	АДБ	Азия даму банкі	ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
CFA	Қаржы және инвестиция саласындағы халықаралық сертифицирталу	HMRC	Ұлыбританияның Корольдік салық және кеден қызметі	АЖ/ТҚҚІ	Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл	ТМК	Тау-кен металлургиялық кешен
CGI	Дипломдық басқару институты	HRCI	Кадрлық персоналды аттестаттау және оқыту жөніндегі халықаралық сертифицирталу институты	АКШ	Америка Құрама Штаттары	ТМҰ	Түркі мемлекеттерінің ұйымы
CIA	Ішкі аудит саласындағы халықаралық сертифицирталу	IAC	Халықаралық төрелік орталығы	АӨК	Агроөнеркәсіптік кешен	ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
CIBAFI	Ислам банкері мен қаржы институттарының Бас кеңесі	IAIS	Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдарының қауымдастығы	АХҚО/Орталық	«Астана» халықаралық қаржы орталығы	ҮҚДБ	Үзіліссіз кәсіби даму бюросы
CIMA	Басқарушы қаржылық есеп саласындағы мамандардың халықаралық қауымдастығы	ICMA	Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы	АХҚО әкімшілігі	«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі»	ҰЭМ	Ұлттық экономика министрлігі
CMC	Басқарушылық консультациялау саласындағы халықаралық сертифицирталу	ISDA	Халықаралық своптар мен деривативтер қауымдастығы	АХҚО комитеті	АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті	ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
COURT	АХҚО соты	ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы	БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері	ХТО	Халықаралық төрелік орталығы
CRF	Корпоративтік тіркеушілер форумы	IFSB	Ислам қаржысы қызметтері жөніндегі кеңес	БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы	ШОБ	Шағын және орта бизнес
CSRC	Қытайдың бағалы қағаздарды реттеу жөніндегі комиссиясы	IOSCO	Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы	БҰҰ ОДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттары	ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
EMMoU	Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандум	IPO	Бастапқы жария орналастыру	БҰҰ ДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
ERP	Энергетика саласындағы тәуекел менеджерлеріне арналған халықаралық сертифицирталу	IT	Ақпараттық технологиялар	ДЭФ	Дүниежүзілік экономикалық форум	ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
		KASE	Қазақстан қор биржасы	ЕАДБ	Еуразия даму банкі		
		KERC	Kazakhstan Energy Reinsurance Company	ЕАЭО	Еуразия экономикалық одағы		
				EAT	Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топ		

